

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 81:070 (043)

Қолжазба құқығында

ТАУБАЛДИЕВМЕЙРАМБЕКЕРЛАНҰЛЫ

Телевизиялық журналистика терминжүйесін біріздендіру

8D02303 – Лингвистика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының
кандидаты
М.К.Мамбетова

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD докторы Сема Аслан Демир
(Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	4
КІРІСПЕ	7
1 ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ	15
1.1 Тележурналистика терминологиялық жүйесінің қазіргі жағдайы.....	15
1.2 Тележурналистика терминологиялық жүйесінің тілдік ерекшеліктері.....	24
1.3 Қазақ тіліндегі тележурналистика терминдерінің тақырыптық жіктелімі.....	27
1.4 Қазақ тіліндегі тележурналистика терминдерінің жұмсалым өзгешеліктері: статистикалық зерттеу.....	30
2 ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ТЕРМИНДЕРІН БІРІЗДЕНДІРУ ҮДЕРІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	42
2.1 Тележурналистика саласындағы жаңа терминологиялық лексиканы аудару және көпнұсқалылық мәселелері.....	42
2.2 Тележурналистика саласында терминдену арқылы жасалған терминдердің біріздендірілуі.....	55
2.3 Тележурналистика саласындағы морфологиялық терминжасам нәтижелерін біріздендіру.....	66
2.4 Тележурналистика терминологиялық жүйесіндегі күрделі терминдердің біріздендірілуі.....	74
3 ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ТЕРМИНДЕРІНІҢ БІРІЗДЕНДІРІЛГЕН «QAZTVTERMIN.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ СӨЗДІГІ	89
3.1 Электрондық терминографияның біріздендіру мәселесіндегі маңызы.....	89
3.2 Телевизиялық журналистика терминдерінің электрондық сөздігінің техникалық сипаттамасы.....	92
ҚОРЫТЫНДЫ	100
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	102
ҚОСЫМШАЛАР	115
ҚОСЫМША А	115

ҚОСЫМША Ә.....	123
ҚОСЫМША Б.....	125
ҚОСЫМША В.....	127
ҚОСЫМША Г.....	128

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

Аббревиатура – белгілі бір сөз тіркесінің басқы әріптерінен не буындарынан жасалған күрделі қысқарған сөз.

Аналитикалық форма – құрамы негізгі атауыш және көмекші жеке сөздерден тұратын грамматикалық форма.

Әдеби тіл – тілдің белгілі мөлшерде нормалық белгілері қалыптасқан, қызметі әр жақты, стиль жағынан сараланған түрі.

Будан терминдер – бір бөлігі өзге тілден енген, ал екінші бір бөлігі қабылдаушы тілге аударылған немесе байырғы сөз болып келетін терминдер.

Біріздендіру – әртүрлі ұлттық тілдердегі терминдермен аталатын ғылыми және техникалық ұғымдардың сәйкес келуі.

Вариант терминдер – терминнің формасын түрлендіру жолы арқылы пайда болған синоним терминдер.

Ғаламның ғылыми бейнесі – жай ғана ғылыми көзқарастар тізбегі емес, негізгі табиғи ғылыми ұғымдар мен қағидаттардың синтезі және жалпылануы нәтижесінде пайда болатын әлемнің заңдылықтары мен жалпы қасиеттері жайындағы біртұтас көзқарастар жүйесі.

Дефиниция – белгілі бір термин не сөз арқылы бейтаныс басқа терминнің мағынасын ашу, зерттеу объектісіне сипаттама беру, пайымдау.

Жаңа термин – жаңа ұғымдардың атауы ретінде жасалып қолданысқа енген немесе бұрыннан бар ұғымның жаңа атауы ретінде ұсынылған термин.

Жиілік – белгілі бір терминнің тілде қолданылу, таралу жиілігінің көрсеткіші.

Идиолекті терминдер – жеке қолданыстағы, авторлық терминдер.

Изафет – екі сыңары да зат есім болған есім анықтауыштық сөз тіркесі, атрибутивті құрылымдардың типін білдіретін термин.

Иллюстративті (көрнекі) терминологиялық сөздік – ұғымның анықтамасын толықтырып, арнаулы ұғым жөнінде жан-жақты немесе қосымша мәлімет беру мақсатында көрнекі әдіс пайдаланылып, сурет, сызба, фото сияқты түрлі бейнелер беріліп отыратын терминологиялық сөздік түрі.

Инварианттылық – фонетикалық, графикалық, морфологиялық, сөзжасамдық және синтаксистік варианттардың болмауы.

Калькалау – басқа тілдің лексика-семантикалық, лексика-синтаксистік үлгілерін қабылдау арқылы жаңа сөздер, жаңа синтаксистік құрылымдар жасау.

Кәсіби лексика – белгілі бір мамандық немесе кәсіп иелерінің тіліне тән, жалпы халық қолданбайтын сөздер мен сөз тіркестері.

Квантативті варианттар – сыңарларының саны әртүрлі болатын жарыспалы нұсқалар.

Кодификация – тілдің нормалық қалыпқа түскен үлгілі нұсқасын сөйлеуде, жазуда үнемі сақтап, қайталап отыруды қамтамасыз ететін ережелер

жиынтығы. Кодификацияланған әдеби норма грамматикаларда, сөздіктер мен анықтамалықтарда беріледі, нормалар өзгеріске түскен жағдайда редакцияланып отырады.

Кірме термин – бір тілден екінші бір тілге енген тілдің элементі (сөз, морфема, синтаксистік құрылыс және т.б.) алмасқан термин.

Композит – екі элементтен тұратын бір күрделі сөзді құрайтын термин сөз.

Қолданыстағы термин– тыйым салынған, алмастырылған және көнерген терминдер қатарына жатпайтын, қазіргі ғылым тілінде бірізді қолданылып жүрген термин.

Метадиалект термин – белгілі бір ғылыми мектеп өкілдері немесе ғылыми ұжым ғана қолданатын термин.

Неоним – ұжымдық түрде, мамандар тобы жасаған тілдік таңба. Көбінесе оның тілге енуінің уақыты лексикографиялық тұрғыдан белгілі болады.

Номен – көзге көрінетін және қабылданатын затты белгілейтін, алайда оның басқа заттармен қатынасы мен классификациялық жүйедегі нақты орнын көрсетпейтін лексикалық бірлік.

Өріс – белгіленуші құбылыстардың ұғымдық, заттық немесе қызмет ұқсастығын көрсететін және мазмұн ортақтығына біріктірілген тілдік бірліктердің жиынтығы, өзіне тән барлық қасиеттерін сақтай алатын терминнің «өмір сүру» аймағы.

Салалық терминологиялық сөздік – белгілі бір арнаулы саланың терминдерін қамтитын сөздік, «салалық сөздік» деп те аталады.

Сандық тәсілдер – тіл мен сөйлеуді зерттегенде қолданылатын өлшеулер мен есептеулер.

Сөзжасам – тіл білімінің жаңа мағыналы туынды сөздердің жасалу тәсілдерін, қалыптасуы мен мағыналық дамуын зерттейтін саласы. Зат не құбылыс туралы ұғым тілде таңбаланып, сөзжасамдық процесс негізінде атау ретінде танылады. Сөзжасамның зерттеу нысанына туынды сөздің жасалу сипаты, әдіс-тәсілдері, жаңа мағынаның ішкі құрылымы, атаудың қалыптасуы, ұғымда қалыптасқан бейненің тілдік таңбасы және т.б. жатады.

Стандартталған термин – ресми терминологиялық стандарттарға енгізілген термин. Мұндай терминдерді бірізді қолдану жалпыға бірдей міндетті деп саналады.

Термин – тілдің номинативтік бірлігі.

Терминалдыатаулар – жаңа пайда болған ұғымдарды атау үшін пайдаланылатын, алайда терминге қойылатын негізгі талаптарға жауап бермейтін (көбінесе бірнеше сөзден құралып, ықшамдылық талабына жауап бермейтін) арнаулы лексемалар.

Терминография – терминтанудың арнаулы сөздіктер түзудің жалпы әдіснамасы мен нақты тәсілдерін жасауды, терминологиялық сөздіктерді түріне қарай топтастыру мен жіктеудің қағидаттарын әзірлеуді, жекелеген типтегі сөздіктерге арнаулы лексиканы таңдап алу мен оларды сөздікте берудің,

сипаттаудың, мағынасын түсіндірудің ғылыми негізделген қағидаттарын жасауды қарастыратын саласы.

Терминология – терминдер саналы икемдеуге және реттеуге оңай өнімді лексиканың ерекше секторын құрайтын, өндірістің, қызметтің, білімнің сапасындағы терминдердің жиынтығы.

Терминүлгі – туыстас, іргелес ұғымдардың өзара байланысын, бір-біріне сатылық бағыныстылығын тілдік тұрғыдан құрылымдық және мағыналық жүйелілікті сақтай отырып көрсету мақсатымен жасалатын, арнаулы лексикадағы ұдайы қайталану үрдісіне сәйкес қалыптастырылатын терминжасам үлгісі.

Терминделу – терминделуші ұғымның өз таңбалаушысын тауып, тілдік формаға ие болуы, сөзбен белгілену процесі.

Терминдену – тілдің жалпы лексикасынан немесе арнаулы лексикасынан терминделуші ұғымға сәйкес келетін сөзді тауып, оны сол ұғым қатысты болатын терминологиялық өріске өткізу арқылы аталған ұғымның атауы ретінде оған терминдік мағына жүктеу процесі.

Терминжүйе – әліпби бойынша емес, белгілі бір ғылымның ұғымдарын классификациялау бойынша реттелген терминдердің жиынтығы.

Терминологиялық аталым – тілдік аталыммен тығыз байланысты болатын ғылым мен техниканың арнаулы ұғымдарына атау беру үдерісі.

Термин ұялылығы – терминологиялық жүйе ішінде тектес терминдердің болуы.

Терминқор – белгілі бір ұлттың тіліндегі барлық арнаулы салалардың қалыптасқан, қолданыстағы терминдерінің жиынтығы. Бұл ұғымды білдіру үшін «ұлттық терминқор» термині де жиі қолданылады.

Терминклатура – «терминдер жиынтығы» деген ұғымды білдіру үшін «терминология» терминіне жарыстырыла ұсынылған нұсқа.

Терминтоп – тақырыптық, ұғымдық тұрғыдан өзара байланысты жүз терминге дейінгі терминдердің жиынтығы.

Терминологиялық жағдаят – терминологияның жай-күйі, жасалу дәрежесі, термин шығармашылығының қағидаттары, дамуының негізгі үрдістері.

Терминологияны талдау – терминологияның кемшіліктерін анықтау мақсатымен жүргізілетін талдау, сараптау жұмысы. Бұл жұмыс – семантикалық талдау, функционалдық талдау, диахронды талдау деп аталатын үш сатыдан тұрады.

Түптермин – ғылыми кезеңге дейін пайда болған және қолданылған арнаулы лексемалар. Олар арнаулы ұғымдарды емес, арнаулы түсініктерді білдірген.

КІРІСПЕ

Қоғамдық өмірдегі құбылыстардың, саяси-мәдени жағдаяттардың әсерінен халықтың өмірінде, білім-ғылым саласында, өндірісте және т.б. салаларда пайда болған ұғымдарға жаңа атаулар беріліп отырады. Осыған орай, ұлт тіліндегі сөздердің мағынасы кеңейеді немесе бұрын-соңды болмаған жаңа сөздер қолданысқа ене бастайды. Осындай заман талабынан туындайтын жаңа атаулар мен уақыт сұранысынан қалыптасатын арнаулы сөздер пайда болған сайын үнемі зерделеп, бақылап, жүйелендіріп, жетілдіріп отыруды қажет ететін саланың бірегейі – терминология.

XXI ғасыр ғылым-білім, ақпарат заманы болғандықтан, технология мен ғылыми-техникалық прогресс нәтижелерінің үздіксіз дамуына байланысты ұлттық терминология жүйесіне жаңа түсініктердің, жаңа ұғымдардың еніп отыруы – заңдылық. Осы ретте мемлекеттік тілді ғылым мен өндіріс үдерістерінде, еліміздің ішкі, сыртқы саяси және жалпы қоғамдық өмірінде ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру мәселесі күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі болып отыр. Атап айтқанда, қоғам өмірінің мәдени, әлеуметтік, экономика, ғылым, өндіріс, ақпараттық кеңістік, қызмет көрсету және т.б. салаларындағы өзгерістер мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруды, алуан түрлі кәсіби салалық терминологиялық жүйені жетілдіруді күн тәртібіндегі маңызды мәселеге айналдырып отырғаны даусыз. Осыған байланысты халықты ақпаратпен қамтамасыз етуде маңызы зор қазақ телевизиялық журналистика саласының терминдерін қалыптастыру және біріздендіру мәселесі де айрықша мәнге ие.

Масс-медиа саласында қоғамның, ғылым-білім, өндіріс-техниканың барлық саласын қамтитын терминдік қолданыстар бекітілгенге дейін жұртшылықтың талқысынан өткізу мақсатында жүйелі түрде беріліп отырады. Бұл өз кезегінде масс-медиада жарияланатын ұсыныс-пікірлер тек тілші-ғалымдар ғана емес, сондай-ақ қарапайым жұртшылықтың да араласуы термин қалыптастырудың әлеуметтік түрткіжайт (фактор) ретіндегі рөлін, термин жасау үдерісінің шығармашылық сипатын анықтауға айрықша мүмкіндік тудырады. Бұл, біріншіден, баспасөздің термин қалыптастырудағы өзіндік ерекшелігін көрсетсе, екіншіден, жалпы терминологиялық жүйені толықтыру мен біріздендірудегі маңыздылығын танытады деп ойлаймыз. Демек, қазақ терминологиясының қалыптасуы да үздіксіз үдеріс болғандықтан, жалпы, терминдердің жасалуы кешенді талқылауды қажет ететіндіктен, мұның өзін әлеуметтік-қоғамдық сипатқа ие болып отыратынын мойындауға тиіспіз, терминдердің қалыптасуын, даму барысын, жолы мен шығу тарихын түсінуді масс-медиадан бөліп қарай алмаймыз. Өйткені қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде отандық тележурналистика саласының жаңадан қолданысқа енген тілдік оралымдарды, жаңа сөздер мен терминдерді көпшілікке таныстырудағы рөлі орасан зор.

Қазақ тіл білімінің терминология саласы қалыптасуының көш басында А. Байтұрсынұлынан бастап, Қ.Жұбанов, Е. Омаров, А. Мамытұлы,

Т. Шонанұлы, Н. Төрекұлов, Н. Сауранбаев, М. Балақаев, Қ. Шәріпов, І. Жарылғапов, Ә. Қайдар, А. Әбдірахманов, Р. Сыздық, Ө. Айтбайұлы, Б. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, А. Алдашева, Б. Момынова, С. Әлімжан, С. Исақова, Е. Әбдірәсілов, Қ. Айдарбек, Б. Жонкешов, А. Мұсағұлова және т.б. зерттеу еңбектерінде терминжасамның қағидаттары ұсынылып, терминология саласының, оның ішінде салалық терминдердің жасалуы, олардың лексика-семантикалық ерекшелігі, терминжасам әдіс-тәсілдерінің маңыздылығы айқындалғанымен, қазіргі қазақ тіл біліміндегі салалық терминжүйеге қатысты мәселелер белгілі бір деңгейде шешімін таппай келеді.

Күні бүгінге дейін тілдің лексикалық қабаттарының түрлі деңгейлерінде жатқан сөздердің ғылым тіліне айналып, ұлттық сипатының мән-мазмұнының оң сипатта өзгеруіне атсалысып келе жатқан отандық тележурналистика саласы – тілдік норманы қалыптастыруда атқаратын қызметі зор, тек мемлекеттік идеологияның қолдаушысы ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік-мәдени, рухани салаларға нәр беретін күретамыр.

Жаһандану кезеңінде тележурналистиканың технологиялық саласының трансформациялануы кәсіби лексикаға әсерін тигізбей тұрмайды. Бұл – табиғи құбылыс. Сандық технологияның өндірістік тәжірибеге енуі, тележобалардың көрнекілігі мен безендірілуінің заманауи өзгерісі, инновациялық ақпараттық жүйелер арқылы сапалы таралымы тележурналистика саласының кәсіби лексикасына, терминологиясына айтарлықтай өзгеріс әкелді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазіргі қазақ терминологиясында жалпыхалықтық қолданыстағы сөздердің терминдену және терминделу жолдарын, олардың терминқорды қалыптастырудағы рөлін, сонымен қатар кәсіби сала мамандарының жұмыс үдерісі негізінде қалыптасып жатқан терминологиялық жүйелерді зерттеу негізгі мәселелердің бірі саналады. Өйткені бұл мәселелерді зерделеу терминологиялық қорды біріздендіруге, жүйелеуге, қалыптандыруға септігін тигізіп қана қоймай, мемлекеттік тілдің ғылым-өндіріс саласындағы қолданыс аясын кеңейтудің лингвистикалық шешімін табуға бағдар беретіні сөзсіз.

Бүгінгі күнгі ақпараттық технологиялар кезеңінде интернет кеңістігінің күрт дамуы алпыс жылдан астам тарихы бар қазақ тележурналистикасының маңызын одан әрі арттырып, сонымен қатар ақпарат тарату саласының қарыштап дамуы оның терминологиялық жүйесінің кеңеюіне, сондай-ақ терминжасам амал-тәсілдері арқылы көптеген жаңа терминдердің жасалуына негіз болып отыр деп санаймыз. Оның үстіне жаһандану кезеңіндегі технология саласының трансформациялануы тележурналистика саласының «тіліне» де айтарлықтай әсер етіп отыр. Атап айтқанда, цифрлық технологияның өндірістік тәжірибеге енуі, тележобалардың көрнекілігі мен безендірілуінің заманауи өзгерісі, инновациялық ақпараттық жүйелер арқылы сапалы таралымы тележурналистика саласының кәсіби лексикасына, терминологиясына айтарлықтай өзгеріс әкелді. Дегенмен, тележурналистика терминологиясы бойынша ұлттық тілдің әлеуетін пайдаланып, терминдер жасау, қалыптастыру, реттеу, жүйелеу жұмыстарын кешенді әрі дұрыс жолға қоюға осы салаға

қатысты сөздік, анықтамалықтардың аздығы, терминдерді аудару және т.б. мәселелері кедергі болып отыр.

Осы орайда диссертациялық жұмыстың өзектілігі жаңа терминдер, соның ішінде телевизиялық журналистика саласы терминжүйесінің ерекшеліктерін (қалыптасуы, әдіс-тәсілдері және т.б.) айқындаудың қазақ лингвистикасындағы маңыздылығынан көрінеді. Сонымен қатар зерттеу барысында орыс тіліндегі жұрнақты терминдік тіркестерді қазақ тіліне аудару үдерісінде туындайтын лингвистикалық мәселелерді талдау зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің нысаны – қазақ тіліндегі телевизиялық журналистика саласының терминжүйесі.

Зерттеу жұмысының пәні – қазақ тіліндегі телевизиялық журналистика саласы терминдерінің лексика-семантикалық құрылымы, жасалу тәсілдері, қолданыстық және жүйеленім сипатын айқындау арқылы терминдерді біркелкілікке келтіру.

Зерттеудің мақсаты – телевизиялық журналистика саласы терминдерін біркелкілікке, бір формаға немесе жүйеге келтіру.

Зерттеудің міндеттері:

– қазақ тіліндегі тележурналистика терминдерінің шығу көздерін айқындау;

– телевизиялық журналистика терминдерінің саны мен сапасын анықтау;

– телевизиялық журналистика сала терминдерінің негізгі терминжасам тәсілдерін талдап, лексикалық құрамын, грамматикалық құрылымын айқындау;

– қазақ тіліндегі телевизиялық журналистика терминдеріне негізделген электрондық сөздік әзірлеу, оның құрылымы мен маңызын талдау.

Осы ретте қазақ телевизиялық журналистика саласының терминдік тіркестерінің қолданылу жиілігін, жасалу жолдарын, аудару барысындағы кемшіліктердің себептерін, балама нұсқаларын және т.б. айқындау зерттеуіміздің негізгі мақсаттарының бірі ретінде алынып отыр.

Зерттеу материалдары ретінде сұрыптау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде телевизиялық журналистика саласының терминологиялық жүйесін құрайтын қазақ тіліндегі 1000-ға жуық терминологиялық бірлік іріктеліп алынды, зерттеу жұмысында оқулықтар, ғылыми-зерттеу еңбектері, сөздіктер, аудио, аудиовизуалды материалдар пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Зерттеу барысында осы салаға қатысты мына лексикографиялық еңбектер (әртүрлі сөздіктер, анықтамалықтар және электронды базалар) пайдаланылды: Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1-15-тт.–Алматы, 2011; Қазақ грамматикасы: Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.; Қазақ тілінің сөздігі/ Жалпы ред. басқ. Т.Жанұзақов. –Алматы: Дайк-Пресс, 1999. –776 б.; Орысша-қазақша, қазақша-орысша терминдер мен атаулар сөздігі / Мемтерминком бекіткен терминдер мен атаулар сөздігі / Құраст. Ш.Құрманбайұлы, С. Сапина. –Алматы: Сөздік-Словарь, 2004.– 352 б.; Атаулар сөздігі. Алматы: «Сөздік-Словарь», 2004. – 184 б.; «Termincom.kz» электрондық базасы (1971-2020); Ағылшынша-қазақша-орысша сөздік. Журналистика мен коммуникацияға байланысты 1500-ден астам

сөз бен термин: оқу-әдістемелік құрал / Құраст.: Д. Баймолда, Р. Ахмет. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 113 б.; Б. Қалдыбай. Үлкен қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік. Алматы: «Алтын қазына», 1999. – 704 б.; Тулупов В.В., Колосов А.А., Цуканова М.М., Сапунов В.И., Бобряшов А.А. Техника и технология СМИ: печать, радио, телевидение, интернет. Учебник /Под ред.: В.В.Тулупова – Спб.: Издательство Михайлова В.А., 2008. – 320 с.; Джанет Джнес, Ли Салтер К. Сандық журналистика / Д. Джонс, К.Ли Салтер. - Алматы, 2014. – 280 б.; Barlybayeva S. TV and radio journalism: educational manual / S. Barlybayeva. – Almaty: Qazaq university, 2019.-164 p.; Тұрсын Қ. Масс-Медиа: Анықтамалық оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 267 б.; Sultanbayeva G.S. Political communication in Mass media: /G.S. Sultanbayeva, trans. L.Yu. Mizzoyeva. – Almaty: Qazaq university, 2015. – 374 p.; Тұрсын Қ., Нұсқабайұлы Ж. Теледидар сөздігі – тележурналист анықтамалығы. – Алматы: «Білім», 2001. – 380 б.; Әбілдина Ғ. Экран өнері және БАҚ. Қазақша-орысша терминологиялық сөздік: 11000-ға жуық сөз бен сөз тіркесі / Ғ. Әбілдина. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. 1 т. – 214 б.; Mass media және телекоммуникация терминдерінің қазақша-орысша-ағылшынша анықтамалық сөздігі. Казахско-русско-английский справочный словарь терминов Mass media и телекоммуникций. Kazakh-russian-english references glossary Mass media and telecommunications. Редактор-құраст.: Қ. Тұрсын – Алматы, «Қазақэнциклопедиясы» баспасы, 2015. – 632 б.; «Ханзуша-қазақша арнаға түсірілген атау-телімдер сөздігі». – Шыңжаң ғылыми-техника баспасы /ШҰАР Ұлттар тіл-жазу комитеті/ – 2008; Kenan Koç, Ayabek Bayniyazov, Vehbi Başkaran. Kazak türkçesi – Türkiye türkçesi sözlüğü. Қазақша-түрікше сөздік (30 мың сөз бен сөз тіркесі қамтылған). – Ankara, 2019. - 715 б.; Levend Kiliç. Fotograf ve sayasal görüntü terimleri sözlüğü. – Ankara, 2019. -295 p.; Selami Aydın. Televizyon terimleri sözlüğü (İngilizce-Türkçe). – İstanbul, 2000. – 187 p.; Trt akademi. Dijital medya. Hakemli Dergi Cilt 1 Sayı 2 Temmuz 2016 ISSN 2149-9446.

Сонымен қатар «Хабар» телеарнасының кәсіби мамандарының қатысуымен түсірілген телевизиялық жұмыс үдерісі барысында сөздіктерге енгізілмеген жаңа қолданыстар мен термин сөздер жазып алынды, интернет ресурстары мен әлеуметтік желілерде жарияланған аудио, аудиовизуалды материалдар іріктеліп алынды.

Зерттеу жұмысында қолданылған әдіс-тәсілдер. Зерттеу барысында синтез, индукция, дедукция, статистикалық әдіс, топтастыру, жүйелеу сияқты жалпылингвистикалық әдістермен қатар, аудармадағы морфологиялық трансформация, лексикалық және морфологиялық калькалау тәрізді жекелеген әдіс-тәсілдер, сондай-ақ әлеуметтік лингвистиканың зерттеу тәсілінің бірі – сауалнама әдісі кеңінен қолданылып, оған қатысушылардың жауаптары жүйеленіп, кесте түрінде топтастырылды, ішінара компоненттік талдау әдісі де пайдаланылды. Сонымен бірге, зерттеу барысында терминдер мағынасын айқындау мақсатында қисынды-тілдік талдауға негізделген дефинициялық, бір терминжүйеде орын алатын бірліктердің формалды парадигмаларын

құрылымдау әдістері, терминнің мәтіндегі қолданыс ерекшелігін анықтауда: мәтіннен терминге қарайғы (мәтінді терминологиялық талдау) және терминнен мәтінге қарай (терминнің мәтіндік талдауы) тәсілдері қолданылды.

Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері ретінде еліміздегі және шетелдік тілші-ғалымдардың терминология саласы бойынша, терминжүйе, терминологиялық өріс, терминдерді біріздендіру бағытындағы ғылыми еңбектері басшылыққа алынды. Терминология саласына қатысты қазақ тіл білімінің темірқазығы А. Байтұрсынұлынан бастап, Қ. Жұбанов, Е. Омаров, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, М. Балақаев, С. Бәйішев, Б. Бірімжанов, І. Жарылғапов, Ә. Қайдар, Ш. Сарыбаев, Р. Сыздық, А. Әбдірахманов, Ә. Айтбайұлы, Б. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, А. Алдашева, Б. Момынова, Е. Әбдірәсілов, Қ. Есенова, С. Исақова, Қ. Айдарбек, А. Азаматова, А. Ахметбекова, А. Шыныбекова, Н. Шенгелбаева, Р. Тұяқбаева, Г. Сүлеева, Ә. Насыритдинова, Г. Бекқожанова, Қ. Алтайбекова, Ә. Әміров, С. Ақаев, А. Исанова, Қ. Қарабаева, К. Қабатаева, Д. Бисмильдина, Е. Дәулетов, А. Досмаилова, К. Ашинова, А. Бакеева, А. Мұсағалиева, А. Мұстафаева, А. Қоңырова, Қ. Алдашева, А. Бисенғали және т.б., сондай-ақ орыс және шетел ғалымдары А.А. Реформатский, Д.С. Лотте, Г.О. Винокур, В.М. Лейчик, К.Я. Авербух, В.П. Даниленко, С.В. Гринев-Гриневич, Л.А. Капанадзе, А.В. Суперанская, Н.Н. Мелех, О.А. Алимуратов, М.Г. Павлова, О.В. Чурсин, О.В. Борхальд, М.Н. Володина, Е. Волошин, Л.В. Морозова, И.П. Смирнов, И.М. Сулова, Шмидт, Л.Гофман, О.С. Ахманова, Д.Э. Розенталь, Г.В. Строева, В.Н. Портянникова, Д.С. Шелов, В.А. Иконникова, А.В. Сложенникова, М.И. Книгницкая, Е. Вюстер, К.Л. Левковская, И.А. Ребрушкина, М.И. Фомина, D. Vestnik, O. Jespersion, T. Sue Atkins, M. Rundell, Juan C. Sager, W. Oodenough, F. Lounsbury, V. Adams, O. Akhmanova, H. Marchand, S. Colen, K. Guinagh, E. Martin және т.б. ғылыми еңбектері қолданылды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Қазақ тіліндегі телевизиялық журналистика терминдерін зерттеу барысында алынған нәтижелер мен ұсыныс-тұжырымдар қазіргі қазақ тілінің терминологиясы мен терминографиясының теориялық мәселелерін шешуде, оның негізгі қағидаттарын айқындап, жаңа мәліметтермен толықтырады деп санаймыз. Зерттеу жұмысы барысында қолданылған әдіс-тәсілдер негізінде алынған тұжырымдар терминология, терминография бойынша ғылыми еңбектер жазуға қажетті материалдар ретінде, өндірістік семинарлар мен салалық кәсіби біліктілігін арттыру курстарының әдістемелік құралдарын әзірлеуде, тренинг-интенсивте, интерактив-иллюстрация платформаларын жасауда, телевизия саласына қатысты онлайн сөздіктер жобасын іске асыруда ғылыми негіз ретінде қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы. Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР Масс медиа заңында бекітілген талаптарды іске асыру бағыты бойынша зерттеудің нәтижелері негізінде қазақ тіліндегі телевизиялық журналистика саласының www.qaztvttermin.kz онлайн сөздігі жүзеге асырылады. Салалық бағыттағы электрондық сөздік интернет

кеңістіктегі қазақ тіліндегі сапалы әрі сауатты контент жасауға зор септігін тигізеді. Әрі онлайн сөздік жұмысы мемлекеттік тілдегі салааралық терминологияның дамуына едәуір пайдасы болады деп күтілуде. Отандық телевизиялық журналистика сөздігі күнделікті өмірде, медиа саласында, техника мен технология терминдерінің бірізділігін қалыптастыруға әсер етеді, сондай-ақ сала мамандарының басын қосатын кәсіби платформа қызметін де қоса атқарады (талқылау, вакансия, ұсынымдар алаңы т.с.с.).

Зерттеу жұмысының жаңалығы. Қазақ телевизиялық журналистика терминдері тұтастай әрі жүйелі түрде қазақ тіл білімі саласында алғаш рет зерттелініп отыр. Жаһандану үрдісінің талаптарына сай тележурналистика терминдерінің дамуы мен қалыптасуын зерттей отырып, оны бір жүйеге келтіруге ұмтылыс жасалды. Телевизиялық журналистика терминдері сұрыпталып, бірінші рет ғылыми тұрғыдан талдау жасалынды. Кеңес кезеңінен бері дамып келе жатқан телевизия саласына қатысты шыққан сөздіктер мен оқулықтардағы терминдерге сипаттама беріліп, талданды.

Сондай-ақ телевизиялық журналистика терминдерінің сөзжасамдық және құрылымдық жүйесі анықталды. Лексика-семантикалық, морфология-синтетикалық және синтаксистік-аналитикалық тәсілдер негізінде жасалған терминдер сала мамандарының қатысуымен сауалнама негізінде талданып, тұжырымдалды. Бекітілген терминдер сөздігі мен шығармашылық жұмыс үдерісі кезінде қолданылатын терминдердің ара-жігі ажыратылып, тәжірибе негізінде сапалық әрі сандық талдау жасалды.

– жұмыс үдерісінде қолданылған қазақ сөздері мен орыс тілінен енген терминдер санына байланысты сапалық әрі сандық талдау жүргізілді;

– кәсіби сала мамандарының сөйлеу кезінде айтылған терминдер бірнеше топқа жіктелді (орыс тілінен енген; еуропа тілінен орыс тілі арқылы енген; гибрид терминдер; орыс тіліндегі терминдердің қазақ тілі заңдылығы бойынша жасалған терминдер және т.б.);

– салалық сөздіктердің қазақша-орысша және орысша-қазақша нұсқасында қамтылған телевизиялық журналистика терминдерінің сандық көрсеткіші сәйкес келмеуінің себептері алғаш рет анықталды;

– қазақ тележурналистикасында қолданылып жүрген тіркесті терминдердің «Termincom.kz» электрондық базасында тіркелген, яғни Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен баламаларымен, салалық терминологиялық сөздіктерде берілген аудармаларымен сәйкес келмейтіндігі анықталды.

– орыс тіліндегі тіркесті терминдердің қазақ тіліндегі баламаларына қатысты мәселелерге лингвистикалық талдау жүргізілді, себептерін нақтыланды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар. Телевизиялық журналистика саласының терминологиялық қорының әлеуетін оның сапалық көрсеткіші тұрғысынан жүргізілген тәжірибелік-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде мынадай тұжырымдар жасалды:

– тележурналистика саласының терминдер жүйесі – ұлттық терминологияның ауқымды әрі жаңа саласы саналғанымен, ғасырға жуық тарихы бар телевизияның арнаулы кәсіби тілі қалыптасып, телевизиялық журналистика «дыбыс – бейне – сөз» ұштағанынан тұратын синкретті сала болғандықтан, аталған сала мамандарының кәсіби іс-әрекетінің күрделілігі мен көпаспектілігіне байланысты сөйлеу коммуникациясы формаларының айтарлықтай өзгергіштік ерекшеліктерімен сипатталады;

– тележурналистика саласында қолданылатын қазақ терминдері мен орыс тілінен енген терминдер сандық және сапалық жағынан ерекшеленеді. Қазақ тіліндегі бес бағдарлама талдау нәтижесі: жалпы 991 термин қолданылған, оның ішінде 571 ұлттық тіл негізінде, орыс тілді термин саны – 256, еуропа тілдеріне 164 термин тиесілі. Сала мамандарының жұмыс барысында орыс не ағылшын тіліндегі терминдерді, оралымдарды, тіркестерді қолдану көрсеткіші бірте-бірте «қазақылану» үдерісі жүріп жатқанын көрсетеді. Белгілі бір уақыттан соң, орыс тілінен калькаланған қазақ тіліндегі сөздердің әлеуеті күшейе түсіп, белсенді түрде қолданылып, бірте-бірте шет тілдегі нұсқасын ығыстыра бастайтыны анықталды;

– телевизия табиғатынан туындайтын қазақ тележурналистикасының терминдер жүйесінің басқа салалық терминдерден айтарлықтай айырмашылықтары бар: тележурналистика терминдерінің көпшілігі ұлттық терминжасам негізінде жасалған тілдік бірліктер болғандықтан, жасалу жолдары біркелкі деңгейде кездеспейді. Қазақ тележурналистика саласы терминологиясының лексикалық қоры, негізінен, морфологиялық, синтаксистік тәсілдер көмегімен жасалған сөздер және кірме сөздердің есебінен толығып отырғаны анықталды. Зерттеу жұмысында қарастырылған 1000 жуық терминдердің 26,2%-ы морфологиялық әдіспен қалыптасқан терминдері екені айқындалып, осы сала терминжасамында морфологиялық-синтетикалық тәсілінің үлесі зор деген қорытынды жасалды. Ал синтаксистік тәсілмен жасалған терминдердің үлесі – 22,6%-ды құраса, кірме сөздердің пайыздық көрсеткіші 50,7%-ды құрайды.

– қазақ тележурналистикасында қолданылып жүрген тіркесті терминдердің «Termincom.kz» электрондық базасында тіркелген, яғни Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен баламаларымен, салалық терминологиялық сөздіктерде берілген аудармаларымен сәйкес келмейтіні айқындалып, орыс тіліндегі тіркесті термин қазақ тіліне әртүрлі қосымшалы тіркесті термин түрінде аударылғанда олардың әрқайсысының өзіндік жеке мағынасы болады (жарнамалық мәтін, жарнама мәтіні, жарнама мәтін), бұл қазақ тіліндегі қосымшалардың терминжасамдық ерекшеліктеріне байланысты деп санаймыз.

Зерттеудің талқыланылуы мен мақұлдануы. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда 7 ғылыми мақала түрінде жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференциялар

жинағында 2 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімге енетін журналдарда 4 мақала жарияланды:

–Terminology In Political Discourse as A Means of Language Representation of The Image of The Country // Eurasian Journal of Applied Linguistics, 10(1) (2024) p.186-198. –Impact Factor: 0.5,5-Year JIF: 0.7, SJR (SCImago Journal Rank): 0.301.

–Телевизиялық журналистика терминдерінің қазіргі қазақ тіліндегі орны // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. –№1 (75), Алматы, 2021 – Б.393-397.

–Тележурналистика терминдерінің қолданысы: статистикалық талдау және тұжырым // Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – №2 (65). – Алматы, 2022. – Б.109-129.

–Тележурналистика терминдерінің қолданысына статистикалық талдау // Al-farabi Kazakh national university Eurasian journal of Philology: Science and Education. – №4 (188), – Алматы: «Қазақ университеті», 2022. –Б.113-125.

–Тіркесті терминдерді аудару мәселелері (Қазақ тележурналистика саласының материалдары негізінде) //Еуразия гуманитарлық институты Хабаршысы6 №4/2022. – Астана, Б.55-71.

–Тележурналистика тілі: кейбір терминдерінің қолданысына статистикалық талдау // XXV Аханов оқулары Тұрақты даму: тіл, мәдениетаралық қарым-қатынас және сандық технология атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция. – Алматы, 2022. – Б.467-473.

– Телевизиялық журналистика терминдерінің қазіргі қазақ тіліндегі орны // Қазақ тіл білімі мен әдебиетінің теориялық негізін қалаған ғалым, қазақ жазуының реформаторы, ақын, аудармашы, педагог, мемлекет және қоғам қайраткері Ақымет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған «Ақымет Байтұрсынұлы – ұлттың рухани көсемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (2022 жылдың 14 сәуірі). – Алматы, 2022. – Б.232-237.

– Тележурналистика терминдерінің жасалу жолдары мен ерекшеліктері // Қазақ тіл ғылымының көрнекті өкілі, белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Сейілбек Мұхамеджарұлы Исаевтың туғанына 85 жыл толуына орай «Тілтанымдық мектеп» аясында өткен «Отандық тілтаным дамуының құрылымдық, коммуникативтік, антропоэзектік модустары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (2023 жылдың 21 сәуірі).– Алматы, 2023. – Б.269-280.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, 10 кестеден, 23 суреттен және А, Ә, Б, В, Г қосымшасынан тұрады.

1 ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

1.1 Тележурналистика терминологиялық жүйесінің қазіргі жағдайы

Кез келген тілдің уақыт талабына сай дамуының негізгі көзі – оның терминдік жүйесі. Қазіргі уақытта ұлттық терминологияның қордаланған күрделі мәселелерін тілдік тұрғыдан зерттеу де, қоғамдық негізде өзекті мәселені шешу де күнтәртібіндегі кезек күттірмейтін маңызға ие екені даусыз. Сондықтан күні бүгінге дейін терминдерді аудару, жүйелеу мен бекіту, сонымен қатар барлық ғылым саласы мен өндіріс қызметіне енгізу, оларды қадағалап отырудың жүйелі тетігін ұйымдастыру-үйлестіру, сондай-ақ терминологияның басқа да мәселелеріне қатысты осыған дейінгі жинақталған іс-тәжірибелерімізді зерделей отырып, кешенді ғылыми талдаулар жасаудың маңызы зор.

Масс-медиа кеңістігінде қоғамның, ғылым-білім, өндіріс-техниканың барлық саласына қатысты терминдер мен терминдік топтар жұртшылық талқысынан өтіп, бекітілгенге дейін жүйелі түрде беріліп отырады және оларды көпшілікке таныстырып, үйрету мақсатында талқыға ұсынылуы шешуші рөл атқарады. Бұл өз кезегінде ақпарат құралдарында жарияланатын ұсыныс-пікірлер тек тілші-ғалымдар ғана емес, сондай-ақ қарапайым жұртшылықтың да араласуы термин қалыптастырудың әлеуметтік фактор ретіндегі рөлін, термин үдерісінің шығармашылық сипатын анықтауға айрықша мүмкіндік тудырады. Бұл, біріншіден, баспасөз термин қалыптастырудағы өзіндік ерекшелігі болса, екіншіден, жалпы терминологиялық жүйенің толығыуы мен біріздендірудегі маңыздылығын танытады деп ойлаймыз.

Қазақ терминологиясының қалыптасуы үздіксіз үдеріс болғандықтан және жалпы терминдердің жасалуы кешенді талқылауды қажет ететіндіктен, мұның өзін әлеуметтік-қоғамдық сипатқа ие болып отыратынын мойындауға тиіспіз, терминдердің қалыптасуын, даму барысын, жолы мен шығу тарихын түсінуді БАҚ-тан бөліп қарай алмаймыз [1, 4].

Терминология саласын когнитивті лингвистика, прагматика тұрғысынан зерттеуді ұсынған Б.Шустер, терминографияның негізгі міндеттерін онтологиялық деңгейлер бойынша сипаттаған С.Шелов, терминологиялық дискрустағы арнаулы ұғымдарды анықтауға қатысты зерттеу жүргізген Фабердің ізденістері, терминдердің «өмір сүру» цикліне қатысты Э. Рохлина зерттеулері, Зоррилла-Агуттың әлемдегі ең ірі терминологиялық мәліметтер базасы жөніндегі талдаулары, Ч.Роченің электронды терминологиялық ресурстарға қатысты ғылыми жұмыстары, зерттеуші М.Хаспелмастың белгілі бір тілдердегі туа біткен құрылыс блоктарының гипотетикалық жиынтығына арналған еңбектері, ғалым А.Репердің терминжүйені жүйелеу, біріздендіру мәселесіне қатысты ой-тұжырымдары, Л.Беллдің терминдерді ұлттық-құқықтық жүйелерге көшіру мәселесі мен әдістер бойынша жасалған ғылыми жұмыстары, тілші-ғалым К.Куннигхемнің ағылшын тіліндегі қысқарған терминдердің аббревиатурасына қатысты доминант тіл мен мәртебесі төмен тіл

арасындағы иерархиялық қатынастарға байланысты қайта конфигурациялау ұсынысы, терминолог-ғалымдар Левенд Кылыч, Селами Айдынның терминологиялық сөздік жасаудың алғышарттары жайлы пікірлерітерминжасам саласына жаңа міндеттер жүктейді. Сонымен қатар терминдердің мәні мен маңызын, оны зерттеудің ғылыми негізін анықтауда Г.Винокур, А.Реформатский, Д.Лотте, В.Виноградов, Н.А. Баскаков, М. Гасымов, Т.Канделаки, Л. Скворцов және т.б. тілші-ғалымдардың рөлі айрықша болды.

Терминдердің мәні мен маңызын, оны зерттеудің ғылыми негізін анықтауда Г.Винокур, А.Реформатский, Д.Лотте, В.Виноградов, Н.А.Баскаков, М.Гасымов, Т.Канделаки, Л.Скворцов және т.б. тілші-ғалымдардың рөлі айрықша болды.

Қазақ тіл білімінің терминология саласы қалыптасуының көш басында А.Байтұрсынұлынан бастап, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, А.Мамытұлы, Т.Шонанұлы, Н.Төреқұлов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Қ.Шәріпов, І.Жарылғапов, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, А. Әбдірахманов, Ө.Айтбайұлы, Б.Қалиев, Ш.Құрманбайұлы, С.Исақова, Қ.Айдарбек, С.Ақаев, Е.Әбдірәсілов, Б.Жонкешов, А.Азаматова, А.Ахметбекова, А.Мұстафаева, А.Мұсағұлова, А.Баекеева, Г.Бекқожанова, А.Шыныбекова, Г.Сүлеева, Ә.Насыритдинова, Қ.Айсұлтанова, Қ.Алтайбекова, Ә.Әміров, Е.Дәулетов, А.Досмаилова, Жанет Джнес, Ли Салтер, А.Құрманбаева, А.Бисенғали, Н.Абдуллина және т.б. зерттеушілерді атасақ болады.

«Термин» ұғымы осы уақытқа дейін зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне шолу жасап, ғылыми ортада белгілі кейбір маңызды тұжырымдарға тоқталып өткеніміз жөн деп есептейміз. Көрнекті тілші-ғалым О.Ахманова: «Термин дегеніміз – арнайы ұғымдар мен арнайы заттарды дәл белгілеу үшін жасалған тілдегі арнайы (ғылыми, техникалық т.б.) сөздер мен сөз тіркестері», – десе [2, 474], ғалым В.Прохорова: «термин – арнаулы қолданыс саласындағы ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғымның атауы болып табылатын және дефинициясы бар сөз немесе сөз тіркесі», – деп түйіндейді [3, 401].

Ғалым Д.Ушаковтың айтуынша, «термин – нақты анықталған ұғымның атауы болып табылатын сөз. Әлдебір ортада әлденені, мамандықты белгілеу үшін қабылданған арнайы сөз немесе сөз тіркесі» [4, 689]. Сондай-ақ А.Суперанскаяның пікірінше, «термин – кәсіптік білімнің белгілі бір саласындағы ұғымдар жүйесіне енетін ұғымды сөзбен таңбалау» [5, 14].

XX ғасырдың 10-30-жылдарының екінші жартысында жарық көрген: А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кеменгерұлы, Е.Омарұлы, Ж.Күдерин, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, Н.Төреқұлұлы, Т. Шонанұлы, Ғ.Қараш және т.б. алғашқы ұлт зиялыларының еңбектері қазақ тілінде ғылым тілі мен терминологиясының қалыптасуының іргетасы саналады. Әсіресе қазақ терминжасамының түпқазығы болып табылатын А.Байтұрсынұлы еңбектері жүйелі сипатымен, нақты дәйектілігімен, ғылыми қисындылығымен, өміршең қағидатымен ұлттық терминологияның темірқазығына айналып отыр. Сөзіміздің айқын дәлелі – ғалымның «Оқу құралы» және «Тіл-құрал» оқулықтарындағы дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс,

бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, жақша, сызықша, буын және т.б. терминдер күні бүгінге дейін қолданылып жүр және бұдан әрі де ұрпақтан ұрпаққа жалғасатынына күмәніміз жоқ. Ендеше, сәтті жаңа қолданыс, терминнің сәтті табылған төл тілдік баламасы болсын, танымдық тірегі – ана тілінің өз мүмкіншілігін сарқа пайдалану, ұлттық танымға негіздеу. Шын мәнісінде, соны талғам мен шексіз шеберліктен туындайтын күрделі жұмыс – жаңа ұғымдарға ат қою, жаңа сөз жасау.

Ахмет Байтұрсынұлы сөзжасам тәсілдерін анықтап қана қоймай, ол тәсілдерді терминжасамда пайдалана білді. Оған негіз болған бір-ақ нәрсе: ұлт тілінің болмысы және төл тілдің танымдық сабақтастығы. Ғалым 1926 жылы Бакуде ұйымдастырылған Бүкілодақтық түркологтардың алғашқы съезінің материалдарымен қазақ жұртшылығын таныстыру мақсатымен жазған «Түрікшілер құрылтайы» атты мақаласында [6, 325], қазақ терминологиясын қалыптастыруда қазақ тілінің өз мүмкіншілігін толық пайдалану және интернационалдық терминдерді қолдану тәсілдері туралы кеңірек баяндайды.

1924 жылы Орынбор қаласында өткен «Қазақ білімпаздарының бірінші сиезінде» қабылданған қағидаттарының бірінде: «Жалпы қолданыстағы әлем терминдерін қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгерістермен қабылдауға болады. Жалпы қолданыстағы терминдер деп қазіргі заманғы жалпы тілдерге таралған Еуропа терминдерін айтамыз. Барлық кірме терминдер қазақ тілінің заңдылығына бағынуы тиіс, яғни бұл сөздерге біздің тіліміздің дыбыстық заңдылықтары үстемдік етуі қажет. Бұл – шетелдік сөздерді өзіміздің сөзіміз ету үшін керек», – [6, 432] деп, терминдерді ұлттық тілге бейімдеу, қолдану, қабылдау жөніндегі алғашқы қадам жасалғанын аңғарамыз. Ахмет Байтұрсынұлы сол съездегі баяндамасында ұлт тілінің табиғатына сәйкес келмейтін шетел сөздерін қазақ сөйленісіне икемдеу жөнінде айтады. Нақтырақ айтсақ, өзге тіл дыбыстарын қазақ тілінің төл дыбыстарымен өзгерту, шет тілге тән жұрнақтарды ұлт тілінің қосымшаларымен ауыстырып, қосар дыбыстардың біреуін ғана басымдық беру т.с.с. термин сөздің табиғатын танып, кірме элементтерді ана тілдің заңдылықтарына бағындырып, тіл дыбыстарының дыбысталу заңдылықтарын, сөз тұрқы мен жазудағы ана тілдің табиғатын сақтап қалуға тырысқанын байқаймыз.

Қазақ терминографиясындағы тұңғыш көлемді еңбектің бірі 1925 жылы Қошке Кемеңгерұлының басқаруымен «Қазақша-орысша тілмаш» атпен баспадан шықты. Ол жөнінде «Біздер «Тілмашты» жағропалықтарға арнап жазғандықтан, өте сирек айтылатын сөздерді кіргіздік», - деп жазылған [7]. Бұл еңбек терминологиялық сөздік болмағанымен, ұлттық терминология тарихындағы іргелі ізденіске жүк болған еңбек деп есептейміз.

1931 жылы Халық ағарту комиссариаты, білім кеңесінің термин комиссиясы «Қазағыстан» баспасынан «Атаулар сөздігін» шығарды. Еуропа тілдерінен аударылған кейбір пән атаулары өзгеріссіз, сол күйінде алынған, көпшілігі қазақ тіліне аударылған. «Бір-екі ауыз сөз» деп берілген кіріспеде: «... өткен жылдың күзінен бастап, білім кеңесі тез уақыттың ішінде пән сөздерін

басып шығаруға кірісті. Көпшілік алдына тартылайын деп отырған осы еңбек, – сол аз мезгілдің ішіндегі нәтиже. Жұрттың көбіне мәлім, ой еңбегіндегі ең қиын істің бірі сөздік тізу... Бұл сөздікке еуропыдан сегіз мыңнан аса сөз алынып, оның көпшілігі қазақ тіліне аударылды...», – делінеді [8,6]. Сөздікте еуропа тілінен енген бірнеше термин қазақ тіліндегі бір ғана сөзбен түсіндірілетін тұстары бар. Соған байланысты былай дейді: «Көпшілікке орасан көрінетін нәрсенің енді бірі, қазақтың бір сөзін еуропының бір неше сөзіне қосақтағандық. Мәселен, «режим» де «тәртіп», «дисциплина» да «тәртіп», «порядок» та «тәртіп» сияқты. Бірақ бұған кінә қоюға қисыны жоқ. Ұйткені қазақ тілінің сөйлем жүйесі мен, еуропы тілінің сөйлем жүйесі бір емес. Еуропы тілі әр затты өз алдына анықтап, жеке ұғым мен көрсетсе, біздің тіл өлеңдетіп, бір ұғымды бір неше затқа апарып қосақтайды. Оның себебі қазақ тілінің сөйлем жүйесі өлең негізіне құрылғандық» [8,7]. ХХ ғасырдың отызыншы жылдары жарық көрген еңбектен Алаш зиялыларының халықаралық терминдерді қазақ тілінің төл заңдылықтарына сәйкес беруді мақсат еткенін аңғаруға болады. Күні бүгінге дейін бұл дәстүр сабақтастығы жалғасып келеді.

Термин мәселесін, халықаралық терминдердің ұлт тілінде қалыптасуы мен қолданылуына ерекше мән берген ғалымдардың бірі – Құдайберген Жұбанов. Ғалым былай дейді: «Белгілі бір ұғымдарды білдіретін қарақшылы сөздер болады, о сөздерді әлгіндей ұғымдарға – ғылым мен революция ағы қандай сатыда тұрса, міне, осы екеуі теліп отырады; сонымен қатар термин сөзінің терминдік ұғымы мен күнделік тіршілікте қолданылатын жай сөздік мағынасы басқа болуы да мүмкін» [9, 349]. Қ. Жұбановтың 1935 жылы мәдениет қызметкерлерінің сиезінде мақұлданған қазақ тілі терминологиясының қағидаттары ХХ ғасырдың 90-жылдарына дейін басшылыққа алынып келді. 1936 жылы шыққан «Қазақ тілінің терминдері» атты еңбекте аталмыш он қағидаттар былай берілген: «Бірінші және екінші қағидатта халықаралық мәндегі терминдерді қазақ тіліне өзгеріссіз сол қалпында қабылдау немесе аударылған жағдайда аударма терминнің мазмұнын дәл бермесе, орыс тіліндегі нұсқасын қалдыру айтылған. Мысалы: трагедия – трагедия, экспонат – экспонат және т.б.

Үшінші қағидатта мазмұны жағынан бір-біріне жақын бір мағынада қолданылатын әртүрлі пән терминдері сол қалпында қабылдануы тиіс делінген. Мысалдар: монтаж – монтаж (мәшине құрылысы; сақынада қойылған сурет; кино жинағы), программа – програм (ақпараттық програм; театр програмы) және т.б. Демек, бірнеше салаға қатысты терминдер берілген.

Бесінші қағидатта халықаралық терминдер орыс тілінде қалай жазылса, сол қалпында кейбір дыбыстар болмаған жағдайда қазақ әліпбиіндегі дыбыстарды қолдану қажет делінген. Мысалы: роль – рөл, программа – програм және т.б.

Жетінші қағидатта -изация, -ификация, -ация формаларымен берілген терминдер сол қалпында қабылдануы қажет десе, сегізінші қағидатта терминдермен бірге қазақ тілінде -ист, -изм суффикстері мен ре-, син-, де-,

анти-, контр- префикстерін енгізу қажеттігі айтылған. Мысалы: реставрация – реставрация, модернизм – модернизм және т.б.

Халықаралық терминдерді ұлт тіліне қаз-қалпында енгізу қажеттігін ғалым былай деп нақтылайды: «Біз бірыңғай интернационал терминдер – қазақ тілінде оларға сәйкес келетін сөздер табылсын, табылмасын аударылып алынбасын дейміз. Қазақ тілінің терминдері жайлы біздің ұстаған жолымыз – осы» [9, 353]. 1935 жылы бекітілген «Он қағидат» салдарынан күні бүгінге дейін ұлттық терминқордағы терминдердің көбі шет тілден енген терминдерді құрап отыр. Ұлт тілінде термин жасауға басымдық берілмеді. Соның әсерінен ұлт тіліндегі терминжасам шығармашылығының осал болғанын түсінуге болады.

Қазіргі уақытта «термин» ұғымы таза тілдік тұрғыдан ғана емес, таныммен (когниция) байланысты, қатысым (коммуникация) теориясы негізінде қарастырылады. Мысалы, тілші-ғалым Б.Шустер «термин» ұғымын «когнитивтік лингвистика, прагматика тұрғысынан зерттеуді, сондай-ақ қазіргі жаңа тәсілдерге, соның ішінде социометрия арқылы анықтауға басымдық берген дұрыс», – деп есептесе [10, 168], ғалым Э. Рохлина «термин» ұғымының әртүрлі анықтамаларының болуы, термин типтерінің жіктелуі, жүйелеу, стандарттау, біріздендіру секілді негізгі терминологиялық проблемаларға баса назар аударып, терминнің қолданыс аясындағы циклдік өрісін зерттеудің маңыздылығына тоқталады [11, 174-175].

Тілші-ғалымдар И. Усманов пен З. Усманова ғылыми терминологияның негізгі мәселелеріне және оларды шешудің басым тәсілдеріне, соның ішінде қарым-қатынастың тиімділігін қамтамасыз ету аясында терминологияны стандарттауға баса назар аударады [12, 20].

Тілші-ғалымдар Б.Жонкешов пен А.Үдербаевтың пікірінше, терминнің жалпы қолданыстағы сөзден семантикалық айырмашылығы – терминнің ұғыммен байланысы, оның ғылым, техника, өндірістің белгілі бір саласына қатыстылығы [13, 31]. Демек, термин болу үшін сөз мағынасы біреу ғана болуға тиіс, ауыспалы мағынасы болмайды, термин нақты заттардың атауын ғана емес, ғылымның тар шеңберіндегі дерексіз ұғымдардың атауын білдіреді.

Берілген тұжырымдар бір-біріне қарама-қайшы келмейді, керісінше, мазмұны мен мәні жағынан бірін-бірі толықтыра түседі. Сөз бен ұғымның түрлі белгілерін назарға ұстауы, аталмыш белгінің ішінен әлдебіреуін негізге алуы, қысқа әрі нұсқа түрде жүйелілігімен арнаулы ұғымдарды білдіретіндігін, терминдердің ғылым, техника, өндірістің белгілі бір саласы болатындығын, олар жеке сөз немесе сөз тіркесі түрінде көрініс табатындығын төмендегі сызба түрінде көрсетуге болады:



Сурет 1 – Термин «үшбұрышы».

Сондай-ақ «термин – мамандарға, ғалымдарға ғана қажетті шартты таңба емес, ол – халықтың ақыл-ойы, санасы, ұлттың рухани қазынасы», – дейді профессор Б.Қалиұлы [14,13]. Демек, терминдердің халық тілі негізінде жасалуы оның рухани байлығының бірегейін әрі тіліміздің әлеуетін көрсетеді.

Қазіргі уақытта мамандар да, көпшілік қауым да жаңадан қолданысқа енген тілдік оралымдар, жаңа сөздер мен термин сөздерді ақпарат құралдары арқылы біліп жататыны рас. Масс-медиа кеңістігі, әсіресе телевизиялық журналистика саласы тіл мәдениетіне, халықтың санасына, ойлау жүйесіне ерекше әсер етеді. ҚР ҰҒА академигі, профессор Ш.Құрманбайұлы осыған байланысты былай дейді: «Кейбір оқырмандар журналистердің жаңа сөз қолданыстарын бекітілген термин ретінде қабылдап, ал публицистикалық стильді әдеби тіл нормасы деп есептейді. Кейде қандай да бір сөз, сөз тіркесі, термин не сөйлемді бұлай қолдануға болмайды деген кезде, «газетте солай жазылған», «теледидардан немесе радиодан осылай айтты» деген уәжді жиі естуге болады» [15,178]. Осы ретте тележурналистика – тілдік норманы қалыптастыруда атқаратын қызметі зор, тек мемлекеттік идеологияның қолдаушысы ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік-мәдени, рухани салалардың индикаторы болғандықтан, мұнда қолданылатын терминдердің бүкіл жұршылыққа тарайтынын атап өтеміз.

Күні бүгінге дейін тілдің лексикалық қабатының түрлі деңгейлерінде ескерусіз қалған сөздерді ғылым тіліне айналып, ұлттық сипатының мән-мазмұнының оңды өзгеруіне атсалысып келе жатқан отандық тележурналистика саласының кейбір мәселелерін айта кеткенді жөн деп есептейміз. Жаһандану кезеңінде тележурналистиканың технологиялық саласының трансформациялануы оның «тіліне» әсер етпей қоймайды. Бұл – табиғи құбылыс. Сандық технологияның өндірістік тәжірибеге енуі, тележобалардың көрнекілігі мен безендірілуінің заманауи өзгерісі, инновациялық ақпараттық жүйелер арқылы сапалы таралымы тележурналистика саласының кәсіби лексикасына, терминологиясына айтарлықтай өзгеріс әкелді.

Бір ғана кәсіби ұғымды білдіретін бірнеше атаудың болуы және бір ұғымды білдіретін бірнеше нұсқаның жарысып қолданылуы жиі кездеседі. Терминология саласындағы мәселелерді дер кезінде көтеріп, оң шешім табуына ықпал етіп отырған бұқаралық ақпарат құралдарының бірі тележурналистика – қоғамдық-саяси орган десек қателеспейміз. Олай болса, рухани әрі зияткерлік әсер етудің құралы, қоғамдық-саяси, идеологиялық қатынастардың ажырамас бөлшегі, түрлі идеяларды, сан алуан көзқарастарды жеткізетін «төртінші биліктің» бірі тележурналистика саласының терминологиясын ұлттық терминқорымызды қалыптастыру қағидаттарын басшылыққа ала отырып, оның ғылыми-тәжірибелік мәселелерін шешіп беру – тілші-ғалымдар мен сала мамандарының міндеті.

Баспасөз, театр, кино, радио салаларының өзегімен тоғысқан тележурналистиканың «тілі» оның ғасырлық тарихымен тығыз байланысты

болғандықтан, мәселенің мән-жайын тереңірек зерделеу үшін оның тарихына қысқаша тоқталғанымыз дұрыс деп есептейміз.

XX ғасырда техника саласы бойынша таңғажайып ғылыми жаңалықтар ашылды. Телефотомен толықтырылған телефон, электр тогы көмегімен дауысты алысқа жеткізу түгіл, суретті де қашықтан тамашалау мүмкіндігі сол кезеңнің елеулі өнертабысы болатын [16, 12]. Ғылыми «төңкеріс» нәтижесінде «теңдессіз мылқау» кино мен «көзге көрінбес маңызды» радионың [17, 48] бірлігінен ғажайып «теледидар» пайда болды.

1951 жылғы 22 наурызда КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен Бүкілодақтық радиоақпарат комитетінің құрамында КСРО Орталық теледидары құрылды. 1957 жылы радио мен теледидарды Мәдениет министрлігі құрамынан бөлек шығаруға байланыста Үкімет шешімінен соң, КСРО Министрлер кеңесі жанынан Радио және телехабарлар тарату жөніндегі комитет құрылды. Осының негізінде 1957 жылғы 29 маусымда Қазақ ССР Министрлер кеңесі Телевизия және радиохабарлар жөніндегі комитет құру туралы қаулы қабылдады [18,8]. Қоғамдық-саяси, экономикалық-мәдени өзгерістерге байланысты телерадио 1962 жылы Қазақ ССР Министрлер кеңесінің Телевизия және радиохабарлары жөніндегі Мемлекеттік комитеті, 1992 жылы Қазақстан Телевизия және радиохабарлары жөніндегі Мемлекеттік компаниясы, 1994 жылы Қазақстан Теледидары мен радиосы республикалық корпорациясы деп аталса, кейін «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы болып өзгертілді. Қазақ телевизиясының майталманы, қазақ және орыс тілдерінде ерлер арасынан шыққан тұңғыш диктор-журналист, ғалым Совет Масғұтов отандық телевизияның алғашқы кезеңі туралы былай деп жазады: «1958 жылы телевизия Қазақстанда да пайда болды. Республика астанасы тұрғындары 8 мартта тұңғыш рет өз экрандарында Қазақ телевизиясының алғашқы дикторлары З. Жұматова мен Н. Омарованың дидарын көрді. Олар көпшілікті Алматыда телевизия хабарларының басталуымен, ал әйелдер қауымын мерекелерімен құттықтап, жылы лебіз білдірді. Содан соң, «Үкімет мүшесі» атты көркем фильм көрсетілді» [19,97-98]. Сөйтіп, теледидар өнері «көгілдір экран» деген атпен жұртшылықпен алғаш рет осылай қауышты.

Ақпараттық технологиялар кезеңінде интернет кеңістігінің күрт дамуы алпыс жылдан астам терең тарихы бар қазақ тележурналистиканың маңызын одан әрі арттырды. Осыған орай жаңа форматтағы «көгілдір экран» өнімдерінің тұтынушыларының (көрсермендері) көбейгені байқалады. Сонымен қатар телеарна жұмысының заманауи форматқа бейімделуіне байланысты әр тілден енген жаңа медиа терминдерінің, сөз тіркестерінің, синтаксистік оралымдардың қатары толыға түсті. Бұл өз кезегінде тілші-ғалымдарға тележурналистика саласының тілін тереңдей зерттеу міндетін жүктейді.

Қазіргі уақытта Қазақстан әлемдік аренада өркениетті мемлекет құру бағытында даму үстінде. Бұл мақсатқа жету үшін терминдер баға жетпес рөл атқарады. Сол себепті ғылымның барлық саласында, соның ішінде электронды БАҚ саласында терминдердің жүйелілігі мен бірізділігін сақтау маңызды мәселе саналады. Дегенмен осыған дейінгі қалыптасқан сала терминдерін

жоққа шығара алмаймыз. Зерттеуші В. Волхонский былай деп жазады: «Әрине, терминдердің көпшілігі мемлекеттік стандарттарда нақтыланған деп айтуға болады. Алайда стандарттарда кейбір терминдер, өкінішке қарай, қисынсыз тұжырымдалған немесе дұрыс қолданылмаған» [20, 34].

Терминжасамда көпшілік қауымның қолданысына аса жауапкершілікпен ұсынуды талап ететін терминдер тележурналистика «тілі» екені даусыз. Өйткені бұл сала техникалық, жаратылыстану ғылымдарымен тікелей байланысты, оның арнаулы сөздері мен сөз тіркестерін екінің бірі аударма бермейтіні де сондықтан. Сол себепті аталмыш саланың терминологиясына, оның ерекшелігіне баса назар аударған жөн, әрі тілтанымдық мәселелерін тереңірек зерттеу қазіргі уақытта өзекті болып саналады. Жалпы, «телевизия» сөзінің анықтамасына тоқтала кетсек, сөздікте мынадай анықтама берілген: «Телевизия – нысана кескіні мен дыбысын радио немесе өткізгіш сымдармен таралатын электр сигналдары арқылы алысқа тарату әрі бұларды қабылдау негізінде сол нысанның кескінін көрсету және дыбысын ескерту мәселесімен шұғылданатын радиотехниканың саласы» [21, 153].

Көпқырлы күрделі телевизия саласының арнаулы сөздері мен сөз тіркестері екіұдайлы, түсініксіз, жүйесіз жасалып, қисынсыз тұжырымдалса, сала мамандарына да өзара түсінісуіне де, жұмыс үдерісіне де едәуір ықпал етеді. Мәселенің мәнін түсіну үшін мысал келтірелік. Телевизия саласында «бейнекамера» және «телекамера» терминдер қатар қолданылады, сөздіктегі анықтамасына назар аударайық. Мысалы:

Кесте 1 –«Бейнекамера» және «телекамера» терминдерін салыстыру.

№	БЕЙНЕКАМЕРА	ТЕЛЕКАМЕРА
1	2	3
1	БЕЙНЕБАҚЫЛАУ – тікелей (адамның көзімен) немесе қосымша оптикалық құралдардың көмегімен (адамның көзі мен бақыланатын объект арасындағы) бақылау.	ТЕЛЕБАҚЫЛАУ – бейне сигналдарды қалыптастыру және тұтынушыға көрсету үшін қашықтан бақылау.
2	Қозғалатын заттар мен ілеспе дыбыстарды магниттік таспаға түсіруге арналған шағын көлемді оптикалық-электронды құрылғы.	ТЕЛЕ – қашықтан басқару. Телевизия – бейне сигналдарды қалыптастыру және тұтынушыға көрсету үшін қашықтыққа беру. Яғни бейне сигналды қалыптастыру құрылғылары (теледидар камерасы) және бейне қабылдағыш (монитор, DVR және т.б.) кеңістікте орналасқан. Осылайша, телебақылауларда оптикалық сигнал электрлік сигналға айналады (көріністің басқа физикалық фор-масы), кез келген байланыс арналары арқылы беріледі, содан кейін қайтадан адамның көзімен қабылданатын оптикалық сигналға айналады.

1	2	3
3	Күзет бейнебақылау мен бақылауға арналған бейнекамера: күзетілетін аймақта жасырын орнатылған шағын көлемді, конструктивті біріктірілген кассеталы бейнемагнитофон.	Телебақылауларда оптикалық сигнал электрлік сигналға айналады (көріністің басқа физикалық формасы), кез келген байланыс арналары арқылы беріледі, содан кейін қайтадан адамның көзімен қабылданатын оптикалық сигналға айналады [22, 100-298].

Біз бұл мысал арқылы «бейнебақылау» және «телебақылау» терминдерінің мағынасы жақын болғанымен, техникалық сипаты мен қызметі бір-бірінен едәуір алшақ жатқанын айтқымыз келді. Академик Е.Малишевский терминологияның түсінікті, нақты әрі шындықтың жаңаша түсінігіне жауап беретін заңдық мәртебесі болғаны жөн екенін тұжырымдай келе, техникалар мен технологияларды енгізу бойынша халықаралық ұсынымдарды ескере отырып, терминдерді біріздендіру жұмыстарын іске асыру қажеттігін, салалық терминологияның жүйелеудің шешімі ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартын жасаудың маңыздылығын атап өтіп, мынадай мысалдар келтіреді: «Мәселен, «сымдық радиотаралым» (проводное радиовещание) терминін айтсақ болады. «Ретрансляция» (тарату), «радиофикация» (радиоландыру) терминдері сым арқылы жеткізіліп, радио көмегімен қабылданып, сигналдардың сапасы күшейтілгенін білдіреді. Бірақ радио – сымсыз байланыс. Сымдық радиотаралым – абсурд» [23, 32-33]. Дәлірек айтқанда, «ретрансляция» (хабар тарату) мен «трансляция» (хабар тарату) терминдері де даулы мәселелер қатарында, үдерісті сипаттауда бірінің орнына бірі жұмсалғандықтан, заңдық мәртебесі анықталмаған әрі техникалық сипаттамасының ара-жігі ажыратылмаған. Осы секілді «телерадиовещание» (телерадиохабарларын тарату) термині де нақтылауды қажет етеді. «Mass media және телекоммуникация терминдерінің қазақша-орысша-ағылшынша анықтамалық сөздігіндегі» анықтамасы төмендегідей берілген «Теледидар және радиохабарларын тарату» (телерадиовещание) – теледидар бейнелі-көркем дыбыстарды іздестіруде радиохабарларын таратудың акустикалық бейнелерді жасаудағы жетістіктерін белсенді пайдалануға ұмтылады, олар өзінен-өзі тыңдаушыларда көру-икемділік қауымдастықтарды туындатуға қабілетті болып шығады... Теледидар өз қызметінің көптеген формаларын радиохабарларын таратудан алды. Радионың өзіндік ерекшеліктері: хабарлардағы әуезді сөз бен акустикалық картина; оқиға барысы туралы ол болып өткен сәтте тікелей хабарлау мүмкіндігі; іс жүзінде шектелмеген аудиторияға тікелей шығу» [24, 166]. Нақтырақ айтсақ, телевизиялық хабар тарату бейнелік-дыбыстық ақпаратты жеткізеді, ал радиохабар тарату тек дыбыстық ақпаратқа негізделген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы ақпарат құралдарына «Терминологиялық хабаршы» журналын шығарып, оған бекітілген жаңа терминдерді жариялап отырады. Соған қарамастан, бекітілген терминдерді қолдану барысында жүйесіздік көп

екенін айтқымыз келеді. Мәселен, көрнекті қаламгер Сабыржан Шүкірұлы «Хабар» арнасындағы бағдарламалар тіліне шолу жасап жүргенде, «жорналшы» сөзі «журналистiн» орнына белсенді қолданылып жүрді. Сонымен қатар «тележүргізуші» сөзі «айташы» сөзімен алмастырылғанымен, көп ұзамай «тележүргізуші/жүргізуші» сөзі қолданысқа еніп кетті. Оның терең себебі бар деп ойлаймыз. Ол туралы профессор Б. Қалиұлы кеңестік саясат тұсында одақтық, республикалық терминком құрылып, терминдерді одақ бойынша стандарттау орталығы ұйымдастырылып, ұлт тілінде термин жасауға тыйым салынған кездер болғанын айта келіп: «Қазақ тілінде ғылыми ұғымдарды білдіретін сөздер жоқ», «ғылыми ұғымдарды латын, грек сөздерімен беру керек», «оларды аударуға болмайды» деген жалған қағидасымақтар ұсынылды. Ең жаманы – бұған өзіміздің ішімізден шыққан «оқығандар» қосылып, «қазақ сөздері термин жасауға жарамайды», термин аударылса, оның түсінігі, мағынасы бұрмаланады», «халықаралық терминдерді аударуға болмайды», «термин шетел сөздері болса, халықтардың жақындасуы тездейді» деп ұрандатты. Соның салдарынан тіліміздегі терминдердің 70-80 пайызы шетел сөздері болып шыға келді», - деп жазады [25, 12]. Демек, ғылыми ұғымның атауы болған терминдер – ұлттық ой-танымның жемісі, ұлттық тілдің негізі.

1.2 Тележурналистика терминологиялық жүйесінің тілдік ерекшеліктері

Қазақ телевизиялық журналистика саласындағы шет тілдерден (ағылшын, грек, француз, латын, неміс т.с.с.) енген терминдердің көбі орыс тілі арқылы қабылданғаны баршамызға белгілі. Оның көптеген себебіне тоқталуға болады: біріншіден, еуропа тілдерінен орыс тілінің «дәнекерлігімен» енген терминдердің дені «орыс тілінде қалай айтылып, жазылса, қазақ тілінде де дәл сол қалпында жұмсалуға тиіс» деген қағидаттың тілдік санада берік сақталуынан болса керек-ті. Кірме терминдердің қазақ тіліндегі баламасы болса да, оны пайдаланбай, термин ретінде қалыптастыруға деген немқұрайдылықтың кесірінен, төл тіліміздің табиғатына сәйкес сөздерді «шеттеткендігіміз» байқалады. Екіншіден, кез келген жаңа сөздердің баламасы тілімізге сіңіп, жүйелі түрде қолданысқа енуі үшін уақытты талап етеді. Мәселен, көрініс (план), қайталама нұсқа (дубль), таңдама (кастинг), бетбасы (заставка), дыбыс теңгерімі (баланс цветной), шоғыр (спектр), бас тақырып (шапка), елендетпе (подводка) т.с.с. соңғы жылдары аударылып, бекітілген терминдерді кәсіби мамандардың бірден қолданып кетуі екіталай, уақыт пен ақпараттық үгіт-насихат жұмыстарына тікелей тәуелді. Үшіншіден, баламасы табылып, бекітілген барлық термин сәтті аударылмағандығында ескеруіміз керек. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминологиялық комиссиясының бекіткен терминдер көбінесе сала мамандары, терминологияны қолданушылар тарапынан қолдау таппай жататыны жасырын емес: жоспарлы жұмыс кестесіне бейімделген санаулы маманның субъективті көзқарасымен бекітілген терминдер көп жағдайда қолданыста қалыптасып кетпейтіні дәлелдеуді қажет етпейді. Сондықтан

терминдердің қалыптасу үдерісін кешенді түрде қадағалап, іріктеп, таңдап, бекіткен жөн деп санаймыз.

Қазақ телевизиялық журналистика саласында қолданылатын терминдердің басым көпшілігі орыс тілі арқылы грек, латын, француз, неміс, ағылшын, итальян және т.б. тілдерден еңсе, бұл салада орыс тілінен енген терминдер де қолданылады. Солардың кейбіріне тоқтала кетуді жөн санаймыз:

– латын тілінен енген терминдер: фон – фон (fundus), фокус – фокус (focus), мақам, дикция – дикция (dictio), концепция – концепция (conceptio), объект, нысан – объект (objectum), анимация – анимация (animatio), пульта – пульта (pulpitum), трансляция – трансляция (translatio);

– француз тілінен енген терминдер: кадр – кадр (cadre), субтитр – субтитр (sous-titres), ракурс – ракурс (raccourci), режиссер – режиссер (régisseur), монтаж – монтаж (montage), экран – экран (écran), оқиғат, репортаж – репортаж (reportage), сәндеме, безендірім, декорация – декорация (decoration), баннер – баннер (bannière), суфлер – суфлер (souffleur);

– грек тілінен енген терминдер: эфир – эфир (αἰθήρ), синхрон – синхрон (σύνχρονος), синопсис – синопсис (σύνοψις), хронометраж, уақытөлшем – хронометраж (χρονομέτρησης), графика – графика (γραφική), идея – идея (ιδέα);

– ағылшын тілінен енген терминдер: кардридер – кардридер (card reader), бриф – бриф (brief), лайв ТВ – лайв ТВ (live television), дубль, қайталама нұсқа – дубль (double), спикер, сарапшы – спикер (speaker), телепромтер – телепромтер (teleprompter), диктор, айташы – анкормэн (anchorman), продюсер – продюсер (producer);

– итальян тілінен енген терминдер: сценарий – сценарий (scenarius), екпін, ырғақ – темп (tempo), түстүзілім, реңк – колорит (colorito);

– орыс тілінен енген терминдер: подводка – елендетпе, наушник – құлаққап, тыңдауыш, запись – жазба, түсірілім, плашка (плаха/полено) – титржолақ, плашка, звук – дыбыс, краска – бояу, съемка – түсірілім, выпуск – шығарылым, передача – хабар, площадка – алаң.

Келтірілген мысалдардан көретініміздей, салалық онлайн сөздіктерде берілген терминдердің негізгі бөлігі латын және грек тілінен, ағылшын тілінен енген. Берілген терминдердің түпнұсқасы мен орыс тіліндегі нұсқасының дыбысталуында айырмашылық аса байқалмайды, ал қазақ тіліндегі және орыс тіліндегі терминдердің басым бөлігі бірдей жазылып, бірдей айтылады. Кеңес заманында жазба тілімізде қолданыс тапқан орыс тіліндегі терминдер мен ұғымдар сала мамандарының ауызекі сөйлеу тілінде де белсенді қолданылып, дағдыға айналғанын атап өткіміз келеді.

Жалпы, термин алғаш қай елде ойлап табылып, атау берілсе, сол тілдік тұлға барлық елге таралуға негіз болатыны белгілі. Алайда жаңалық ашылған тілдің терминін дәл сол қалпында екінші тілдің қабылдау алуы жөнінде бекітілген ереже жоқ. Сол себепті кез келген тіл өзінің төл тілдік заңдылығына бейімдеп, өзгертіп алуға құқылы. Бірақ бұл «Ньютон заңдарын», «Ом» өлшемі секілді шарттылыққа ие терминдерді түбегейлі алмастыру қажет дегенді

білдірмейді. Эталон терминдер ретінде қалыптасқан үдерісті де ұмытпауымыз керек.

Ғалым О. Ахманованың еуропа тілдеріндегі терминдердің негізгі бөлігі зат есімнен жасалатындығы жөнінде айтқан тұжырымына мән берсек, тілімізге енген шет тілдегі терминдер, негізінен, заттық ұғымда жұмсалатындығы байқалады [26, 11-13]. Дегенмен, басқа тілден енген терминдер тек зат есімнен ғана емес, сондай-ақ сын есімнен, есімдіктен, етістіктен және т.б. сөз таптарынан жасалады. Грек, латын, француз тілдері негізінде жасалған терминдер зат есім, сын есімнен болса, ағылшын тіліндегі терминдері көбінесе зат есімге жатады. Заттық ұғымда қолданылатын терминдер: жарық (свет), дыбыс (звук), алаң (площадка), мәтін (текст), ақпарат (информация), ырғақ (ритм), кідіріс (пауза), шоғыр (спектр), жоба (проект), тұжырымдама (концепция), бағдарлама (программа), әуез (тембр), т.с.с. Сөздердің бірігуі тәсілі арқылы жасалған, заттық ұғымда білдіретін терминдер: бейнежазба (видеозапись), үнхабар (подкаст), құлаққағыс (анонс), торкесте (сетка), бейнебақылау (видеонаблюдение), көрінісқатар, бейнеқатар (видеоряд), тұсаукесер (презентация, премьера) және т.б. Зат есім зат пен құбылыстың атауы ретінде деректі әрі дерексіз ұғымдарды білдіріп, атауыштық қызмет атқаратыны белгілі. Сондықтан тілде атқаратын атауыштық қызметіне байланысты зат есімдердің терминологияда басымдыққа ие болуы – заңдылық.

Іс-әрекеттік ұғымды білдіретін терминдер ретінде құрастыру (монтаж), ұсыну (рекомендация), сыбырлаушы (суфлер), безендіруші (декоратор) және т.б. атауға болады.

Тележурналистика саласында заттық ұғыммен қатар сындық ұғымды білдіретін терминдер тіркесу тәсілімен жасалған компоненттер құрамында сапалық әрі қатыстық сын есім түрінде жасалады. Мысалы: телевизиялық ойын, интерактивті телевизия, жарнамалық ролик, монтаж парақ, авторлық шарт, продюсерлік ұсыныс, операторлық қолтаңба, сызықтық монтаж, жылжымалы станция, жүгіртпе жол, суфлерлік мәтін, сценарлық жоба, компьютерлік анимация, панорамалықкөрініс (план), көркемдік деталь, ақпараттық бағдарлама, эксклюзив материал, бастаушы кадр, телевизиялық орталық, сандық телевизия, желілік микрофон, көгілдір экран, пилоттық эпизод, телевизиялық рейтинг, фокустық формат, режиссерлік тапсырма, камералық жарық, кәбілдік режим және т.б. Тіркесті терминдердің әр сыңары терминдік ұғымды білдіреді. Ғалым Ш. Құрманбайұлы осыған байланысты: «екі сыңары да терминдік ұғымды білдіретін тіркесті терминдердің құрамындағы сын есімдерді терминдік элемент деп білеміз», – тұжырымдайды [27, 125].

Телевизиялық журналистика саласы терминдерінің қазақ тіліндегі нұсқасы мен шет тілдегі нұсқасы қатар қолданылатын тұстары көп кездеседі. Дублет терминдерге мынадай мысалдар келтіруге болады: анонс – аңдатпа, анонс; ассистент – режиссердің көмекшісі, ассистенті; подкаст – үнхабар, подкаст; пауза – кідіріс, тыныс, үзіліс, пауза; эксперт – сарапшы, эксперт; журналист – тілші, журналист; тембр – әуез, дауыс реңі, тембр; план – көрініс,

план; телемост – телекөпір, телемост; рейтинг – беделбаға, көрсеткіш, рейтинг; петличка – ілмек микрофон, петличка, свет – жарық, свет және т.б.

Шет тілдерінің терминдері орыс тілінде қалай айтылып-жазылса, сол қалпында өзгеріссіз қолданылып жүрген терминдер де мол ұшырасады: слайд-бриф, профиль-сюжет, логотип, плашка, подводка, отводка, перебивка, титр, барабан, шапка, статус, монтаж, эфир, мотор, стоп-кадр, секви, превью, кадр, спикер, бумщик, оператор, режиссер, продюсер, диктор, телевизия, синхрон, редактор және т.б.

Шет тілдерінен енген терминдердің қазақ тілінің үндесім заңына бағынып, дыбыстық өзгеріске ұшырап, қолданылып жүрген нұсқалары сирек болса да кездеседі: манера – мәнер, камерамэн – көмермен, роль – рөл, макет – мәкет, рендер – рендір, интершум – шу және т.б.

Қорыта айтсақ, қазіргі қазақ телевизиялық журналистика терминологиясындағы терминдерді, негізінен, латын, грек, француз, ағылшын, итальян, неміс, орыс тілдерінің тілдік бірліктері құрайды. Әлем тілдерінде де осы сөздер негізінде қалыптасып, халықаралық деңгейде қолданылып жүрген сөздер жетерлік. Алайда соңғы жылдары «халықаралық» терминдерді француз, испан, неміс халқы төл тілдерінің заңдылығына бейімдеуге ұмтылысы байқалады. Екі ғасырға жуық Ресей патшалығының (Кеңес үкіметін қоса алғанда) ықпалында болған қазақ халқы жерінен ғана емес, тілінен де айырылып қалудың аз-ақ алдында еді: қазақ тіліне сыналап енген орыс сөздері, кейіннен орыс тілінің жүйесі бойынша өзге тілдердің терминдері үздіксіз әрі жүйелі түрде еніп, қазақ тілінің терминологиялық қорының басым бөлігін құрағанын жоққа шығара алмаймыз. Бір айта кетерлігі, ғылым мен білім қарыштап дамыған ХХІ ғасырда оқшаулану әсте мүмкін емес, тілден тілге терминдердің толассыз енуі – заңды да. Десек те, жүйесі бөлек, табиғаты бөтен «кірме» терминдерді төл тіліміздің заңдылықтарына икемдеп, мүмкіндігінше, ХХ ғасырдағы Алаш зиялылары ұстанған қағидаттар бойынша баламасын қарастырып, «ұлттық сүзгіден» өткізу күнтәртібіндегі негізгі мәселе болып қала бермек.

1.3 Қазақ тіліндегі тележурналистика терминдерінің тақырыптық жіктелімі

Тілші-ғалымдар ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ әдеби тілінің сөздік құрамын: «... әсіресе жаңа ұғымдарды білдіретін жаңа сөздер қоғамның әлеуметтік құрылысы, ел билеу-сот жүйесі, жаңа экономикалық қарым-қатынастар мен сауда-саттық ісі, оқу-ағарту мен білім-ғылым саласында пайда болды», – деп пайымдайды [28, 61]. Баспасөз лексикасының негізгі бөлігін термин сөздер құрайтыны белгілі, қазақ баспасөзінің ұлттық терминқорды қалыптастырудағы атқаратын рөлі, сондай-ақ ұлт мәдениеті мен ғылым-білім дамуында алатын орны орасан. Кез келген ұлттың жаңғыру-жанару кезеңінде ғылыми-техникалық, әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-саяси терминологияның даму үрдісі мемлекеттік саясат шеңберінде жүзеге асқан елдерде заманауи

инновациялық даму «дүмпуі» көз ілеспес жылдамдықпен ілгерілеп отырғаны көпке аян.

Ғалым Ш. Құрманбайұлы: «Ұғымдардың бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүретін шектеулі аймағы терминологиялық өріс болып табылады. Термин тілдік формасы бар ұғым атауы ретінде сол өзі атау болып отырған ұғым қатысты болатын ұғымдар жүйесінде, яғни терминологиялық өріс ішінде ғана терминге тән барлық қасиетін сақтай алады. Сол себепті терминді терминологиялық өрістен бөліп қарауға болмайды», – деген тұжырымының мәні тереңде жатыр [27, 284].

Ғалымдар лексиканың терминдену үдерісін, яғни жалпыхалықтық тілдегі сөздердің терминге айналуын лексика-семантикалық және тақырыптық түрінде топтастырып көрсетеді.

Заттардың ішкі арақатынасы мен шынайы құбылыстарға негізделген топтастыру түрі тақырыптық болып саналады. Ал лексикалық бірліктердің тілдік жүйесіне байланысты сөздер лексика-семантикалық тұрғыдан біріктіреді. Ортақ семантикалық белгілерге негізделген лексика-семантикалық топтар тілтанымдық парадигма жүйесінде айрықша маңызға ие. Лексикалық бірліктерді ішкі топтарға бөлу олардың дифференциалды белгілеріне негізделеді.

В.Г. Гак тілдің лексика-семантикалық жүйесіндегі төрт деңгейді анықтайды:

- 1.Тұтас лексикалық жүйе деңгейі;
- 2.Өртүрлі лексика-семантикалық бірлестіктер деңгейі;
- 3.Көп мағыналы сөз деңгейі;
- 4.Жеке мағына деңгейі [29, 60].

Ф.П. Филиннің пайымдауынша, тақырыптық топтар заттар мен құбылыстардың ақиқат болмысын лексикалық бірліктер негізінде тұтастандырады. Ол заттық-логикалық факторға сүйенеді [30, 105].

Тілдегі сөздердің тақырыптық топтарға бөлінуі олардың атауыштық қасиеттерінің семантикалық мазмұнына негізделсе, терминдік бірліктерді тақырыптық топтастыру – шартты нәрсе, өйткені термин сөз арнайы ақпарат-ұғымды білдіретін тілдік бірліктер болып есептеледі.

Зерттеу жұмысымыздың нысаны болып саналатын телевизиялық журналистика терминдері тақырыптық топ ретінде тұрақты емес, өзгермелі сипатта болып келеді. Өйткені телевизия саласы ғылыми-техникалық, ақпараттық-технологиялық саламен тығыз байланысты. Осыған орай, күн сайын жаңа техникалар, ақпарат тарату жүйелері, телевизия форматының өзгеруі т.с.с. әсер етуде. Бұл өз кезегінде телевизиялық журналистика терминдерін шартты түрде мынадай тақырыптық топтардың бөлінісіне әкеледі: 1) тележурналистика саласындағы қызмет түрлері; 2) телевизиялық журналистика құрал-жабдықтары; 3) телевизия саласының кәсіби мамандары; 4) тележурналистика саласының жанрлары мен жобалары; 5) телевизиялық журналистика саласындағы ресми құжаттардың үлгілері.

Енді осы тақырыптық топтарды толығырақ талдайық.

1. Аталмыш тақырыптық топтардың көп бөлігін телевизиялық журналистика саласындағы қызмет түрлерінің атаулары құрайды. Жалпы, телевизия саласындағы қызмет түрлерін кәсіпкерлік қызметпен шатастыруға болмайды. Телеарналар, негізінен, мемлекет тарапынан қаржыландырылып қана қоймай, медианарыққа сапалы өнім ұсыну арқылы қосымша қаражат көзін табуға басымдық береді (жарнама, әлеуметтік ролик, мәдени-саяси оқиғалардың үгіт-насихат жұмыстары және т.б.). Мысалы: жарнамалық ролик, ақпараттық қызмет, әлеуметтік телеұсыныс, тапсырыс контент, тележоба дедлайны, ақпараттық қолдау, көрсетілім демеушісі, бағдарламаның бас серіктесі, эфирлік логотип, медиатапсырыс, жарнама уақыты, продакт плейсмент, белсенді аудитория, маркетинг шығындарының талданымы, рейтинг үлесі, баннер кестесі, жарнама пакеті, бэкграунд, гарнитура, девиз/лозунг, (ұран), дизайн, диспенсер, имидж, маркетингтік ақпараттық технология, каталог, сапалық рейтинг, клик, телемарка, логотип, контент-маркетинг, лид, мақсатты аудитория, прайм-тайм, стрим, хештег, чат-бот, ақылы қамту (охват), бартер және т.б.

2. Телевизиялық журналистика саласының ең маңызды бөлігі құрал-жабдықтар, технологияға қатысты атаулар тақырыптық топқа біріктіріледі. Мысалы: телекамера, штатив, микрофон, реквизит, сызықтық монтаж құрылғысы, пушка, плазма, петличка, жарық құралы, плейбэк, диафрагма, трансфокатор, хронограф, трансфокатор және т.б.

Сөз, бейне және дыбыс «ұштағанын» ұштастырған саланың терминдерінің топтастырылуы да иерархиялық құрылымға негізделген. Нақтырақ айтқанда, сәйкестендірілген терминдік бірліктер «болу-болмау» семантикалық белгісіне қарай терминологиялық жүйеде жекелей орынға ие болып табылады. Оларды өз ішінде бірнеше бөлікке жіктеуге болады.

а) жарыққа қатысты тақырыптық топ: вспышка, фильтр, жасанды жарық, жарықтандыру, кадр тұнықтығы, табиғи жарық, шамадан тыс жарықтандыру, үлкен көлеңке іздері, накамерный свет, жарық күші, кескін жарықтылығы, бағытталған жарық, шағылыспа жарық, портретке сай жарықтандыру, киножарық, тура түсетін жарық, біріктірілген жарық, жарықсүзгіш (светофильтр) және т.б.;

ә) монтаж жұмыстарына қатысты топ: формат, титр, тайм-код, графика, кодировка, хронометраж, плашка, ЭФТИПИ, отбивка, барабан, перебивка, кардридер, стоп-кадр, заставка, кадр, табиғи фон, постпродакшн, цветокоррекция, рендеринг, микроплан, хромокей, пипка, баланс, переделка және т.б.;

б) түсірілім жұмысына қатысты тақырыптық топ: ракурс, ПТС, лайв-түсірілім, реер, АСК, телестудия, трансляция, пульт, дубль, локация, түсірілім павильоны, стоп-мотор, воздух, тікелей эфир, превью және т.б.;

в) дыбыс-бейнеге қатысты тақырыптық топ: брак, помеха, наушник, скачок, фокус, гарнитура, дикция, план, ірі /орташа, жалпы/ план, деталь, интершум, панорама, макрофокус, дыбыс қатары, табиғи дыбыс, жасанды

дауыс, саундтрек, аудиодизайн, склейка, люфтпаузка, фейсколор, тракт, рэпраунд, акустика, тембр және т.б.;

г) телерадио тарату жүйелеріне қатысты тақырыптық топ: ресивер, тюнер, поляризатор, конвертор, спуниктік кәбел, ретранслятор, антенна, спуниктік радиобаланьс тарату құрылғысы, компрессия, дискретизация жиілігі, телецентр, облучатель, разветвитель, ФСС (Фиксированная спуниктовая связь), коаксиальный кабель, оптоволоконный кабель, кең жолақты желі, спектр және т.б.

3. Телевизиялық журналистика саласында қызмет ететін сала мамандары атаулары да – маңызды тақырыптық топ. Мысалы: редактор, монтаж режиссеры, бейнеинженер, координатор (үйлестіруші), администратор (әкімші), крафт, продюссер, диктор, тележүргізуші, СММ-редактор, режиссер, сценарий авторы, шеф-редактор, репортер, журналист, оператор, кран операторы, жарық қоюшы, суфлер-редактор, стилист, спикер, пример, визажист, телекомментатор, корректор, ньюсмейкер және т.б.

4. Тележурналистика жанрлары мен жобаларға қатысты атаулар да жеке тақырыптық топты құрайды. Мысалы, репортаж, телеобъект, телебрифинг, телелид, рубрика (айдар), слайд-бриф, телецикл, документализм, телемарафон, хидлайнер, калейдоскоп, теледиспут, телешолу, суреттеме, киножурнал, телехроника, триада, реалити-шоу, подушка (ең қызықты сәтті ұсыну), слаг-лайн, паркет-сюжет, лайв-ту-тейп (ЛТТ), шпигель, инфотейнмент және т.б.

5. Тележурналистика саласында қолданылатын құжат үлгілері атаулары да топтастырылды. Мысалы, концепция, синопсис, телеконтракт, тезис, медиажоспар, сценарлық жоба / сценарий, монтаж парағы, эфир кестесі (сетка), аннотация, өтінім (камера, түсірілім бойынша), келісімшарт, телемеморандум, анкета, эфир журналы, эфирлік есеп, авторлық өтінім, авторлық қолжазба, авторлық шарт, авторлық құқық, кастинг қағазы, бейнемәтін, лездемелік хаттама, эфирлік талдау есебі, рейтинг кестесі, телесиндикация, копирайт, түйіндеме, презентация, бейнематериалды бағалау парағы және т.б.

Телевизиялық журналистика терминологиясында халықаралық терминдердің қолданыстық сипаты басым екендігін қазіргі тілдік қолданыстағы термин сөздердің жиілігінен толық байқалады. Десек те, қазіргі уақытта тар шеңберлі салалық терминологияда төл сөздер арқылы жасалған баламалар да көбірек қолданысқа ене бастағанын атап өткіміз келеді.

1.4 Қазақ тіліндегі тележурналистика терминдерінің жұмсалым өзгешеліктері: статистикалық зерттеу

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесі деңгейіндегі қолданыс аясы жыл өткен сайын кеңейіп келеді. Қазақ тілінің қарым-қатынастық қызметі тек әлеуметтік-тұрмыстық деңгейде ғана емес, өндіріс, медицина, медиа саласында күшейгені байқалады. Әсіресе ұлттық идеологияның іргетасы саналатын телевизиялық журналистика саласында ілгерілеу айқын көрініс береді. Алайда қазақ тілінде ақпарат тарататын медиа ресурстардың жұмыс үдерісіндегі кәсіп «тілі», терминологиясы, салалық ұғымдар мен атауларды беруде әртүрлі

қиындық барын жоққа шығара алмаймыз. Бүгінде айрықша беделге ие, «төртінші билік» деген бейресми мәртебесі бар масс-медияның, әсіресе телевизиялық журналистиканың терминдері түрліше айтылып және жазылып жүргені рас.

2021 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Бұл салада айтарлықтай нәтиже бар. Қазақ тілі, шын мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуға», – деп атап көрсетуінің әрі саяси, әрі мәдени-әлеуметтік мәні бар (<https://www.akorda.kz>). Осы орайда жылдар бойы қалыптасқан, ақпараттық технологияның дамуына байланысты пайда болған шет тілдерінен енген терминдерді жаңаша қарау, тың зерттеулер негізінде ғылыми тұрғыда, сөз формасы мен мазмұнын үйлестіріп, «шекпен жауып, өзіне қайтарудың» тиімді тетігін үйлестіру-ұйымдастыру жұмыстарының ғылыми негізін жетілдіру қажеттілігі туындайды.

«ТНС Гэллап Медиа Азия (TNS Gallup Media Asia)» зерттеу компаниясының мәліметтеріне сүйенсек, еліміздегі рейтингісі жасалатын 24 арнаның ішінде үздік ондыққа енетін екі телеарна бар: «Қазақстан» ұлттық телеарнасы және «Хабар» телеарнасы (ТНС Гэллап Медиа Азия (TNS Gallup Media Asia) зерттеу компаниясының ресми сайты, 2021: <https://kantar.kz/about-us/o-kompanii>).

«Qazaqstan» ТРК техникалық әлеуеті республика аумағының 100 пайызын қамтиды, көршілес Ресей Федерациясы, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Моңғолия және Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданы өңірлеріне хабар таратуға мүмкіндік беріп отыр. «Қазақстан» ұлттық арнасы 100 пайыз мемлекеттік тілде хабар таратады («Qazaqstan» ТРК сайты, 2021: <https://rtrk.kz/kz/about/>).

Сонымен қатар тәуліктік хабар тарату көлемі 20 сағатты қамтитын, көрсетілімдердегі бағдарламалардың 90%-і әлеуметтік маңызды тақырыптарды қозғайтын, тәуліктік хабар таратудың 55%-і жоғары мемлекеттік тілде жүзеге асырылатын, эфирден көрсетілетін бағдарламалардың 75%-і телеарнаның төл туындыларынан құралған «Хабар» арнасы болып табылады («Хабар» АҚ ресми сайты, 2021: <https://khabar.kz/kk>).

Осы екі арнада жұмыс істейтін қызметкерлер жұмыс барысында көп жағдайда жұмыс тілі ретінде орыс тілін таңдайтыны байқалады. Сондықтан өзінің төл телевизия туындыларын жасау үшін аппаратты-студия блоктармен, бейнемонтаж-эфир студиясымен, камералық жылжымалы телевизиялық құрылғымен жабдықталған телеарналардың жұмыс процесінде қазақ тілінің не себепті басымдық алмайтынын, кәсіп тілінің әркелкі жұмсалу себептерін анықтау мақсатында аталмыш екі арнада жұмыс істейтін мамандардың сөйлеуі (речь) зерттеу нысаны ретінде алынды.

Зерттеу барысында онлайн форматтағы сауалнама алынды. Біріншіден, Астана, Алматы және Шымкент қалалары мен еліміздің он төрт облысының баспасөз ақпарат құралдары өкілдерінен құралған «Қазақ журналистері» чат-


тобының мүшелері (жалпы саны – 256 адам), «Хабар» арнасының «Таңғы хабар» жобасы мен Қазақстан арнасынан көрсетілген «Дарын» шығармашылық жобасы мамандары ерікті түрде қатысты. Сауалнамаға қатысушылардың жұмыс кестесі мен демалыс күндері ескеріле отырып, зерттеу сегіз апта бойы жүргізілді.

Сауалнама <https://docs.google.com/forms> онлайн-сервисінде ұйымдастырылды. Сауалнаманың нәтижесі объективті болуы үшін телевизия саласында тәжірибесі бар мамандарға басымдық берілді. Себебі телевизиялық журналистика «дыбыс – бейне – сөз» ұштағанынан тұратын синкретті сала болғандықтан, кино, IT, музыка, тіл, әдебиет және т.б. салалардың терминдері, сөз тіркестері, техника атаулары, жұмыс үдерісіндегі сөз қолданыстары әр бағытта, әр мағынада жұмсалатындығынан хабардар сала мамандарының ой-пікірлері тілдік санадағы өзгерістерді, тілдің әлеуетін, ұғым мен атаудың аражігін анықтауға, мазмұн мен форма бірлігін жүйелеуге, лексикалық бірліктерді жіктеуге, талдауға мүмкіндік берер деген болжам жасалды. Сондай-ақ ішкі мазмұны мен графикасы сәйкес келмейтін шет тілдерінен енген кейбір сөздерге қатысты ұсыныс-пікірлерін білу мақсатында «өз нұсқаңыз» деген тармақша берілді.

Сауалнамаға қатысқандардың саны – 71 адам. Жас ерекшелігі: 18 жас пен 56 жастан жоғары (2-сурет):

Жасыңыз

71 ответ




Сурет 2. Сауалнамаға қатысушылардың көрсеткіші.

Сауалнамаға қатысушыларға 50 сұрақ қойылды. Әр жауап объективті болуы үшін анонимді түрде жауап алынды. Алдымен жас ерекшеліктері сұралды. Содан соң, телевизия саласында ер мен әйелдің үлес салмағын анықтау және көзқарастарымен мәселеге қатысты таңдауын білу мақсатында олардың жынысы да көрсетілді. Телевизия саласы, негізінен, шығармашылық жұмыс, ой еңбегі болғандықтан, сала мамандары тек қана арнаулы оқу орындарының түлектері болып есептелмейді, көп жағдайда адамның қарым-қабілеті, қызығушылығы мен дарынына байланысты қызмет атқарады. Сондықтан білім деңгейін әрі телевизия саласындағы кәсібін (маманданған


бағытын) білу маңызды болды. Бұл өз кезегінде, термин сөздің уәжін, мәнін, ұғымын анықтауда маңызды фактор болып саналады.

Сауалнама нәтижесі бір аймақ не қаламен шектелсе, зерттеу қорытындысын объективті талдауға да кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан респонденттерден жұмыс істеп отырған облыс (қаласы) да сұралды. Сауалнамаға қатысқан 71 респонденттің 57,7%-і 26-35 аралығындағы азаматтар болса, 12,7%-і 36-45 жас аралығындағы, 16,9%-і 46 мен 55 жас аралығындағы азаматтар, ал қалғаны – 12,7%-і 18-25 жас пен 56 жастан жоғары азаматтар. Байқағанымыздай, 26 мен 35 жас аралығындағы азаматтардың үлес салмағы басым. Жалпы, сауалнамаға қатысушылардың 56,3%-і әйелдер болса, 43,7%-і ерлер болды (3-сурет).



Сурет 3. Сауалнамаға қатысқан ер мен әйелдердің үлесі.


«Кәсібіңіз қандай?» деген сұраққа агроном, журналист, мұғалім, инженер, редактор, тележүргізуші, құқыққорғау, оқытушыжәне т.б. мамандықтардың тізбесін байқадық. Айта кететін бір мәселе: бұл жердегі «құқыққорғау, агроном, инженер» дегендер қатысушылардың бастапқы мамандығына байланысты дипломдары жөніндегі мәліметтер болып табылады. Сауалнамаға қатысқан 71 адамның 18,3%-і журналистика факультетінде оқыса, 7%-і оқытушы (педагогика саласын бітірген), 2,8%-і филология факультетінің түлектері. Әрі қарай пайыздық көрсеткіштер төмендей береді (құқық қорғау, бала дәрігері, агроном т.б.) (4-сурет).



Сурет 4. Сауалнамаға қатысушылардың мамандығы.

Сауалнамаға қатысқандардың арнаулы орта білімдісі – 5,2 %, жоғары білімдісі – 95,8%.

Респонденттерге «Қай өңірде/аймақта тұрасыз?» деген сұрақ қойылды. Нәтижесі мынадай: Алматы қаласы – 29,6%, Астана қаласы – 7%, Шымкент қаласы – 1,4%, Атырау облысы – 11,3%, Жамбыл облысы – 4,2 %, Алматы облысы – 2 %, Шығыс Қазақстан облысы – 2%, Ақтөбе облысы – 2%, Маңғыстау облысы – 2 %, Павлодар облысы – 1,4 % және т.б. Барлық облыстың статистикалық көрсеткішін санамалап шығуды мақсат етпедік, тек сауалнаманың сандық нәтижесі үшін пайыздық көрсеткіші жоғары негізгі өңірлерге тоқталдық. Байқағанымыздай, Алматы қаласы көш бастап тұр. Бұл, әрине, мәдениет пен руханияттың орталығы болғандықтан, басқа аймақпен салыстырғанда, миллион халқы бар мегаполистегі ақпарат саласының салмағын, ақпарат айдынындағы бәсекелестік ортаның деңгейін көрсетеді (5-сурет).



Сурет 5. Сауалнамаға қатысқан аймақтардың көрсеткіші.

Телевизия дәуірдің үні, замана ағысының айнасы болғандықтан, кез келген инновациялық-технологиялық өзгерістерден тыс қала алмайды. Экономикалық әлеуеті, ғылыми қуаты жоғары өндіруші елден енген техника, технология тұрмысқа ғана емес, тілге де орасан зор өзгеріс әкелуде. Сәт сайын еніп жатқан терминдерді тіркеп, ұлттық тілдегі баламасын ұсынып отыру әсте мүмкін емес. Десек те, жаңадан енген кірме сөздерге, терминдерге қосамжарланып, жарыса қолданылып жүрген нұсқалар жиі кездеседі. Осыған байланысты сауалнамаға қазіргі қазақ телевизиялық журналистикасында жарыса қолданылып жүрген лексикалық бірліктер іріктеліп алынды.

Сауалнамада берілген «подкаст» сөзінің қай нұсқасын қолдайсыз?» деген сұраққа респонденттердің 49,3%-і «подкаст» сөзін таңдаса, «үнхабар» сөзі 49,3%-і көрсеткен. Демек, ақпарат кеңістігіндегі жаңа тенденцияға айналған «подкаст» жанрын алдағы уақытта «үнхабар»деп қолдануға болатынын көрсетеді. Интернет кеңістігінде (әлеуметтік желі, Ютуб арнасында және т.б.) әртүрлі тақырыпта әңгіме қозғайтын екі немесе одан да көп адамның еркін әңгімесі «подкаст» деп аталады, көбінесе сұхбат жанрында болады, үнемі


жаңартылып отырады, радиобағдарламалардан айырмашылығы – оларды мобильді құрылғыға жүктеп, кез келген уақытта тыңдауға мүмкіндік болады. Бұл формат елімізде пандемия кезінде ерекше сұранысқа ие болды.

Ғылым, білім, техника мен экономика, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі термин сөздердің бірыңғай республикалық терминологиялық электронды базасы «Termincom.kz» сайтындағы 377 268 терминнің тізіліміне «подкаст» сөзі енбеген («Termincom.kz» электрондық базасы: <https://termincom.kz/about/>).

«Тікелей эфир» сөзінің қай нұсқасын қолданасыз?» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 90,1%-і «тікелей эфир» сөзін қолдаса, «live» сөзін 8,5% адам таңдаған, ал 1,4%-і «тікелей көрсетілім» нұсқасын құп көреді. Телеэкранда монтаждаусыз, қаз-қалпында, түсірілім алаңынан көрермен назарына бірден ұсынылатын трансляция түрін «live» дегеннен гөрі, «тікелей эфир» терминінің әбден қалыптасқанын байқатады.

«Жанды дауыс» терминінің қай нұсқасын қолданасыз?» деген сұраққа 46,5% «жанды дауыс» нұсқасын қолдаса, ал 52,1% «табиғи дауыс» нұсқасын белгілеген. «Боямасыз» нұсқасын 1,4%-і таңдаған. Соңғы жылдары теледидарда музыкалық ән байқаулары, шоу-бағдарламалар көрермен сұранысына қарай күрт көбейді. Телеэкранда музыкалық байқаудың ерекшелігін белгілеп көрсететін «жанды дауыс» тіркесі «табиғи дауыс» боп өзгергенін байқап отырмыз. Қазір сала мамандары «жанды дауыс» дегеннен гөрі, «табиғи дауыс» деп сөйлеуді әдетке айналдырған. Бұл деректі сауалнамаға қатысқан елге белгілі тележүргізушілердің жауаптары айғақтап отыр.

Телевизия саласында ең жиі қолданылатын терминдердің бірі – «запись» сөзі. «Termincom.kz» электрондық базасында «видеозапись» сөзі «бейнежазу» деп берілген. «Запись – жазып алу, жазу. Дыбыстарды және бейнелерді көп рет қабылдауға, қайта шығаруға немесе хабарлауға мүмкіндік беретін белгілі бір материалдық нысанда техникалық құралдардың көмегімен жазып алу [21,79]. Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, 77,5% адам «түсірілім» нұсқасын таңдаса, 19,7%-і «жазба» сөзін белгілепті. Қалғандары «таспаға түсіру» және т.б. өз нұсқасын ұсынған. Бір қызығы, «съёмка» – «түсірілім» деп айтылып, жазылып жүрсе де, «запись» терминін жұмыс үдерісінде «түсірілім» деп қарастырылуы – біз күтпеген дерек болды (6-сурет).



Сурет 6. Сауалнама нәтижесі.

Түсірілім жұмыстарын іске асыру мақсатында телекамераға, монтажға, автокөлікке және т.б. рұқсат сұрау үшін жазылатын құжат үлгісі «заявка» сөзіне байланысты қойылған сұраққа қатысушылардың 69%-і «өтінім» нұсқасын қолданатынын, 14,1%-і «заявка» нұсқасын құп көретінін жеткізген. Тіпті, қалғандары, нақтырақ айтсақ, 16,9% адам, «өтініш», «сұраныс» секілді нұсқаларды ұсынған.

«Бегущая строка» тіркесінің қай нұсқасын қолдайсыз?» деген сұраққа жауап нұсқалары әртүрлі болды: 1% адам «ешқайсысы сәйкес келмейді, «строка» болғаны дұрыс» десе, 84,5% қатысушы «жүгіртпе жолды» белгілеген, 9,9%-і «жылжымалы жол» дегенді көрсеткен. Сонымен қатар «кума жол», «жүгіртпелі жол», «жылжымажол», «жылжымалы сөз» (бәрінің орфографиясы сақталған) нұсқаларын ұсынған.

Телевизиялық жобалардың монтаждау жұмыстарында жиі қолданылатын сөздің бірі – «скачок». Қысқаша түсіндіріп өтсек, бейнекадрларды бір-біріне жалғағанда пайда болатын техникалық ақау, сапасыз монтаж көрінісі. Кәсіби салада жаргон ретінде, яғни спорттық секірумен байланыстырылған атау ретінде қалыптасқан, бүгінде кәсіби лексикада өте белсенді қолданылады. «Termincom.kz» сайтында «скачок» сөзі «секірме, секірім, секіріс» деп берілген. Сауалнамаға қатысушылардың 33,8%-і «секіріс» дегенді белгілесе, 32,4%-і «секірме» түрін таңдаған, ал 22,5%-і «скачок» түрін қолдаса, 11,3%-і «секірім» нұсқасын көрсеткен.

«Шапка – бас тақырып» деген қысқа анықтама берілген [21,358]. Тарқатып айтсақ, тележобаның атауы жазылған графикалық қыстырма (заставка). Мәселен, «театр киім ілгіштен басталатыны» сияқты телехабар «шапкадан» басталады. Кәсіби мамандар тіліндегі жаргон терминдік сипат алған. Сауалнамада берілген осы «шапкаға» қатысты сала мамандарының 57,7%-і «бас тақырып» деген нұсқаға тоқтаған, 28,2% адам «телемұқаба» деген сөзді белгілеген. Сонымен қатар пайыздық көлемі аз мөлшерде «телпек», «мандайша», «шапка», «тақырып», «басқасын ойлану қажет» деген нұсқалар да кездеседі. Ал «Termincom.kz» электрондық базасында «бас тақырып», «тақырыпша» деп бекіткен.

Телевизия әлеміндегі ең танымал сөздердің бірі – «тележүргізуші». «Телеведущий» сөзінен калькаланған «тележүргізуші» сөзі әбден тілдік санаға сіңіп, қалыптасып кеткен. Соңғы жылдары көрнекті қоғам қайраткері, журналист-ғалым Сағатбек Медеубекұлы «айтаман, айташы» деген нұсқаларды ұсынып жүр [31]. Осыған байланысты сауалнама статистикасына назар аударсақ, «тележүргізуші» сөзін қолдағандар саны – 91,5%, ал «айташы» нұсқасын белгілегендер саны – 8,5% құрап отыр. «Өз нұсқам» дегендер саны – 0.

Тележурналистикада «сетка» деген терминнің көтерер жүгі ауыр. «Сетка – тор, түсіру кезінде түрлі көріністі беру үшін қолданылатын жартылай айқын материал» [21,278]. Бүгінде «сетканың» функциясы күрделенген, эфирден көрсетілетін телебағдарламалардың уақыты мен кезегін, тележобалардың уақыт жоспарын да қамтиды. «Терминком» сайтында «тор, берілетін хабарлар реті,

торкесте» деп берілген. Сауалнама сұрағының нәтижесімен сабақтасақ, «сетка» сөзін «берілетін хабарлар реті» деген нұсқаны 38%-і таңдаса, 28,2% қатысушы «торкесте» дегенді жөн санайды, 15,5%-і «тор» десе, 8,5%-і «сетка» дегенді белгілеген. «Телекесте», «бағдарламалар реті», «бағдарлама кестесі», «бағдарламалар шығу реті» деген де ұсыныстар жазылған.

Бір кездері телебағдарламаның форматына сәйкес қозғалған тақырыпқа, мәселеге байланысты пікір білдіретін мамандарды «сарапшы», «сала маманы», «эксперт» деп айтса, титрға жазса, соңғы кездері белгілі бір мәселеге байланысты пікір білдіретін маманды «спикер» деп айту сэнге айналды. «Спикер» терминіне байланысты нәтиже мынадай: 66,2% «спикер» нұсқасын қалдыруды құптайды, 29,6% адам «айтарман» нұсқасын белгілеген. Сауалнама сұрағына байланысты жауап нұсқалары арасынан «басшы», «серке», «іспикер» нұсқалары да кездесті.

Сонымен бірге «Эксперт» сөзінің қай нұсқасын қолдайсыз?» дегенге «сарапшы» деп белгілегендердің үлесі – 81,6% болса, 18,4%-і «эксперт» нұсқасына тоқтаған.

Филология ғылымдарының кандидаты С.Медеубекұлы ұлттық журналистиканың төл терминдерін жаңғыртудың жолдарын ұсынып, лексикалық бірліктерді қолданысқа енгізудің жолдарын жіктей келе, «репортаж», «материал», «монолог», «диалог», «интервью» терминдерінің әрқайсысына балама ұсынады [32]. Автордың ұсыныстарын топтастырып, жинақтап, сауалнама сұрағы ретінде қарастырып көрдік. Нәтижесі мынадай: «Репортаж» сөзінің қай нұсқасын қолданасыз?» дегенге сауалнамаға жауап берушілердің 71,1%-і «репортаж» сөзін өзгертпей қолданған жөн» десе, 21,1%-і «оқиғат» нұсқасын қолдануға болады деп есептейді. Репортаж – журналистиканың хабар жанры. Белгілі бір оқиғаның бас-қасында болып, көзбе-көз көрген журналистің оны ізінше өз бақауы мен түйсігі, өз көзқарасы мен бағасы тұрғысынан әсерлі етіп баяндауы [21,263].

Телевизиялық журналистикада ең маңызды жұмыстардың бірі – кодировка немесе раскодировка. Арнаулы сала сөздігінде мынадай анықтама берілген: «Раскадровка (ағыл. storyboard) – қағаз планшеттерге салынып, жарнама ролигінің мазмұны мен сюжеттік тізбегінің даму ретін көрсететін үлгі» [24,140]. Осыған байланысты сауалнамаға қатысушылар мынадай таңдау жасаған: «кодтау» сөзі – 65,8%, «кодировка/раскодировка» сөзі – 28,9%. Ұсыныс ретінде «бейнебелгі», «белгілеу» нұсқалары жазылған.

Қазіргі кезде «наушник» техникалық құралы тек сала мамандарына ғана емес, қызығушылық танытқан кез келген адамға қолжетімді екені белгілі. Дыбыс сапасын, дауыс иірімдерін бақылау үшін монтаж редакторлары, дыбыс режиссерлары, шеф-редакторлар, бас редакторлар тұрақты түрде қолданады. Көп жағдайда «наушник» сөзінің баламасы ретінде «құлаққап» сөзі санаға сіңсе, әлеуметтік желіде «тындауыш» сөзі де белсенді қолданылып жүр. Статистикасына назар аударайық: 60,5% адам «құлаққап» деп пайдалануды құптайды, 34,2%-і «тындауыш» дегенге тоқтаған. Ал «наушник» дегенді таңдағандар саны – 5,3%.

Белгілі бір жобаның өзіне тән ерекшеліктерінің жиынтығы «специфика» деп аталады. Телевизиялық жобаның концепциясы мен сметалық құжаттамада кездесетін терминнің жарыспалы нұсқалары да бар. Барлық нұсқаны сауалнама аясында қарастырғанда, проценттік көрсеткіш мынадай болды: «специфика» сөзі – 26,9%, «төлсипат» сөзі – 46,2%, «ерекшелік» сөзі – 26,9%. Негізі, «termincom.kz» сайтында информатика және есептеуіш техника категориясында «сипаттама», «айрықша» терминдері берілген. Тіпті, бекітілген терминдер жинағында «маманданым» нұсқасы көрсетілген. Сонымен қатар 2018 жылы бекітілген терминдер тарауында «жұмыс спецификасы» түрінде де ұшырасады.

Фактчекинг – қазіргі медиакеңістіктегі трендтердің бірі. 2016 жылы өткен АҚШ-тағы Президент сайлауынан соң, маңызы арта түсіп, медиамамандардың жауапкершілігін күшейтті. Тіпті, көп жағдайда «верификация» деп те атайды. Екі атаудың да көтерер жүгі бірдей: ақпараттың шынайылығы, объективтілігі; тәуелсіз, бейтарап, нақты. Өртүрлі құралдар көмегімен дереккөздерді саралай отырып, дәйекті түрде тексеру деп түсіндіріледі. Пандемия кезінде уатсап, инстаграм, фейсбук әлеуметтік желілерінде тараған өртүрлі ақпараттарға байланысты «фактчекинг» сөзі де айрықша таныла бастады. Аудитория сенімі мен медиа ресурстың беделін қалыптастыратын «фактчекинг» терминіне қатысты сауалнама қорытындысына тоқталсақ: «фактчекинг» – 57,7%, «айғақ» – 23,1% және «зерттегі» – 19,2%. «Айғақ», «зерттегі» сөздері журналистика факультетінің студенттерінің ауызекі тілінен алынды.

«Экранизация» термині – кино, телерадио саласында көп кездесетін терминдердің бірі, www.academic.ru сөздіктер мен энциклопедия сайтында мынадай анықтама берілген: «Экранизация – (фр. «экран») әдеби шығарма желісімен түсірілген кино немесе телефильм». Сауалнама қорытындысына тоқталайық. «Экрандау» сөзі – 42,3%-ды құраса, «экранға шығару» сөзін – 34,6% адам белгілеген, ал 23,1%-ы «экранизация» деп жауап берген, «termincom.kz» сайтында «экрандау», «экранға шығару», «экранизация» үлгілері көрсетілген.

Интернет кеңістіктің аудио-бейне өнімдерін тұтынатын кез келген адам «просмотр» терминінің мәнін жақсы білетіні сөзсіз. «Просмотр» сөзіне қатысты нәтижеге назар аударсақ: «қаралым» сөзі – 84,6% респондент жауап берген, «көрілім» сөзінің пайыздық көрсеткіші 11,5%-ды құрап отыр. «Қарау, просмотр» деген нұсқалардың үлесі алдыңғылармен салыстырғанда аздау.

Телевизиялық журналистикада тележобалардың танымалдығы, қаралым көрсеткіші, көрерменнің сұранысы, жобаның өтімділігі рейтинг деңгейімен өлшенеді. Елімізде телеарналардың, телебағдарламалардың рейтинг деңгейін анықтаумен «ТНС Гэллап Медиа Азия» (TNS Gallup Media Asia) зерттеу компаниясы айналысады. «Рейтингке» қатысты БАҚ беттерінде «көрсеткіш», «беделбаға» нұсқалары да жарыса қолданылып жүр. «Рейтингке» байланысты сауалнама нәтижесі: «көрсеткіш» сөзі – 57,7% құраса, «рейтинг» сөзі – 38,5%-ға жетіп отыр. «Беделбаға» сөзін қолдану аясы 10%-дан асады.

Қазіргі уақытта тілдің лексикалық қабаттарының түрлі деңгейлерінде елеусіз қалып жатқан сөздерді ғылым тіліне айналып, ұлттық сипатының мән-

мазмұнының айтарлықтай өзгеруіне үлес қосып жатқан қазақ тележурналистика саласы әр аспектіде жүйелі түрде кешенді зерттеліп отыр. Академик Ш.Құрманбайұлы «Қазақ терминологиясы» еңбегінде масс-медиада жаңадан еніп жатқан тілдік оралымдар, жаңа сөздер мен терминдерге қатысты тың мәліметтер беріп, мысалдар келтіреді, ұлттық терминологияның эволюциясына кеңірек тоқталса [27,55], профессор Б. Қалиұлы «Қазақша термин жасау мәселесі» еңбегінде ұлттық терминологияның ескерілмей жүрген тұстарын атап өтіп, өз тұжырымдарын ұсынады [33,12-17].

Сонымен қатар С.Масғұтов [34], К.Қабылғазы [35], Қ.Тұрсын [36], Г. Ибраева [37], Қ. Әбжанов [38] зерттеу еңбектерінен тележурналистика теориясы мен тарихына, телешығармашылық терминдерінің даму, қалыптасу кезеңдеріне, зерттеу әдіс-тәсілдеріне, телеэкран терминдеріне қатысты бұрын-соңды айтылмаған деректерді табуға болады. Сондай-ақ теледидар «тіліне» қатысты анықтамалықтар мен сөздіктер құрастыру бойынша Қ. Тұрсын, Ж. Нұсқабайұлы [39], Д. Баймолда, Р. Ахмет [40] ізденістерінде телевизия, масс-медиа саласының ауқымды мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Жаһандану дәуірінде тележурналистиканың технологиялық саласының трансформациялануы оның «тіліне» ұдайы әсер етіп, аясын кеңейте береді. Бұл – заңды құбылыс. Сандық технологияның өндірістік тәжірибемен ұштасып, тележобалардың көрнекілігі мен безендірілуінің сәт сайын жаңарып-жаңғыруы, инновациялық ақпараттық жүйелер арқылы сапалы таралымы тележурналистика саласының кәсіби лексикасына, терминологиясына елеулі өзгеріске ұшыратты, бұл, өз кезегінде, қайта қарастыруды, мәселені шешудің жаңа міндеттерін жүктейді.

Сонымен қатар телевизиялық журналистикаға тікелей қатысты болмаса да, көтеріліп отырған мәселені жүйелеуге, талдауға, сараптауға мүмкіндік беретін, жетілдірілген әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануға бағыттайтын әрі тың теориялық мазмұндағы терминологиялық зерттеу еңбектері де аз емес. Мысалы, А. Азаматова «Метаязык лингвистики» еңбегінде лингвистика саласындағы терминологиялық номинация, метатіл, терминжасам мәселелері прагматикалық, лексикографиялық, семантика-құрылымдық аспектіде қарастырса [41,200], А. Ахметбекова «Лексикографические и метатекстовые характеристики терминологической дефиниции» монографиясында термин сөздердің негізгі айырым белгілерін жүйелеп, терминологиялық дефиниция мәнін ажыратып көрсетеді [42, 89], А.Сиротинина «Специфика состава молодой терминосистемы на примере терминологии перфузиологии» [43,24-34] мақаласында терминжүйенің төлсипатының негізгі ерекшеліктеріне тоқталады.

Зерттеу жұмысы барысында терминдерді біріздендіру мәселесі күні бүгінге дейін шешімін таппай отырғаны, мемлекеттік тілдің жұмыс үдерісіндегі рөлі, ғылыми-зерттеу жұмыстарында ескерілмей жүрген деректер анықталды. Бір айта кетерлігі: сауалнамаға қатысқан ер азаматтардан гөрі, әйелдердің үлес салмағы басым. Демек, бұл әйелдердің қазіргі уақытта телевизия саласында, эфир-монтаждау жұмыстарына белсенді араласатынын және осы салаға айрықша қызығушылық танытатынын көрсетеді.

Сонымен бірге сауалнама нәтижесі көрсеткендей, сала мамандарының жұмыс барысында орыс не ағылшын тіліндегі терминдерді, оралымдарды, тіркестерді қолдану көрсеткіші бірте-бірте «қазақылану» үдерісі жүріп жатқанын айтуға тиіспіз. Десе де, орыс тілінің коммуникативтік қызметі басым екенін жоққа шығара алмаймыз. Бұл, әрине, ақпарат құралдарының техникалық сипаттамасы мен жаңа технологияны үйлестіру-ұйымдастыру жұмыстарының, техникалық бағыттағы ақпарат көздерінің, ең алдымен, орыс тілінде ұсынылатынымен тікелей байланысты болса керек.

Дегенмен қазіргі қазақ тілінің қолданыс аясы, ұлттық терминологияны қалыптастыру мәселесі телевизиялық журналистика мамандарын ойландыратыны анық байқалады. Белгілі бір уақыттан соң, орыс тілінен калькаланған қазақ тіліндегі сөздердің әлеуеті күшейе түсіп, белсенді түрде қолданылып, бірте-бірте шет тілдегі нұсқасын ығыстыра бастайтынын аңғардық (мысалы, просмотр – қаралым, рейтинг – көрсеткіш).

«Termincom.kz» ғылым, білім, техника мен экономика, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі термин сөздердің бірыңғай республикалық терминологиялық электронды базасы қазақ терминологиясын жүйелеудің жаңа талаптарын жүзеге асыру, терминдерді және атауларды қазақ тілінің нормаларына сәйкес реттеу, терминологиялық атауларды қолдану тиімділігін арттыру бағытындағы жұмыстары сұранысқа ие екенін көрсетіп отыр. Әсіресе уақыттың өзі кейінгі кездері қолданысқа енген терминдерді электрондық базаға енгізу, саралау, бекіту жұмыстарын жүйелі әрі жедел түрде іске асыруды талап етіп отыр (бриф, подкаст, барабан, плашка және т.б. қарастырылмаған).

Сауалнама қорытындысы мемлекеттік тілдің телевизиялық журналистикадағы көрерменнің телеөнім «тілі» миссиясынан бөлек, техникалық-инженерлік және монтаждау, түсірілім жұмыстары үдерісіндегі коммуникативтік қызметті де толық атқара алатынына толық көз жеткіздік.

Телевизиялық журналистика терминдері көбінесе орыс тіліндегі бір құрамды не көп құрамды сөздердің (терминдердің) қазақ тілінде де сол құрамдарын әрі мағыналарын сақтап аудару тәсілі (калька) жиі қолданылады.

Жалпы, сауалнамаға қатысушылардың дені түпнұсқа тілдегі терминдердің өте белсенді қолданыстағы кейбір нұсқаларды өзгеріссіз күйде қолдануды құптаса да, көп жағдайда қазақ тіліндегі баламасына басымдық беріп, жұмыс үдерісінде кеңінен қолдануға деген ұмтылыстары зерттеу жұмысының негізгі әрі оң нәтижесі деп есептейміз.

Арнаулы сала терминологиясындағы ала-құлалықтың өріс алуына журналистер, сала мамандарын кінәлауға болмайды. Олар тілді тұтынушы ретінде белгілі бір деңгейде әсер еткенімен, бүкіл терминдердің қолданысын бірізге түсіру, жалпы терминологияны қалыптастыру олардың міндетіне жатпайды. Терминдердің қолданысындағы жарыспалылық, тілдік өлшемнің сақталмауы, жалпы салалық терминологияның даму бағытының айқындалмауы және т.б. ғылыми-тәжірибелік мәселелерді шешіп беру тілші-ғалымдарға жаңа міндет жүктеп отыр.

Салалық терминологиядағы жүйелілік, реттілік, бірізділік – мемлекеттік тілдің ғылым саласындағы қолданысын қамтамасыз етудің, ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналдырудың басты көрсеткіші. Тілдің тіршілігі терминологияға тәуелді.

Қазақ тілі білім, ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналып келе жатқанын байқауға болады. Қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюі – уақыттың басты үрдісі, заңды құбылыс. Мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі – ұлттық тілді дамыту заңдық мәртебесі бар саяси шешім қабылдаудың маңызын арттыра түседі.

2 ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ТЕРМИНДЕРІН БІРІЗДЕНДІРУ ҮДЕРІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 Тележурналистика саласындағы жаңа терминологиялық лексиканы аудару және көпнұсқалылық мәселелері

Тілдік жүйенің ұдайы даму үстінде болатын, өзгермелі бөлігі лексика екені белгілі. Әсіресе ақпараттық-технологиялар қарыштап дамыған кезеңде, өзгерістер мен толықтырулар үдерісінің куәсі болған ХХІ ғасырда лексиканың бір тармағы саналатын жаңа атаулар, сөз қолданыстары ана тілімізге белсенді түрде еніп, сөзжасам, терминжасам шекарасын кеңейтіп, көз ілеспес жылдамдықпен қарқын алуына түрткі болып отыр.

Қазіргі уақытта электронды БАҚ-тың маңызы арта түскен. Бұл ақпарат кеңістігіндегі жаһандану үрдісінің ықпалына және әлемдік медиа нарықтың тұтынушы сұранысына байланысты жайт деп санаймыз. Сол себепті кейінгі кездері отандық БАҚ-та, әсіресе телеарналардың шығармашылық шеберханаларында кірме сөздердің қатары көбейіп келеді. Бұл жөнінде зерттеушілер Д. Баймолда мен Р. Ахмет «Жаңа медианы қазақшалау мәселесі» атты мақаласында негізгі себептерінің бірі ретінде қазақтілді ақпарат құралдарының әлем елдерімен қарым-қатынастың кең етек алуымен түсіндіреді, қазақ журналистикасына қатысты оқу құралдары мен оқулықтардың басым көпшілігі орыс және ағылшын тілдерінен аударылатынын атап өтеді [44, 30]. Бұл жерде аударманың сапасы, терминдердің баламасын дәлме-дәл беру және т.б. мәселелер әлі де шешімін таппай отырғанын айта кетуіміз керек.

Тілге жаңа сөздер еніп, ғылыми интеграция аясында жаңа ұғымдармен толығып жатуы – заман талабы. Айта кететін бір жайт: ұғым көп жағдайда өзге тілдегі нұсқасында қабылданып, игеріледі. Ақпараттың көп болуының салдарынан «түбі бөлек» терминдерді «қазақы шапан жауып», ғасырлар бойы қалыптасқан тіл табиғатына сай игере алмауымызға байланысты сол күйінше пайдалана беру – тілдің ішкі даму заңдылығына, сөзжасамдық, терминжасамдық жүйесінің дамуына кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Кірме сөздерді игеру барысында атау сөзге балама табылады немесе түпнұсқа күйінде қолданыла береді. Күні бүгінге дейін шет тілден енген сөздерді өзгертпестен, қабылдап алу үрдісі жалғасып келеді.

Ғалым Е. Әбдірәсілов бұл жағдайға қатысты: «себеп біреу: тілді пайдаланушы ұлт тілін пайдаланушылар санасы, көп жылдар бойы сол сананы қалыптастырған ұлт тілінің әлі де үстемдік етуі, қоғамдағы қолданыста басымдыққа ие болуы, қазақ тілділердің, қазақтардың тілдік санасына билік құруы», - деп тұжырымдайды [45, 38-42]. Ғалымның пікірін толық қолдаймыз, әйтпесе сөзбе-сөз аударылған атауларды сіңіру – кез келген тілдің мүмкіндігі, қай тілде де мойындалған құбылыс. Қандай сөз болмасын сәтті жасалса, тіпті сәтсіз жасалғанына қарамастан, белгілі бір уақыттан соң, құлаққа сіңіп, көз үйреніп, халық тілінде жатталып, ұрпақ санасында сақталып, айтыла бастайды.

Әр басылымда бір терминнің алуан түрлі нұсқада қолданылып, жарыспалы болуының себебі неде? Жарыспалы нұсқаның көп болуы қаншалықты дұрыс? Осы мәселеге қатысты лингвистикалық тұрғыда академик Ш. Құрманбайұлы «Қазақ терминологиясы және БАҚ» деген тақырыпта өткен республикалық ғылыми-тәжірибелік мәслихат жұмысына байланысты «Ана тілі» газетінде жариялаған баяндамасында жүйелі талдау жасайды, термин қалыптастырудың алғашқы кезеңінде жарыспалықтың болуы міндетті екенін ғылыми негізде жан-жақты түсіндіріп, ұғымның мазмұнын аша түсетіндей белгілер оның атауымен ұштасып жатса, тілдік санада тез қалыптасатынын айтады [46, 6].

Терминологиялық қор – үнемі толығып, дамып, сұрыпталып отыратын, динамикалық күйдегі құбылыс. Терминдермен толығыуы, сөздердің көбеюі түрлі жолдармен жүзеге асады. Ұғым мен атауларды өзге тілден алу, ұлттық терминдер жасау, баламасыз қолдану – барлық тілге тән заңдылық. Ең бастысы, шет тілден енген терминдерді игеру, ұғымды дәлме-дәл атай білу, белсенді сөз жасау – ұлт тілінің бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші.

Телевизиялық журналистика терминдерін қарастыру барысында жалпы ғылыми әдістер, нақтырақ айтсақ, бақылау әдісі, сипаттау әдісі, жүйелеу әдісі, лексика-семантикалық топтау, лингвостатистикалық және құрылымдық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу телевизия саласы мамандарының жұмыс үдерісінде қазақ терминдерін және кірме терминдерді қаншалықты пайдаланатынын анықтау мақсатын көздейтіндіктен, арнаулы техникалық мүмкіндігі жоғары құрылғы көмегімен аудиожазба түрінде тәжірибе жасалды. Тәжірибеге республикалық беделді телеарнаның тікелей эфирінде жұмыс істейтін қазақтілді шығармашылық ұжымның қызметкерлері қатысты. Зерттеу жұмысының нәтижесі объективті болуы үшін тәжірибеге қатысушыларға қысқа әрі нұсқа ақпарат берілді, толық түсіндіруді мақсат етпеді. Шығармашылық ұжымның жұмыс үдерісі кезінде кәсіби бағыттағы лексикасына басымдық берілді, бақылау жасалды. Алынған нәтижелерге талдау жүргізіліп, кесте және сурет түрінде топтастырылды. Бір айға созылған (30 жұмыс күні) тәжірибе нәтижелеріне сандық және сапалық тұрғыда талданды, осыған дейін зерттелген отандық және шетелдік ғалымдардың ең маңызды ғылыми еңбектеріне шолу жасалып, жұмыс үдерісінде қолданылған терминдердің жиілігі анықталды.

Кез келген тілдің терминологиялық әлеуеті оның сандық құрамына және сапалық мазмұнына тәуелді. ҚР ҰҒА академигі, профессор Ш. Құрманбайұлының зерттеуіне сүйенсек, XX ғасырдың 70-жылдары жазылған мақаласында ғалым М. Макова сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдер ағылшын тілі терминологиясының 70%-ін құрайды десе, зерттеуші З. Осипенко ғылыми еңбегінде орыс тілі терминологиясындағы тіркесу арқылы жасалған терминдер терминологиялық қордың 62-77% көрсеткішке ие деп жазады. Мұны В. Прохорованың орыс тіліндегі синтаксистік жолмен жасалған терминдер жөніндегі ой-пікірі қуаттай түседі [27, 578].

Терминтанушы ғалым Ш. Құрманбайұлы А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал», «Әліппе», «Әдебиет танытқыш», Е. Омарұлының «Пішіндеме», Х. Досмұхамедұлының «Жануарлар», Ж. Аймауытұлының «Психология», М. Жұмабайұлының «Педагогика», М. Дулатұлының «Есеп тану» деген оқулықтары мен оқу құралдары жөнінде айта келіп, орта есеппен алғанда, терминдердің 90%-і қазақ тілінің төл сөздері, төл сөздер негізінде жасалған жаңа атаулар екенін атап өтеді. Кірме атаулардың пайыздық үлесі тым төмен, небәрі 10-15% көлемінде ғана. Тіпті, олардың көбі ана тіліміздің дыбыстық ерекшеліктеріне бейімделіп, үндесім заңын сақтай отырып, өзгертілгенін айтуымыз керек. Бірақ бұл көрсеткіштер кеңес дәуірі кезінде ұлғая түскен, сол кезеңде кірме терминдер қазақ терминологиялық қорының 70-80%-іне жеткен [27, 583].

Филология ғылымының кандидаты Б. Жонкешов «Жас қазақ» газетіндегі мақалада былай дейді: «Қазақ терминологиялық қорында 333 000-ға жуық термин бар екен. Оның 33 479-ы орыс тілі арқылы енген шет тілі терминдерінің санын құрайды. Бұлар орыс тілінде қалай жазылып, айтылса, қазақ тілінде де дәл солай таңбаланып, дыбысталады. Олардың қазақ тілінде баламалары табылып, қолданысқа енгендерінің саны – 6317 бірлік. Ал енді осы жерден ойланайық, қазір жиі айтылып жүрген, «шеттен енген терминдерді жаппай, жөнсіз аударып жүр» деген қағида қаншалықты шындыққа жанасады?! Шеттен енген (орыс тілінен) 33 479 терминнің 2 пайызын ғана игердік емес пе? Бұл көрсеткіш өз заңдылығы, өз тарихы, өз тұтынушысы бар тәуелсіз тілге көптік ете ме?! Жауабын халықтың өзі берер» [47, 5].

Тіпті, басқа тілдерге «донор» болып саналатын ағылшын тіліне де өзге тілдерден сөздер көптеп енген. Бұл, әрине, тілдегі кірме сөздердің көп болуы икемділік, мәдениаралық байланыс, толеранттылық, шығармашылық негіз болуымен де байланысты [48, 252]. Кірме сөздердің дені терминдер, кәсіби сөз қолданыстары екені белгілі. Бұл жайында ғалым Р. Durkin ағылшын тілінің сан ғасырлық тарихи жағдайды бастан кешіргенін, соның нәтижесінде шеттілдік сөздердің көбею себептерін саралай келіп, қазіргі уақытта ағылшын тілінде 29% француз сөзі, 29% грек сөзі, 26% неміс сөзі болса, 6% басқа да тілдерден енген кірме сөздер екені атап өтеді [49, 457-466]. Демек, тіл үздіксіз, жүйелі, үзіліссіз жетіліп отыратын эволюциялық жүйе екенін аңғарамыз. Сондықтан белгілі бір тілдің лексикалық қоры сан түрлі жолмен толығып отырады. Ешбір тіл бір тілден екінші тілге еніп отыратын лексикалық бірліктерден тыс өмір сүре алмайды деп айтуға толық негіз бар. Нақтырақ айтсақ, мемлекет пен мемлекеттің, адам мен адам арасындағы саяси-әлеуметтік, мәдени ықпалдастық, қарым-қатынас түбі бөлек, тегі басқа тілдер арасында да жалғаса береді. Осы орайда тілді өлі организм емес, дамып отыратын үдеріс ретінде қарастыратын Гумбольдтың лингвистикалық ұстанымдары пікірімізді нақтылайды [50, 65].

Тілші-ғалым Б. Исхан өзге тілдік термин сөздерге қазақша атау беру аса маңызды екенін атап өтіп, сирек қолданыстағы байырғы сөздерге жаңа мағына үстеу арқылы немесе түрлі қосымшалар арқылы жасалған жаңа атаулардың

қоғамнан тыс оқшауланып, қағаз жүзіне қалып қоюдың себебін былайша түсіндіреді: «...тілдік жүйеміздің өзінде үлкен кедергі бар: кезінде кеңестік жүйенің орыстандыру саясаты негізінде жасалған қазақ тілі әліпбиі мен емле ережелері орыс тіліне тән дыбыс-әріптерден құтылмайынша, бөтен тілдік термин сөздерді қазақшалап игеру өте қиын» [51,42-54].

Осы ретте терминологиялық қордағы игерілмеген, орыс тілінде қалай жазылып, айтылса, мемлекеттік тілде сол күйінше таңбаланып, қолданылып жүрген терминдердің дені телевизиялық журналистикаға да тікелей қатысты деп ойлаймыз. Соңғы жылдары ғылыми-технологияның қарыштап дамуы, медиа саласына орасан зор өзгеріс әкелді. Сондықтан кірме терминдердің пайыздық үлесі одан әрі артпаса, кеми түспесі анық.

Дегенмен ғалым Липилинаның зерттеуінше, орыс тілі ондағы кірме сөздердің көбеюінен жұтанданып қалды деген пікірмен келіспейді. Кірме сөздердің бірде-бірі француз немесе неміс тілінің әсерінен орыс тілінің терминологиялық қорына «нұқсан келтірмегенін», керісінше, тіл дамуына айрықша ықпал еткенін дәлелдейді [52]. Түйіндеп айтсақ, жаһандану үрдісінен жасырыну мүмкін емес. Әлем өзгеріп жатыр. Адамдар да бейімделуге тиіс. Әлем дегеніміз – адам. Адам дегеніміз – тіл. Тіл дегеніміз – адам.


Телевизия саласының мамандарының жұмыс барысында кәсіби тілдің жұмсалым қызметін, шет тілдерінен енген терминдер мен ұлттық терминдерді қолдану деңгейін анықтау мақсатында тәжірибе жүргізілді. Тәжірибе 2021 жылғы 4 қазан мен 12 қараша аралығын (30 жұмыс күні) қамтыды. Зерттеу нысаны ретінде «Хабар» арнасынан дүйсенбі-жұма аралығында көрсетілетін «Таңғы хабар» ақпараттық-танымдық, ойын-сауықтық бағдарламасының жылжымалы-техникалық стансасының қызметкерлерінің сөйлеу тілі алынды. Шығармашылық ұжымға алдын ала бұл тәжірибенің тек ғылыми-зерттеу мақсатын көздейтіні ғана ескертілді, зерттеу жұмысының объективті нәтижесі үшін егжей-тегжейлі түсіндіруді мақсат етпедік. Осы орайда «неліктен «Таңғы хабар» бағдарламасы таңдалды?» деген сұраққа қысқаша жауап бере кетсек.

«Таңғы хабар» хабары – тікелей эфирден берілетін, 3 сағатқа созылатын еркін форматтағы тележоба. Үш блоктан тұрады, әр шығарылымы белгілі бір тақырыпты қозғайды, музыкалық топтың (ән, күй, би және т.б.) сүйемелдеуімен өтеді, танымал тұлғалармен сұхбатқа құрылған. Жоба жетекшісі әрі бас продюсері – тележурналист, Ақпарат саласының үздігі Ысқақов Илияс Башарұлы. Жобаның бір шығарылымын 50-ден астам қызметкер әзірлейді.

ТОП 10 ОСНОВНЫХ КАНАЛОВ				ТОП 10 ОСНОВНЫХ КАНАЛОВ Прайм-тайм			
1	ЕВРАЗИЯ	23,60	23,50	ЕВРАЗИЯ	1		
2	КТК	17,70	15,30	КТК	2		
3	QAZAQSTAN	9,80	11,50	QAZAQSTAN	3		
4	АСТАНА	9,30	10,40	АСТАНА	4		
5	НТК	7,80	6,80	ХАБАР	5		
6	ХАБАР	5,90	6,80	НТК	6		
7	МИР	5,50	5,10	31 КАНАЛ	7		
8	31 КАНАЛ	4,90	4,70	7 КАНАЛ	8		
9	7 КАНАЛ	3,30	3,90	МИР	9		
10	ALMATY TV	0,70	0,50	ALMATY TV	10		

Сурет 7 – «Таңғы хабар» бағдарламасының жарнамасы.

«Хабар» арнасынан көрсетілетін бағдарлама көрерменге 100% мемлекеттік тілде ұсынылады. Қазіргі уақытта аудиториясы қалыптасқан, жоғары рейтингіге ие (7-сурет).



Сурет 8 – «Таңғы хабар» бағдарламасының рейтинг кестесі.

Зерттеу мақаласының нәтижесі дәйекті әрі объективті болуы үшін, тікелей эфир кезінде жұмыс істейтін қызметкерлердің тізімін де көрсетуді жөн санаймыз (2-кесте).

Кесте 2. «Таңғы хабар» бағдарламасының ПТС /жылжымалы-техникалық стансы/ қызметкерлерінің тізімі.

№	Аты-жөні	Қызметі
1	Жандос Еспенбетов	Жобаның бас режиссері
2	Саят Шапағатов	Эфир режиссері
3	Шынар Ұларханқызы	Жоба продюсері
4	Гүлім Қошқарбаева	Эфир редакторы
5	Лаура Мырзахан	Режиссердің ассистенті
6	Бағлан Жүндібаев	Инженер
7	Рақым Әлқожа	Дыбыс режиссері
8	Ұлан Дүйсенбай	Телеоператор
9	Серік Қуанышов	Телеоператор
10	Саша Талаев	Телеоператор

Шығармашылық топ құрамындағы әр маман қазақ тілін жетік меңгерген, атқаратын қызметіне сәйкес арнаулы кәсіптік, жоғары оқу орындарын тәмамдаған. Шығармашылық ұжымның жұмыс тілі, негізінен, қазақ тілі болып саналады.

Тәжірибе жұмысы барысында үш сағатқа созылатын бағдарламаның бірінші блогының (сағ.07.00-08.00) 60 минуттық аудиожазбасын жасадық. Жоба қызметкерлерінің тек кәсіби бағыттағы пікірлері, сөйленістері, сөз қолданыстары, тапсырма-бұйрықтары және т.б. бағдарламаның бірінші

сағатындағы ғылыми-зерттеу жұмысына қатысы бар тұстарына басымдық берілді, 30 күнге созылған аудиожазбаның дыбыстық нұсқасы сақтаулы, бес хабардың стенограммасы жасалды (3-кесте).

Кесте 3. «Таңғы хабар» бағдарламасының «төлкүжаты».

Жоба атауы	«Таңғы хабар»
Жанры	Ақпараттық-танымдық, ойын-сауықтық
Тілі	Қазақ тілінде
Аудиожазба хронометражы	60 минут
Аудиожазба жасалған орын	«Қазақфильм» АҚ / «2PARTNERS» ЖШС

Телевизия саласы тар шеңберлі мамандықтардың бірі болғандықтан, ғылыми көпшілікке түсінікті болуы үшін тікелей эфир кезіндегі телевизия мамандардың диалогтарынан үзінді берілді. Мәселен (4-кесте):

Кесте 4. Стенограммадан үзінді. 2021 жылғы 5 қараша.

Сөйлеуші	Қызметі	Сөзі
Жандос Еспенбетов	Режиссер	«Тікелей эфир. Жиналамыз! Кран, всегда жди команду. Внимание! Перебивкадан соң, бастаңдар!»
Лаура Мырзахан	Режиссер ассистенті	30 секунд қалды. Эфирге ораламыз.
Жандос Еспенбетов	Режиссер	«Тема» беріп жібер. Лаура, қайтадан қой титрды. Мейрамбек, бірінші камераға айтсайшы. «Общий»-ға емес...»
Шынар Ұларханқызы	Продюсер	«Неге пауза? Клипқа кет. Бол!Быстро!»
Гүлім Қошқарбаева	Редактор	«Екі жүргізушінің позициясы анықталып келе жатыр. В темпе... Информацияларың бар ғой. Осыдан кейін «темаға» байланысты материал бар. Соған «подводка» жасау керек. Қазір эфирге «кірген» кезде «коммент» айтыңдар...»
Жандос Еспенбетов	Режиссер	«Дайындаламыз! Екеуіңнен басталады. «Зажигать» етіндерші. Динамика керек. Поехали, кран!»
Жандос Еспенбетов	Режиссер	«Кранға қараңдар. Кеттік, кран! Ждем команду...»

Зерттеу жұмысының мақсаты сөйлеушілердің сөзін, сөйлеу (речь) тілін, диалог құрылымын, оның стилін және т.б. талдау емес, телевизия саласындағы мамандардың жұмыс кезінде қазақ тілінің төл терминдері мен кірме терминдерді қолдану деңгейін анықтау, бекітілген терминдердің жұмыс үдерісінде қаншалықты пайдаланатынын білу екендігін ескерте кетеміз. Осыған байланысты сала мамандарының тілі ғылыми көпшілікке беймәлім болғандықтан, тікелей эфирде жұмыс істейтін шығармашылық ұжымның

сөйленістерінің стенограммасынан үзінді беріліп отыр. Көріп отырғандарыңыздай, мемлекеттік тілде ұсынылатын тележобаның шығармашылық шеберханасында айтылып жатқан ұсыныс, сөйленіс, пікір, бұйрық беру, талап ету және т.б. басқасын айтпағанда, терминологиялық мәселелердің өзектілігін, күрделілігін аңғартады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне байланысты 30 күнді қамтыған аудиожазба мәліметтері, негізінде, бес күндік эфир жұмысының стенограммасы жасалды. Ғылыми нәтиже бірсарынды, бірыңғай сандық сипатқа ие болмас үшін уақыт жиілігіне мән бердік, мәселен, 2021 жылғы 5 қазан, 18 қазан, 29 қазан, 1 қараша, 12 қараша күндері таңдап алынды.

Тікелей эфир кезіндегі кәсіби мамандардың сөйлеуі негізінде жасалған стенограмма мәтіні статистикалық талдау арқылы зерделенеді. Мәтін бойынша жасалған сандық көрсеткішті талдаудың нәтижесінде төмендегідей статистикалық деректер алынды (5-кесте).

Кесте 5. Стенограмма топтамасының сандық көрсеткіші.

№	Стенограмма	Қазақ тіліндегі сөз саны	Орыс тіліндегі сөз саны	Еуропа тіліндегі сөз саны	Барлығы
1	2021 жылғы 5 қазан	113 сөз	53 сөз	24 сөз	190 сөз
2	2021 жылғы 18 қазан	73 сөз	52 сөз	18 сөз	143 сөз
3	2021 жылғы 29 қазан	108 сөз	82 сөз	45 сөз	235 сөз
4	2021 жылғы 1 қараша	157 сөз	43 сөз	42 сөз	241 сөз
5	2021 жылғы 12 қараша	120 сөз	56 сөз	35 сөз	211 сөз

Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, 2021 жылғы 5 қазанда эфирге шыққан шығарылымның стенограмма мәтіні 190 сөзден құралған. Қазақ тіліндегі сөз саны – 113 сөз, орыс тіліндегі сөз саны – 77 сөзді құрап отыр.

2021 жылғы 18 қазандағы хабарды жасаған шығармашылық ұжымның жұмыс үдерісінде қолданған кәсіпби сөз саны – 143 сөз болса, оның 73-і мемлекеттік тілдің сөздік қорынан берілсе, 70 сөз орыс тілінде айтылған.


2021 жылғы 29 қазандағы эфир барысында 235 сөз қолданылса, оның ішіндегі 108 сөз ұлттық терминологияға тиесілі, ал қалған 127 сөз орыс тілінде қолданылған.

2021 жылғы 1 қарашада ұсынылған жобаның жұмыс үдерісінде кәсіби мамандар 241 сөз қолданса, оның 157 сөзі қазақ тілінде, ал 85 сөз орыс тілінде қолданылған.

2021 жылғы 12 қарашада көрсетілген бағдарламаны әзірлеушілер кадр сыртында айтқан 211 сөздің 120-сы қазақ тіліне тән болса, 91-і орыс тілінен енген терминдерге қатысты болып отыр. Айта кетерлігі, бұл жерде орыс тіліндегі терминдер ретінде орыс тілі арқылы шет тілдерінен енген терминдер саны да қамтылды.


Жалпы алғанда, бес күндік тікелей эфир кезіндегі жұмыс барысында жазылған стенограмма мәтінінде қазақ тілінде берілген сөз, сөз тіркесі 46-65%

аралығында болса,орыс тілі арқылы енген терминдер, шамамен, 35-54%-ды көрсетіп отыр (9-сурет.).



Сурет 9 – Стенограмма мәтінінде кездесетін терминдердің пайыздық көрсеткіштері.

Байқағанымыздай, мемлекеттік тілдің әлеуеті әлеуметтік-тұрмыстық деңгейде емес, керісінше, ақпараттық-техникалық салаларда да кең қолданыста екенін аңғаруға болады, жұмыс үдерісіндегі ұлттық терминология ықпалы күшейіп келеді. Кәсіби сала мамандарының ана тілінен бөлек, ероупа тілдерін меңгеруі жұмыс үдерісін іске асыруға бағытталған қарым-қатынас тілінің әртараптандырылғанын, салалық терминологиялық қордың терминдер санын көбейткенін аңғаруға болады. Сөзіміздің айқын дәлелі ретінде тәжірибе жүзінде анықталған мәліметтер негізде көрнекі түрде диаграмма бойынша өрнектеп көрейік (10-сурет.):



Сурет 10 – Стенограмма мәтінінде кездесетін терминдердің пайыздық үлесінің кеңейтілген көрсеткіші.

Тәжірибе жұмысының нәтижесі көрсеткендей, бірінші күнгі (2021 жылғы 5 қазан) жұмыс үдерісінде қазақ тіліндегі сөз 59%-ды құраса, орыс тіліндегі сөз саны 28%-дан аспаған, ал еуропа тіліндегі сөз саны 13%-ды көрсетіп отыр. Екінші күнгі (2021 жылғы 18 қазан) стенограмма жазбаның статистикасына сүйенсек, қазақ тіліндегі сөз 51%-ды көрсетсе, орыс тіліндегі сөз 36%-ға жеткен, ал еуропа тіліндегі сөз 13%-ға жуық. Үшінші күнгі (2021 жылғы 29 қазан) стенограмма есебі мынадай: қазақ тіліндегі сөз саны – 46%, орыс тіліндегі сөз саны – 35%, еуропа тіліндегі сөз саны – 19 %. Төртінші күнгі (2021 жылғы 1 қараша) стенограмма мәтінінде қазақ тіліндегі сөз 65% болса, орыс тіліндегі сөз – 18%, еуропа тіліндегі сөз саны 17%-ға жеткен. Бесінші күнгі (2021 жылғы 12 қараша) мәтінге талдау жасағанда, қазақ тіліндегі сөз саны – 57%, орыс тіліндегі сөз саны – 27%, еуропа тіліндегі сөз саны – 16%-ды құраған (6-кесте):

Кесте 6. Стенограмма мәтінінде кездесетін терминдердің сандық және пайыздық көрсеткіштері.

№	Стенограмма	Қазақ тіліндегі сөз саны, пайызы	Орыс тіліндегі сөз саны пайызы	Еуропа тіліндегі сөз саны, пайызы	Барлығы, пайызы
1	2	3	4	5	6
1	2021 жылғы 5 қазан	113 сөз 59%	53 сөз 28%	24 сөз 13%	190 сөз 100%
2	2021 жылғы 18 қазан	73 сөз 51%	52 сөз 36%	18 сөз 13%	143 сөз 100%
3	2021жылғы 29 қазан	108 сөз 46%	82 сөз 35%	45 сөз 19%	235 сөз 100%
4	2021 жылғы 1 қараша	157 сөз 65%	43 сөз 18%	42 сөз 17%	242 сөз 100%
5	2021 жылғы 12 қараша	120 сөз 57%	56 сөз 27%	35 сөз 16%	211 сөз 100%

Түсінікті болу үшін айта кетейік, кестеде берілген қазақ тіліндегі, орыс тіліндегі және еуропа тіліндегі сөздерді топтастыру қағидаттарына, лингвистикалық теориясына тоқталып жатпаймыз, тек мысал түрінде ұсынамыз:

–қазақ тіліндегі сөздер:бейнебаян, бейнематериал, жарнама, тыңдауышжәне т.б.;

–орыс тіліндегі сөздер:подводка, перебивка, шапка, наушник, подача және т.б.;

–еуропа тілдерінен енген сөздер (түпнұсқа бойынша қолданылатын және орыс тілі арқылы шет тілдерінен енген терминдер сөздер): титр, команда, студия, камера, диафрагма, пипка, реквизит, кадр, анонс, панорама, кран, мотор және т.б.

Тәжірибе барысында аудиожазба мәтіндері бойынша жұмыс үдерісінде терминдердің қолданылу жиілігі анықталды.

«Бағдарламаның атауы жазылатын графикалық қыстырма», яки бағдарламаның кіріспесі (басталуы) кәсіби мамандар арасында «шапка» деген атауға ие. «Шапка» сөзі 27 рет қолданылған. «Termincom.kz» электрондық базасында «шапка» сөзі «бас тақырып» деп берілген (<https://termincom.kz/>). Ал жұмыс үдерісінде «шапка», «шапқы», «шәпкі», «телпек» түрінде белсенді қолданылады.

Ең жиі қолданылатын сөздердің бірі – «студия». Сөздікте берілген анықтаманы қысқартып берсек, студия – «теледидар бағдарламаларының түсірілім жұмыстары ұйымдастырылатын арнаулы құрылғылармен жабдықталған орын» (<https://proland.ru/terms/>).

Жұмыс үдерісінде режиссер эфирге жауапты мамандарды жалпылай «студия» деп атау жиі кездеседі. Мәселен, «Студия, тыныштық!», «Студия, дайындаламыз!» және т.б. Бес күнде «студия» сөзі 25 рет айтылған. Аталмыш сөздің аудармасына қатысты ешқандай ұсыныс-пікір жоқ. Қай тілде болмасын, «студия» деп айту әбден орныққан.

Мәтіндегі сөздердің жиілігін анықтағанда, «кран» сөзі 24 рет айтылғаны белгілі болды. «Кран дегеніміз – камераға тік және көлденең жазықтықта қозғалыс беру арқылы кинофильм немесе телебағдарлама бейнесінің мәнерлілігін арттыратын арнаулы құрылғы» (<https://proland.ru/terms/>).

Нақтырақ айтсақ, тележобаларда, түрлі түсірілімдерде төбеде қалықтап, жоғары-төмен қозғалып, экранға әсерлілік беретін кәдімгі құрылыс жүк кранына ұқсайтын камера түрі. Жиілігі жоғары сөздердің қатарында болу себебі тікелей эфир кезінде режиссер мен оператор жұмысының тандеміне байланысты болса керек. Сөздікте берілгендей, «студия краны, оператор краны» деп жиі айтыла бермейді, көп жағдайда осы бір камера техникасы да, оператор да «кран» аталып кеткен.

Дыбыс – телевизия үшін бейнеден кейінгі ең маңызды элементтердің бірі. Мәтіннен бұрын бейнеге, сосын дыбысқа айрықша көңіл бөлінеді. Өйткені көрермен көзбен «қарсы алып», құлақпен «шығарып салады». Әсіресе дыбыстың «күдіретін» тікелей эфир кезінде дыбыс режиссері ғана шынайы түсіне алады. Егер тікелей эфирді «мылтықсыз майдан» десек, бір ғана дыбыс эфирдің өзі, көзі, сөзі бола алады. Сондықтан болса керек, жиілігі басым сөздің қатарында тұр, 23 рет қолданылған. Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, жұмыс үдерісінде «дыбыс» сөзіне қарағанда, «звук» сөзі көп қолданылады.

Тәжірибе барысында тележурналистика саласы мамандарын жұмыс үдерісінде қолданған барлық сөздерді талдау жұмыстың көлеміне байланысты мүмкін болмады. Төмендегі кестеде ең жиі кездесетін 30 сөз кему реті бойынша таңдалып алынды, олардың анықтамасы берілді, «Termincom.kz» электрондық базасында бекітілген нұсқасы көрсетілді, жұмыс үдерісінде қолдану үлгілері мен жиілігі ұсынылып отыр (7-кесте):

Кесте 7. Стенограмма мәтіндеріндегі сөздердің қолданылу жиілігінің көрсеткіштері.

№	Сөз	Анықтамасы	Сөздікте берілуі	Жұмыс үдерісінде қолданылуы	Жиілігі
1	2	3	4	5	6
1	Шапка	Бағдарлама атауы жазылған графикалық қыстырма	Бас тақырып	Шапка/шәпкі/телпек	27
2	Студия	Теледидар бағдарламаларының түсірілім жұмыстары ұйымдастырылатын арнаулы құрылғылармен жабдықталған орын	Студия	Студия	25
3	Кран	Камераға тік және көлденең жазықтықта қозғалыс беру арқылы кинофильм немесе телебағдарлама бейнесінің мәнерлілігін арттыратын арнаулы құрылғы	Студия немесе оператор краны	Кран	24
4	Дыбыс	Қатты, сұйық немесе газ тәрізді ортада механикалық тербелістердің серпімді толқындары түрінде таралтын физикалық құбылыс (шу, үн, дауыс)	Дыбыс	Звук	23
5	Камера	Телевизиялық бейнежазуға арналған, кассеталық бейнемагнитофон мен біріктірілген, шағын әрі тасымалдауға ыңғайлы электрондық аспап	Телекамера	Камера/кәмер	22
6	Жарнама	Белгілі бір зат пен құбылысты, іс-әрекет пен қызметті елге таныту, насихаттау, оларға деген сұранысты күшейту мақсатын көздейтін хабарлама жиынтығы	Тележарнама	Реклама	21
7	Хронометраж	Бейнематериалдың (аудиожазбаның) немесе аяқталған журналистік жұмыстың ұзақтығы.	Уақытөлшем, Ұзақтық	Хроно/уақыт	20
8	План	Кескін масштабы, кадр сипаттамасы	Көрініс	План	19
9	Бейнебаян	Әннің мазмұнын аша түсетін түсірілім	Бейнебаян	Клип	18

1	2	3	4	5	6
10	Тақырып	Баяндалатын оқиға мен ойдың түйіні	Тақырып	Тема	17
11	Подводка	Бейнесюжетке кіріспе, бағдарлама жүргізушісінің ақпараты	Елеңдетпе	Подводкі	15
12	Титр	Телебағдарламадағы ақпараттық жазу	Титр	Титр	14
13	Сценарий	Тележобаның композициясы, кіріспеден бастап, бағдарламаның соңына дейін белгілі бір тізбекпен жазылған жүргізушінің мәтіні	Сценарий	Сценарий	13
№	Сөз	Анықтамасы	Сөздікте берілуі	Жұмыс үдерісінде қолданылуы	Жиілігі
14	Пипка	Экранда берілетін көрнекі материалдар жиынтығы	Берілмеген	Пипкі	12
15	Кадр	Телевизиялық толық кескін. Ол жарты кадр деп аталатын, толық емес екі кескіннен тұрады	Кадр (көрініс)	Кадр	11
16	Анонс	Бағдарламада көрсетуге жоспарланған материалдар туралы қысқаша хабарлама	Аңдатпа	Анонс	10
17	Мотор!	Тележоба түсірілімі барысындағы режиссер бұйрығы	Мотор!	Мотор!	9
18	Плашка	Титрдің мәтіні жазылатын жолақ	Титржолақ	Плашкі	8
19	Диафрагма	Камераға түсетін жарық мөлшерін басқаратын линзадағы реттелетін саңылау	Объектив диафрагмасы	Диафрагма	7
20	Наушник	Тыңдауға арналған құлақ құрылғысы	Тыңдауыш/құлаққап	Наушник	6
21	Подача	Материалдарды беру үлгісі, ақпараттық жеткізу әдісі	Беру	Подача	5
22	Общий план	Толық көлемдегі объект көрінісі	Жалпы көрініс	Общяк, Общий план	4
23	Представляшка	Тележобаға қатысушының таныстырылым сюжеті	Таныстырылым	Представляшкі	3
24	Реквизит	Телевизиялық қойылымдарға арналған шынайы немесе бутафор бұйымдардың жиынтығы.	Деректеме, сахналау мүліктері	Реквизит	3

1	2	3	4	5	6
25	Пере- бивка	Тұтас көріністі жеткізу үшін алдыңғы және кейінгі кадрларда жоқ объектілер немесе бөлшектерді бөліп көрсету кадр типі	Қосымша, өту, қию	Перебивкі	3
26	Панорама	Нысанды тұтас, толық көлемде бір мезетте көрсетуге мүмкіндік беретін көрініс	Кең көлемді көрініс	Панорама, Панорам	3
27	Отводка	Бейнематериалдан кейін берілген тележүргізушінің сөзі, кадр сыртындағы түсініктеме немесе Бағдарламаның басқа фрагменті.	Шегініс	Отводкі	2
28	Ушка	Сценарий авторы немесе эфир редакторы қажетті ақпаратты бағдарламаның жетекшісіне жеткізетін тыңдауыш	Тыңдауыш, құлаққап	Құлақ, ушкі	2
29	Наезд	Қозғалмайтын камера арқылы қашықтық нүктесін объективте үлкейту арқылы көріністерді жинақтау	Камерамен «келіп түсу»	Найез	2
30	Отъезд	Қозғалмайтын камера арқылы қашықтық нүктесін объективте азайту арқылы планды кішірейту	Камера шегінісі	Атез	2

Телевизиялық журналистика саласының терминологиялық қорының әлеуетін оның сапалық көрсеткіші тұрғысынан анықтау барысында мынадай нәтижелер алынды:

- жұмыс үдерісінде қолданылған қазақ сөздерінің саны анықталды;
- жұмыс барысында қолданылған орыс тілінен енген терминдер саны көрсетілді;
- жұмыс кезінде айтылған терминдер жөнінде талдау жасалды;
- жұмыс үдерісіндегі сала мамандарының сөйлеу кезінде айтылған терминдер бірнеше топқа жіктелді (орыс тілінен енген; еуропа тілінен орыс тілі арқылы енген; гибрид терминдер; орыс терминдерінің қазақ тілі заңдылығы бойынша жасалған терминдер және т.б.);
- салалық сөздіктердің қазақша-орысша және орысша-қазақша нұсқасында қамтылған телевизиялық журналистика терминдерінің сандық көрсеткіші сәйкес келмеуінің себептері анықталды;

– салалық сөздіктерде бекітілген термин нұсқаларының жұмыс үдерісінде қолданылмайтындығы анықталды.

Телевизиялық журналистика мамандарының жұмысы барысындағы сөйлеу тіліне аудиожазба форматында жасалған зерттеудің статистикалық талдауына сүйенсек, салалық сөздіктердің қазақша-орысша және орысша-қазақша нұсқасында қамтылған тележурналистика терминдердің сандық көрсеткіші көп жағдайда сәйкес келмейтіндігі анықталды. Жаһандану кезеңінде ақпараттық-инновациялық техникалық өзгерістер мен ғылыми жаңалықтардан туындаған жаңа сөз, салалық ұғымдар мен тілдік бірліктер еуропалық тілдің түпкі нұсқасынан гөрі, ең алдымен, орыс тілінің ықпалымен сол тілдің заңдылықтары арқылы жұмыс тіліне айналатыны байқалады.

Салалық сөздіктердің қазақша-орысша және орысша-қазақша нұсқасында қамтылған телевизиялық журналистика терминдерінің сандық көрсеткіші сәйкес келмеуіне төмендегідей жағдайлар әсер етіп отыр деп ойлаймыз:

– орыс тіліндегі терминнің қазақ тілінде екі немесе одан да көп баламасының болуы;

– қазақ тіліндегі белгілі бір терминнің орыс тіліндегі нұсқасымен жарыспалы қолданылуы;

– шет тілінен енген терминдердің сала бойынша қазақ тілінде түрліше берілуі.

Зерттеу нәтижесі бойынша жұмыс үдерісінде қолданылған сала мамандарының сөйлеу барысындағы терминдерін былай топтастыруға болады:

– орыс тіліне еуропа тілдерінен еніп, орыс тілінің заңдылығына сай қолданылған терминдер: титр, кран, студия, камера, сценарий, диафрагма, кадр, анонс, мотор, реквизит, панорама және т.б.;

– орыс тілінен еніп, орыс тілінің заңдылығына сай қолданылған терминдер: шапка, наезд, отъезд, подача, наушник, план, ушка, отводка, подводка және т.б.;

– орыс тілінен еніп, қазақ тілінің заңдылығына сай қолданылған терминдер: шәпкі, пипкі, плашкі, перебибкі, ушкі және т.б.;

– орыс тілінің сөздері, қазақ тіліндегі баламасы болғанымен, екі тілдегі нұсқасы жарыса қолданылып жүрген терминдер: звук – дыбыс, подводка – кіріспе, отводка – шегініс, клип – бейнебаян, реклама – жарнама, тема – тақырып және т.б.;

– гибрид терминдер: бейнематериал, бейнесюжет, видеобайланыс, бейнекамера, лайвтүсірілім, бейнеинженер және т.б.

2.2 Тележурналистика саласында терминдену арқылы жасалған терминдердің біріздендірілуі

Лексика-семантикалық тәсіл жалпыхалықтық лексикадағы сөз мағыналарының өзгеруімен тығыз байланысты болып келеді. Бұл тәсілдің сипаты: сөздердің сыртқы формасы емес, ішкі мазмұнын өзгереді (мағынасы кеңейеді немесе тарылады, метафоралану құбылысы). Бұл мәселе Е.Галкина-Федорук, А.Сиротина, М.Гасимов, В.Даниленко, В.Виноградов, М.Оразов,

Ғ.Мұсабаев, С. Гринев-Гриневиц, С. Хижняк, К. Мұсаев және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған.

Терминшығармашылығында лексика-семантикалық тәсіл өнімді әрі өзектілігімен сипатталады, жалпы әдеби тілдегі семантикалық тәсілмен салыстырғанда, едәуір өзгешеліктері бар екенін айтқымыз келеді.

Ғалым В.Виноградов терминжасауға қатысты лексика-семантикалық тәсіл сөздің семантикалық тұрғыдан өзгеруі әдеби тілдегідей емес, қысқа эволюциялық үдерісті қамтитынымен ерекшеленетінін айтса [53], В.Даниленко В.Виноградовтың сөзін қуаттай отырып, терминологияда жалпыхалықтық тілде бұрыннан қолданылып жүрген сөздәң мағыналық тұрғыда өзгеріп, жаңа мағынаға ие болуы үшін аз ғана уақыт жеткілікті деп есептейді. Ғалымның сөзінше: «Сөздер белгілі бір семантикалық өзгеріске бейімделіп, басқа далексикалық және грамматикалық сипатқа ие бола бастайды» [54,65]. Демек, жалпыхалықтық лексиканы байытуға атсалысып отырған тәсілдің қайсысы болмасын, терминжасам үдерісінде өнімді қызмет етеді.

Тілімізде сөз мағынасының кеңеюінен жасалған терминдер саны көп емес. Сондықтан терминдердің лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалуына қатысты зерттеу еңбектері басқаларымен салыстырғанда санаулы. Осы топқа қатысты терминдер сөздердің семантикалық өзгерістерінің әсерінен қалыптасып, кейін пайда болған жаңа терминдік мағына мен бұрынғы ұғымының ара-жігінде едәуір айырмашылық байқалады.

Қысқа мерзім ішінде семантикалық өзгеріске ұшырайтын терминдер тобының бір бөлігі метафора арқылы жасалған. Метафоралану (метафоризация) үдерісі жалпыхалықтың сөздің сыртқы ұқсастығы бойынша жасалғанымен, уақыт өте келе, объект атауының атқаратын қызметімен үйлесіп кетеді. Кей жағдайларда зат-құбылыс атауының сыртқы формасы мен қызметі өзара тығыз байланысып жатады.

Терминдердің енді бір тобы метонимия арқылы жасалған. С.Гринев-Гриневиц өзінің еңбегінде мынадай мысал келтіреді: «Орыс тіліндегі көне терминдердің бірі – «город». Аталмыш сөз термин ретінде 912 жылғы жазбаларда кездеседі. Термин «забор, ограда» сөзінен метонимия арқылы жасалған» [55, 126].

Сонымен қатар терминдердің үлкен тобы лексикалық мағынаның тарылуы арқылы да қалыптасқан. Демек, жалпыхалықтық ұлттық тілдегі кез келген сөз ерекшеленіп, лексиканың арнаулы қабатын құрауы мүмкін. Мысалы, әдеби лексиканың терминденуі сөздердің кез келген сыртқы белгісіне қарай метафораланып, заттар мен құбылыстардың атауына айналуы нәтижесінде жүзеге асады. Алайда қазіргі уақытта мұндай терминдік түзілімдердің қатары көп емес екенін байқауға болады.

Терминология жөніндегі теориялық зерттеулерді саралай келе, «терминология» және «терминоведения» ұғымдарына қатысты алуантүрлі пікірлердің бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Мысалы, орыс тіл білімінде жиі қолданылатын «терминоведения» терминін ғалымдардың дені «терминологиямен» салыстырғанда, сәтті жасалған атау деп санамайды. Десек

те, «терминоведения» терминінің артықшылықтарын ғалым А.Варандеев былайша атап өтеді: «Біздің ойымызша, «терминоведения» терминінің тар мағынада жұмсалуды кемшілік емес, керісінше, сөздің семантикасын дәл беретін, терминологияның түрлі мәнділігінен арылтатын артықшылық болып саналады. Біріншіден, жалпы терминнің жиынтығы, екіншіден, нақты білімдер саласы терминдерінің қосындысы, үшіншіден, термин жөніндегі ілім» [56,5].

Тілші-ғалым С.Исақова қазақ тіл білімінде «терминоведения» термині қолданылмайтындығын айта келіп, бір ғана «терминология» жоғарыда санамаланған үш мағынаны білдіріп, көп мағыналы терминдердің жиынтығы ретінде түсінілетінін жеткізеді. Ғалымның айтуынша, «... термин туралы жалпы ілімді» «терминтаным» терминімен белгілеу дұрыс. Бұл, жалпы, қазақ ғылыми терминологиясында тілтаным, ғылымтаным тәрізді терминдерге қосылып, жүйелілікті қалыптастырған болар еді» [57, 106].

Біз де ғалымның пікірін құптаймыз, «терминтаным» – терминдерді қолданудың тиімділігін арттыру үшін терминологияның қалыптасу және даму ерекшеліктерін зерттеу ілімі. Терминтанымның міндеттері өз кезегінде теориялық және практикалық болып бөлінеді, сонымен қатар терминдердің лингвистикалық және лингвистикалық емес бірқатар ғылыми пәндермен және адамның қызметімен байланысты.

Термин арнаулы лексикаға енгізілген тілдік бірліктер санатында жетекші орын алады. Зерттеу барысында белгілі болғандай, терминдерді лингвистикалық категория ретінде түсіну мен зерттеудегі басты мәселелерінің бірі – оның анықтамасына қатысты ұсыныс-пікірлер әрқилы, жалпы термин ұғымының бірізге түскен ережесі жоқ деп айтуға болады.

Көп жыл бойы «термин» және «терминология» ұғымының ерекшеліктерін зерттеу нәтижесіне қатысты терминологиялық тарихнама материалдары негізінде көптеген анықтамалардың бірқатары қарастырылды. Мысалы, ғалым В.Лейчиктің айтуынша, «терминнің атауыштық қызметі категорияларды, жалпы ұғымдық белгілерді арнаулы салада жұмсалымымен түсіндіріледі» [58, 89]. Терминдерге атауыштық қызмет тән, ғылыми ұғымды білдіретін семантикалық айқындылыққа ие. Сондықтан термин ұғымының анықтамасын береді. Осы орайда А.Реформатскийдің мына бір пікірі маңызды деп санаймыз: «Атауыштық қызмет – терминге ғана емес, барлық сөзге тиесілі жалпы қызмет» [59, 48]. Ал зерттеуші С.Никитинаның пікірінше, «терминологиялық бірлік әдеби тілдің сөздік қорына кірмейді. Ол – сөйлеу тілінің бір түрі» [60, 108].

Зерттеуші П.Мазуренко «Основные способы терминообразования в терминологии» еңбегінде 340 терминге талдау жүргізіп, оның 22-сі ғана (6,5%) семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдер екенін анықтайды. Бұдан шығатын қорытынды: бұл тәсілдің терминологиялық лексиканы тұрақты толықтырудың негізі болып, маңызды рөл атқаратынына қарамастан, жаңа сөздерді қалыптастырудың өнімсіз жолы екенін байқалады [61].

Ғалымдардың көршілігі лексика-семантикалық тәсілді терминденудің бір типі ретінде қарастырғанымен, В. Иванов [62], О. Фролова [63], А. Суперанская

[64] және т.б. тілші-зерттеушілер аталмыш терминжасам тәсілін терминологизация деп санайды.

Академик Ш. Құрманбайұлы: «Ғалымдардың түрліше атап жүрген атауларының ішінен біз «терминологизация» терминіне тоқталып, оның қазақ тіліндегі нұсқасын «терминдену» деп атап жүрміз. Себебі жалпы қолданыстағы сөздің терминге айналуы, жалпы қолданыстағы сөздерге жаңа арнаулы мағына жүктеу, жалпы әдеби тілдегі сөздердің терминденуі, байырғы сөздерді терминологиялық мағынады жұмсау, тілдегі терминологиялық мағынада қолдану, халықтық лексиканың терминденуі, сөз мағынасын өзгерту терминдері – терминге қойылатын талаптарға сай емес немесе терминделуші ұғымды дәл бере алмайды» [27,582]. Біз ғалымның сөзімен толық қосыламыз. Лексикалық-семантикалық тәсілді «терминдену» деп атағаннан ұтарымыз көп: ең алдымен, ғылыми ұғымның өзіне тән белгілері сақталған, бір сөзден тұратын «үнемделген» термин тілге жеңіл, сөз қолданысында әлдеқайда қолайлы, шұбалаңқы тіркестерде ұғымдық атауынан гөрі сипаттық мәні көбірек.

«Терминология» ұғымының кең таралған түсіндірмелерін түйіндей келе, терминология дегеніміз – арнайы кәсіби ұғымдарды білдіретін және ғылымның әртүрлі салаларында қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің жалпы жиынтығы. Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесінде түйіндегеніміз: терминология лингвистикалық мәнін білдіретін бірқатар белгілермен сипатталады. Терминологияның белгілері жүйелілікті түсінуге мүмкіндік береді, басқаша айтқанда, терминология лингвистикалық бірліктер жүйесі (терминжүйе) ретінде қарастырылады.

Терминологиялық лексиканың кейбір бөлігі жасанды белгілер жүйесі, шартты ұғымдар екенін айта отырып, оны тұтас қолдан жасалған жүйе деуге болмайтын сияқты. Термин сөзден жасалады. Ал сөз – тілдің негізі. Жалпы, терминологияның жалпыхалықтық тілдің жоғарғы сатысы саналатын әдеби тілден ерекшелендіретін негізгі белгі – ғылымның саласында жұмсалатын, сол саланың ұғымын білдіретін арнаулы сөздер мен сөз тіркестері. Ал жалпыхалықтық сөзде мұндай белгі болмайды. Сол себепті терминологиялық жүйе тілдің лексикалық жүйесіндегі өзіндік сипаты бар жеке лингвистикалық қабат деп есептейміз, әр ғылыми салалық терминдік ұғымдар өз алдына терминологиялық жүйе құрып, сол жүйе шеңберінде ұғымдық мағынасы айқындалуға тиіс.

Терминологиялық лексиканың орны – технология және ғылым тілі. Терминнің анықтауыштық-анықтамалық қызметі осы ортада қалыптасады. Ал терминология жалпы тіл білімінің эволюциялық даму үдерістері мен тіл жүйесінің заңдарынан тыс қалмайды. Сол себепті терминшығармашылығында да жалпыхалықтық лексикаға тән семантикалық өзгерістерге бейім келеді. Олай болса, терминдену (семантикалық) терминжасам тәсілі терминологияда жиі қолданылатын әдістердің бірі болып саналады. Ғасырлар бойы қалыптасқан тіліміздің інжу-маржаны болып табылатын көне сөздер, тарихи сөздердің лексикалық мағыналарының кеңеюі немесе күрделенуі арқылы жаңа терминдер

жасалады. Ең бастысы, ұлттық тіліміздің шексіз мүмкіндігін түбегейлі кәдеге жаратуымыз екенін түсінгеніміз абзал.

Осы орайда, терминдену тәсілі арқылы жасалған телевизиялық журналистика терминдерін бірнеше топқа бөлуге болады:

- 1) сөз мағынасының кеңеюі арқылы жасалған терминдер;
- 2) жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуінен жасалған терминдер;
- 3) сөз мағыналарының арнаулы мақсатта жұмсалыуынан жасалған терминдер.

Тележурналистика терминдері де тіліміздің лексикалық құрамындағы кез келген сөздер сияқты шындық дүниедегі құбылыстар мен заттардың ұғымдық атауы болғандықтан, олардың мағынасы да сол ұғымдардан таралады. Алайда олар жай ғана атау емес, кәсіби саланың объектісі мен субъектісін және т.б. білдіретін қызметте тұрақты қолданылуының нәтижесінде ұзақ абстракциялану үдерісінен өткен мағыналарды білдіреді. Сондықтан мұндай сөздер терминдік мәнге ие болып, бастапқы мағыналарынан алшақтап, жалпылық қасиетімен ерекшеленген жаңа мағынада жұмсалып, моносемалы болады.

Телевизиялық журналистика терминдерінің лексика-семантикалық (терминдену) тәсілмен жасалуының екі негізгі жолы бар екені белгілі:

Біріншісі, ұлттық тілімізде бар сөздерге терминдік мағына жүктеп, терминологиялық айналымға енгізу;

Екіншісі, шеттілдік сөздерді дайын күйінде қолдану.

Ана тіліміздің бар мүмкіндігін түбегейлі пайдаланып, тележурналистика саласының терминологиясын жасауда соңғы кездері көне лексикаға жататын төл сөздерімізді жаңа терминдік қолданыста жұмсау тәжірибесі едәуір артып келеді. Мәселен, сөз мәдениетінің маңызды тұстарының бірі, сөздерді айту тәсіліне «мақам» деген терминдік атау берілген. Еуропа тіліндегі нұсқасы – дикция (лат. «dictio» - айтылым). «Қазақ әдеби тілінің сөздігіндегі» анықтамасы былай берілген: «Мақам – мәнеріне, нақышына келген әуезді үн, жағымды дауыс, әуен» [65]. Мағыналық жағынан да, қызмет бірдейлігі жағынан да «дикция» терминімен үйлесіп тұр.

Терминдерді жаңғыртудың тағы бір жолы – әуелден келе жатқан сөздердің мағынасын кеңейту. Айталық, тележурналистика саласының бейнемонтаждау бағытында жиі қолданылатын терминнің бірі – корзина. Оның міндеті: қажетсіз, өшірілген бейнематериалдар сақталады, оларды қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. «Termincom.kz» сайтының информатика және есептеуіш техника категориясында «корзинаның» аудармасын «қоржын» деп берген. Кәсіби мамандар арасында «себет» деген нұсқасы да жиі қолданылады. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» күрелген қардың күртік үйіндісін, күл, қоқыс үйілген жерді «күресін» деп түсіндіреді. Сондықтан «күресін» мен «корзина» терминдерінің арасын біріктіріп, мағыналық жағынан байланыстырып тұрған жалпы сема – «қажетсіз, керексіз зат жиыны» екені анық, екі ұғымның арасында қандайда бір ұқсастық аңғарылады. Сол себепті «корзина» терминін калькалау әдісі негізінде «қоржын, себет» сөзін қолданбай, жалпыға түсінікті, қызметі ұқсас «күресін» термині жасалынып тұр. Осы

терминнің негізінде күресінге тастау, күресіннен шығару, күресін қызметі және т.б. тіркесті терминдер қолданысының аясын кеңейтуге болады.

Сол сияқты «шоғыр» сөзінің «қалың топ, жиын, жиынтық» мағынасының негізінде, тележурналистикада теледидар сигналын құрайтын кескіннің ыдырау параметрлерінің үйлесім жиынтығы «спектр» терминінің баламасы жасалған. Аталған сөздің терминдік мән үстеуіне сыртқы пішін, қызмет, көлем ұқсастықтарының себеп болып тұрғаны сөзсіз.

«Тоқтам» сөзі жалпыхалықтық тілде «бір адамның сабырлықпен қабылдаған шешімі»[65]дегенді білдіреді, ал Қытай Халық Республикасы Шыңжаң өлкесіне қарасты Тіл-жазу комитетінің сайтында «белгілі бір мәселені деректілік немесе заңдылық жағынан дәйекті түрде баяндап, бір шешімге келу құжаты «тоқтам» деп көрсетілген. Ал «Termincom.kz» сайтында осы дипломатиялық құжаттың атауы «меморандум» нұсқасы бекітілген. Осы «меморандум» терминін «тоқтам» сөзімен алмастыруға болады деп ойлаймыз. Екі сөздің де жалпы семасы «бір шешімге келу» дегенді білдіреді. Мәселен, тоқтамға келді, тоқтам жасады және т.б. терминдік қатар көбейе береді.

«Кісінің жеке басынан байқалатын мінез-құлқы» [65] жалпыхалықтық тілде «қылық» сөзімен айтылса, телевизия саласында «әлеумет тарапынан бағаланған адамның саналы мінез-әрекеті» ретінде «телегеничность» деген анықтама беріледі. «Қылық» тілдік бірлігі әрі сөз, әрі термин қызметін атқарып тұр. «Қылық» сөзіндегі «кісі» жеке бастан «адамның» деген жалпы семаға алмасқан, екі ұғымға да ортақ сема – «мінез-құлқы». «Қылық» терминіне «әлеумет тарапынан», «бағаланған», «саналы», «әрекет» деген семалар мән үстеген.

Сондай-ақ заттар мен құбылыстарға қатысты көзқарас, пайым» жалпы қолданысы «пікір» сөзімен беріледі. Ал терминдік мағынаға ауысқан «пікірдің» формасы сәл өзгереді: «бір оқиға, құбылыс, объект жайында спикердің мақұлдау не жоққа шығару үшін жеткізетін ойлауының субъективті формасы»[24]. Мұндай терминдердің қатары аз болмағандықтан, бәрін талдап, тізімдеуді мақсат етпедік. Сол себепті жиі кездесетін кейбір терминдерді кесте түрінде көрсетуді жөн санадық (8-кесте).

Кесте 8. Термин және сөздің жалпы қолданысы мен арнаулы қолданысы.

№	Сөз/термин	Жалпы қолданысы	Арнаулы қолданысы
1	2	3	4
1	Көрініс	Сыртқы дүниенің көзге шалынған сыртқы бейнесі, кескін-келбеті	Киноға түсірілген нысан қозғалысының бір сәтін, орнықты қалпын бейнелейтін кинопенкадағы жеке сурет
2	Арна	Өзен аңғарының су ағып жататын терең өзегі	Белгілі бір таратқышқа бекітіліп берілген, теле және радио бағдарламаларын таратуға бөлінген электрмагнит толқындарының жиілік диапазоны

1	2	3	4
3	Үштаған	Шәугім іліп, шай қайнататын үш аяқты бұйым; үш бөліктен тұратын тұтастық	Фото және киноаппаратураны орнату және бекіту үшін жиналмалы ұшаяқты аспап
4	Жады	Адам баласының ақыл-есі, ойы, қапері	Қазіргі қазақ тілінде компьютерлік технологияда ақпаратты жазуға, сақтауға арналған құрылымына қатысты қолданылады (жедел жад, арнайы жад, ішкі жад, сыртқы жад, флеш-жад, базалық жад, бейнежад, бүркеме жад, голографиялық жад т.б.). Сонымен қатар «жады» формасы да қолданыста бар
5	Хабар	Болған іс, оқиға, сондай-ақ біреулердің хал-жайы жөнінде білдірілген қысқаша мәлімет	Телевизия саласындағы ақпараттық-сараптамалық бағыттағы көрсетілім; дәйекті дерекке негізделген жаңалық; телеарна атауы
6	Жоба	Бір нәрсені іске асыру үшін жасалған үлгі, жоспар, нұсқа	Теледидар құралдары арқылы көрерменге ұсынылған, тиісті талаптарға сәйкес мақсаттарға жету үшін қолға алынатын, уақыт, құн және ресурстар жағынан шектеулері бар, бастапқы және соңғы күндеріне дейін белгіленген жұмыстар жиынтығы
7	Желі	Ірі қара малды сауған кезде, төлдерді (құлын, бұзау) байлау үшін екі қазыққа кере тартып байлаған қыл, не кендір арқан.	Телевизиядағы драманың яки ақпараттың бір сәтінің екіншісіне жетелеуі; шарт бойынша бірлескен және бір мезгілде хабар, бағдарламаны тарататын хабар тарату стансыларының тобы
8	Белгі	Жеке-дара өзгешелік, ерекшелік; байырғы ортаның әдет-ғұрыптық заңы бойынша белгіленіп, рутайпаның меншігі саналатын жерге, дәлірек айтқанда, мал жайылымына, өрісінің шегіне салынатын белгі	Қандайда бір оқиға, құбылыс, нысанның күйі жөніндегі хабарды тасымалдаушы немесе басқару командасын, хабарладыруды жеткізуші физикалық үдеріс, белгі

1	2	3	4
9	Қалқан	Ерте заманда батырлардың қарсы жақтың найза, қылыш соққысынан, садақ оғынан майданда өзін қорғау үшін қолына ұстайтын қорғаныс құралы	Жарық немесе жылу сәулелерін, электромагниттік толқындарды және т. б. шағылыстыратын құрылғы
10	Долбар	Жорамал, болжам, ой-жоба	Бір нәрсенің құрылымын немесе бір нәрсенің бөліктерінің өзара байланысын сипаттайтын сұлба

Кестеден байқалатындай, жалпы қолданыстағы сөздерге терминдік мағына үстегенде олардың терминдік мағынасы метонимия әдісі негізінде қалыптасады. Терминдік мағынасынан бөлек, семантикалық нұсқалар жасалады, көпмағыналы термин ретінде танылады. Бұл терминнің түрі екінші терминдерден өзі тараған алғашқы сөзге омоним болып табылып, бастапқы мағынасынан алшақтайды, өзара байланыстыратын семантикалық компонент жоғалады. Қазақ тіл білімінде Қ.Жұбанов әртүрлі пәндерде бір мағынада жұмсалатын, мағыналас, біркелкі байланысы бар терминдер сол бір-ақ мағынада алынғанын айтады: «форма», «материя» (физика/философия), «түбір» (ботаника/математика/тіл білімі), «морфология» (тіл білімі/ботаника), «экскурсия» (педагогика/физиология), «реакция» (биология/химия). Сонымен қатар бір ғана сөзбен айтылып, алайда түрлі пәндерде алуантүрлі мағынада қолданылатын «мануфактура» (экономикаға қатысты айтылғанда термин, ал матаға қатысты қолданылғанда термин емес), «продукт» секілді сөздер бір пәнде термин болып танылса, басқа пәндерде қазақ тіліне аударылғанын атап көрсетеді [66,283-285].

Ғалым Н. Сауранбаев тұжырымынша: «Семантика – сөздердің мағынасы мен оның өзгеруі заңы. Оның бес түрлі заңы болады: 1) қарама-қарсылық заңы; 2) семантикалық ат ауысу заңы; 3) ұқсату заңы; 4) бөлшектің тұтастану заңы; 5) қызмет заңы..» [67,45-50]. Бұл заңдар барлық тілде біркелкі жұмсалмайтыны анық. Әр тілдің өзінің жүйесінің даму заңдылығына тәуелді екені сөзсіз. Тілдегі сөздер семантика заңынсыз мағына қалыптастыра алмайды. Бұл жөнінде профессорлар: І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаев былай дейді: «Сөз мағыналарының дені семасиологияның заңдары негізінде жасалады. Оның негізгілері: ұқсату заңы (метафоралану); функционалдық семантика заңы; бөлшектің бүтінге ауысу заңы; мағынаның кеңеюі мен тарылуы» [68,44].

Ал «сөз мағынасы» дегенді профессор Б. Қалиұлының сөзімен айтар болсақ: «Сөз мағынасы – бұл ұғымның мазмұны, оның адам санасындағы жалпыланған, дерексізденген бейнесі, нақтырақ айтқанда, ұғымның сөзде бейнеленуі» [69,135]. Жалпы, тіл білімі саласында тұрақты орын алған, кең мағыналы ұғымдардың бірі болып саналатын «семантика» – ұғымның зерттеу объектісі тілдік бірліктің мағынасы мен оның нақты сипаттамасы.

Ұлттық тілдің лексикалық бірліктері негізінде жасалған тележурналистика терминдерінің құрылымы тұрғысынан дара және күрделі құрамды болып келеді. Айталық, қазақ телевизиялық журналистикасының дара

құрамды терминдеріне мәнер, жарқыл, сұхбат, дыбыс, дауыс, шу, жарық, түсірілім, аңдатпа, желі, көрініс, жалғаным, тыңдауыш, бейне, елендетпе, таспа және т.б. жатады. Ал күрделі құрамды тележурналистика терминдері мыналар: көріністік қатар, бейнебаян, жарнамалық ролик, арнайы хабар, жүргізуші мәтіні, түсірілім алаңы, бейнежазба, жүгіртпе жол және т.б. тіркестері семантикалық жағынан бірбүтін, тұтас бірлік ретінде қалыптасқан.

Семантикалық жолмен терминдердің жасалуының тағы бір түрі – сөздерді қысқартып қолдану. Мәселен, көбінесе техникалық құрал-жабдықтардың, ІТ бағдарламасы негізінде жасалатын тележобалардың құрылысы, жарық құралдары, монтаж жасау ісі (КД=кадрдағы диктор, синхрон=СНХ, жалпы көрініс=ОП, интершу=ИНТ, кадрдан тыс мәтін=КТМ, корреспондент=КОРР, аппараттық-студия кешені=АСК) және т.б. жиі қолданылады.

Жаһандану кезеңінде әлемдік интеграция мәселесі күшейген сайын, тіл мен тілдің, ел мен елдің арасындағы мәдениетаралық байланыс, ықпалдастық күшейе түспесе, әсте кемімесі анық. Осыған байланысты «ұлттық терминологиялық қорымызды тек қазақ тілінде қалыптастырамыз» деген ұмтылыс межелі уақыт пен кеңістік аясында іске аспаса, тілдік тығырыққа тірейді деп ойлаймыз. Сол себепті ұлттық тілімізде кірме сөздердің белгілі бір ауқымы «өмір сүріп отырса», оған үрке қараудың қажеті жоқ деуге болады. Алайда бұл жайбарақат жүріп, немқұрайдылық таныту дегенді білдірмейді. Ең алдымен, кірме сөздердің баламасын ұсынып, барынша аудару жағын қарастыру қажет. Содан соң, кірме сөздердің ұлттық тіліміздің заңдылығына икемделу жағына аса мән беру керек. Үшіншіден, шет тілден енген сөздердің терминологиялық қорына сандық және сапалық талдау жүргізіп, олардың үлес салмағын анықтап, тіліміздегі қолданысына үнемі бақылау жасап отыру шарт. Бұл – Алаш қайраткерлерінің көшбасшысы А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхаметұлы, Е. Омарұлы, Т. Шонанұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Жұбанов, Ж. Аймауытұлы, ел тәуелсіздігі кезеңіндегі тілші-ғалымдар: Ә. Қайдар, Ө. Айтбайұлы, Б. Әбілқасымов және т.б. ғалымдар қалыптастырып, бүгінде жалғасып келе жатқан қағидалар.

Сонымен телевизиялық журналистика терминологиясы, негізінен, шет тілдерінен енген сөздерді қамтиды. Мысалы, эфир, телекамера, суфлер, монтаж, микрофон, телевизия, петличка, отбивка, подводка, экран, диктор, грим, телестудия, анонс, декорация, трансляция, плашка, титр, штатив, барабан, реквизит, хронограф, ракурс, кубик-флаг және т.б. терминдер жатады. Олардың басым көбі кеңес дәуірінде еніп, әбден тұрақтанып қалған. Тіліміздегі тележурналистика саласындағы кірме сөздердің көптігі еліміздің ақпарат кеңістігінің кеңес заманында қалыптасып, телехабарлар тарату жүйесі, техникалық сипаттама, құрал-жабдықтар кешені батыстық үлгідегі технологияға негізделуінен болса керек-ті. Сондықтан шығар күні бүгінге дейін аталмыш саладағы шетгілдік терминдердің көпшілігі, өкінішке қарай, ұлттық тілге аударылу мәселесі күрделі болып отыр. Оның ең негізгі себебі: тар шеңберлі салалық бағыттың аударма үлгілері, терминдік жүйе құрудағы белгілі

бір ортақ заңдылықтарды зерделеп, кешенді түрде қарастыру жұмыстары тұрақты түрде жүйеленбегендіктен деп есептейміз.

Сонымен термин сөздер қызмет бірдейлігі мен мағыналық жақындығына қарай жасалады. Көп жағдайларда ұлт тілінде тиесілі ұғымды білдіретін сөз табылмағанда, жаңа сөз жасауға тура келеді. Негізгі түбір сөзге қосымшалар жалғанып, жаңа сөз жаңа ұғымды білдіреді. Ал жаңа сөздердің әуелгі мағыналарына қосымша мән үстеп, лексикалық мағыналарының қолданыс аясы кеңейе түседі. Айталық, «көрсетілім» термині телевизия саласында «передача» (хабар)сөзін алмастырып, белсенді қолданылып келеді. Ақпаратты айтып-көрсету арқылы көрерменге ой тастаудың жанрлық атауы «публицистика» терминін «көсемсөз» термині қазіргі уақытта белсенді жұмсалатынын айтқымыз келеді. Сондай-ақ «айташы» (диктор), «айғақтама» (журналистік зерттеу), «айтушы» (студия қонағы) секілді кәсіби атаулар легі жиі болмаса да, ара-тұра айтылады.

Термин әрдайым нақтылығымен құнды, десек те, нақтылық көп жағдайда көпмағыналылыққа себепші болады. Кез келген термин-сөз анықтаушы және анықталушы сыңар болып, жаңа терминдік тіркес жасауға қатыса алады. Мәселен, ақпараттық шолу, сенсациялық ақпарат; қаралым көрсеткіші, көрсеткіш кестесі, қаралым саны, мақсатты қаралымжәне т.б.

Жалпы қолданыстағы сөз бен терминдік мәнге ие атаудың қатар жұмсалатын жағдайлары да болады. Осыған байланысты ғалым М.Балақаев белгілі бір сөздің әуел бастағы мәнін әлсіреп, терминдік мағынасының қолданыс аясы кеңіп отыратынын айтады: «Тіліміздегі байырғы сөздер, атау, туынды, біріккен, тіркесті тұлғада келіп, арнаулы салаларда терминдік жаңа мағынаға ие болып, бұрынғы қарапайым мағынасының үстіне ғылыми терминдік мағына үстеп, қолданысы күшейеді» [70,29].

Мысал келтіріп көрелік. Тележурналистика саласындағы «кесте» сөзі термин ретінде «телебағдарламалардың уақыттық жоспары» дегенді білдіреді, сонымен бірге информатика, заң, педагогика, қаржы, спорт, экономика, су шаруашылығыжәне т.б. термин ретінде тұрақталған ұғым болып табылады. Ал «кесте» сөзінің қазақ әдеби тілдегі мағынасы төмендегідей:

1. зат. Мата бетіне түрлі түсті жіппен сәндеп, өрнектеп тігілген қолөнер түрі. Мәселен, Қара жауы қанатын кескен еді.

Шұлғау болып қыздардың кестелері,

Талай қара шаңырақ өшкен еді.

«Қара таудың басынан көш келеді!» (М.Мақатаев, «Райымбек»);

2. Ағзаның сыртқы орта жағдайларына бейімделу әдістеріндегі операциялар мен әрекеттердің қарапайым және қайталану реті. Өмірдің түрлі жағдайларында адамның ойлануы мен қылығын ұйымдастыруды басқаратын ішкі интеллектуалды психологиялық құрылым. /Ж.Пиаже теориясы/(Қ.Жарықбаев «Жантану атауларының түсіндірме сөздігі»);

3. Матаның әр жері әшекейленіп, бөлек-бөлек өрнек салынатын кесте;

4. Егістікке суды алдын ала жоспарланған мерзім бойынша өзгеріс енгізбей беру;

5. зат. бір нәрсе жөнінде графаға түсіріп жазылған мәлімет /информатика, математика/

6. Қаржы, экономика салаларында қолданылатын сандар мен формулаларды жүйелеу және есептеу статистикасы;

7. Кесте (кейде кестек) – көне. Құрал-сайманның бір түрі [65].

Мысал түрінде берілген көпмағыналы «кесте» сөзі әртүрлі салада белсенді жұмсалып, түрлі-түрлі ұғымды білдіретін терминге айналып отырғанын байқауға болады.

Жалпыхалықтық сөз терминге айналғанда, оның тек лексикалық мағынасы ғана өзгеріп қана қоймайды, лексика-грамматикалық, синтаксистік мағыналары да елеулі өзгеріске ұшырайды.

Мәселен, «тілшік» сөзін алып қарайық:

1. зат. кішірек тіл;

2. анатом. Көмейдің үстіңгі жағындағы өсінді;

3. физ. Қозғалмайтын нүктенің не осьтің маңында сыртқы күштің әсерінен тербеліс жасайтын қатты дене [65].

Кейде бір терминнің әртүрлі ұғымды білдіріп, омонимдік қатар түзеп, қолайсыздық туғызатынын да ұмытпауымыз керек. Мәселен, «тілші» терминіне тоқталсақ:

1. з а т. белгілі бір халық тілін зерттейтін ғалым, тіл білімінің маманы;

2. Мерзімді баспасөзге мақала, хат-хабар жазып тұратын редакцияның тұрақты қызметкері. [65]

Мысалда келтірілгендей, «языковед» деген термин мен «корреспондент» деген терминнің баламасы бір ғана «тілші» деген сөзбен жарыса қолданылып жүр.

Жалпыхалықтық тілде қолданылатын «құндақ» сөзі көпмағыналық сипатқа ие болып, телевизия саласында термин ретінде жұмсалады. «Құндақ» сөзінің әдеби тілдегі мағынасы былай:

1. зат. Баланы бесікке салғанға дейінгі бөлеуі, жөргек; Мысал келтірсек, «...Баланы құндақтап қойыпты. Алғаш рет бала емізу кісіге қиын да, ерсі екен, қытығың келе ме, біртүрлі» (Т. Ахтанов «Шырағың сөнбесін!»).

2. әскери. Мылтықтың дүмі, атыс қол қаруының кейбір түрлерінің құрамдас бөлігі, оған негізгі бөліктері мен механизмдері бекітіледі.

3. ауысп. Ұғымтал, зерек адам. [65].

Ал «Құндақ» сөзі тележурналистикада термин ретінде екі түрлі мағына білдіреді: «Ішінде жазба тасымалдауышы орналасқан, пластмассадан және металдан жасалған жабық қорапша түріндегі құрылғы» және «Үлдір орналастырылатын, цилиндр формалы, жарық өткізбейтін құрылғы. Құндақты фотоаппаратқа орнату және алып шығу жарықта жүргізіледі» [24,102].

Күні бүгінге дейін тележурналистика саласында ұлттық бағыттағы терминжасамды қалыптастыра алмай келе жатқанымыздың бірнеше себебі бар. Бұл туралы филология ғылымының кандидаты, журналист С. Медеубекұлы: «Біріншіден, телерадио техникасының өзі де, оның атауы да бұрын қазақ даласында болмағандығы; екіншіден, оларды пайдалану, қолдануға, игеруге

катысты сөздердің де, ұғым-түсініктердің қалыптасқан жүйесінің де болмағандығы; үшіншіден, орыстандыру саясатының қарқынды жүргізілуі; төртіншіден, телерадио техникаларының тілін білетін ұлттық кадрлардың өте аз дайындалуы немесе кей жерде мүлдем дайындалмауы; бесіншіден, қазақ тілі мәртебесінің күрт төмен түсірілуі басты кедергі болған деп білеміз», – деп түйіндейді [31].

Сөзімізді түйіндей келсек, телевизиялық журналистика терминдерін жасауда лексика-семантикалық (терминдену) тәсілінің алатын орны ерекше. Ол әсіресе ұлттық терминқорды қалыптастыруда маңызды рөлге ие. Бірақ терминжасамның басқа тәсілдерін жоққа шығармаймыз, тек жаңа термин жасауда басымдық беру мақсатында айтып отырмыз.

Өзге тілден енген сөздерге ұлт тіліндегі баламасын ұсынған кезде, төл тілдегі нұсқасының бастапқы мағынасы белгілі бір деңгейде семантикалық құрылысы өзгеріп, жаңа мағынаға ие бола бастайды деп тұжырымдауға болады. Терминдер жалпы қолданыстағы сөздерден жасалғанда, өздеріне қосымша мағына үстеп алатындығы байқалды.

Терминдердің «интернационалдығы олардың сыртқы формасында емес, ішкі мазмұнына байланысты екенін ұмытпауымыз керек. Нақтырақ айтсақ, термин сөздердің ішкі мәні-мазмұны «халықаралық» болса, сыртқы түрі-тұлғасы «ұлттық» болады. Себебі әр халықтың төл тілі өзіндік тұлғасымен, құрылымымен, лексикалық-грамматикалық, синтаксистік құрылысымен өзгешеленеді. Тілдің дыбыстық тіркесімі – тілдің ұлттық белгісі.

2.3 Тележурналистика саласындағы морфологиялық терминжасам нәтижелерін біріздендіру

Терминжасау тәжірибесі көрсеткендей, жаңа ұсынылған сөздердің пайдаланылуы, қабылдануы халықтың көңілінен шығуы және қолданысқа енуі ұзақ уақыт алады. Әр ұлттың ұғымдарды қабылдауы, түйсінуі жағынан айырмашылықтар болады. Біз заттың түсіне қарап ат қойсақ, басқа бір ұлт оның түріне қарай, ал келесісі қызметіне қарай атауы мүмкін. Мұны жатсынуға құқымыз жоқ. Халықтың атауды ұнатқандығын терминдердің қолданылуы мен таралуынан-ақ байқауға болады. Өйткені терминдерді ұлттың қабылдауы ұзақ ізденістер нәтижесінде пайда болған жоғары бағалау, тану және таңдау арқылы қалыптасады.

Термин жасаушылар бір ұғымды қалыптастыруды қолға алған кезде тілдің негізі болып саналатын дауыс, сөз, сөзжасам және жіктеулер, тіл құрылымдары, мағыналық құрылымдар тұтас ескерілуге тиіс. Дауыс үйлесімділігіне, сөздердің түбіріне, қай жалғаудың қай мағыналы байланысты құрғанына және қызметіне қарау, мағыналы сөз және құрылымдарына мән беру негізгі әрекеттердің бірі болуға тиіс.

Бір ұғымды қалыптастыру кезінде дыбыс ережелеріне сай түбір, жалғау және біріккен жазбаға сай сөз немесе сөздер анықталады. Дыбыс ережелеріне сәйкестендірілмей жасалған терминнің қабылдануы және қолданылуы екіталай.

Сөйлеудің ырғағын және үйлесімділігін қамтамасыз ететін қосымша, екпін, әуен терминдердің қолданысқа енуіндегі маңызды бөлік болып саналады.

Зерттеуші Мехмет Каһраман түрік тілінде сөз жасаған кезде түрлі жолдардың қолданғанына тоқталып өтеді: «Сөз тудырушы жұрнақтарды пайдалану әдісі – термин жасауда ең көп қолданылатын тәсіл. Ол сөз тудырушы жұрнақтардың есім және етістік түбірлеріне белгілі бір ереже бойынша қосымша жалғау арқылы жасалады. Сөздердің құрылымында, мағынасында, қызметінің белгіленуіне ықпалды жалғаулар, тіл білімінің сөз тудырушы жұрнақтар және септік жалғаулары мәселелерінде жан-жақты түсіндірілген.

Сөз біріктіру әдісі – Шығыс және Батыс тілдерінде жиі қолданылатын әдіс түрік тілінде ХХ ғасырдың 40-шы жылдарында басталып, 70-ші жылдарда тез дамып, бүгінгі таңда да кеңінен қолданылады.

Сөз түрлерін өзгерту әдісі – екі зат есім қатар келіп, сын есім ретінде қолданылады.

Жалпы тілден сөз аудару (тасымалдау) әдісі – күнделікті тілде қолданылатын сөздерден мақсатымызға сәйкесін алып, басқа бір білім саласында термин ретінде қолдануға болады. Жалпы тілден алынған сөздің бірінші емес, екінші, үшінші мағыналарын термин жасауда қолдануға болады. Сөйлеуі және жазу тіліндегі бір сөзді алып, оған жаңа мағына үстеу түрік тілінде қалыптасқан тәсіл болып табылады.

Халық аузынан сөз аудару (тасымалдау) әдісі. Халық аузындағы сөздерден термин жасау және ол сөздерді жазу тіліне өзгерту – маманның жұмысы. Өлкелерге қарай әртүрлі айтылуларына таңқалмауымыз керек. Негізінде, бұл сөздердің тілімізде өзіне тән формасын ұмытпағанымыз абзал.

Қазіргі түркі тілдерінен пайдалану әдісі. Түрік тілінің білім тілі ретінде қолданылған қазақ, қырғыз, түрікмен, өзбек және әзербайжан тілдеріндегі терминдерді пайдалана отырып, тіл байыту да – ең қолайлы әдіс. Бұл еңбектер білім, өнер, әдебиет және көркем шығармаларда түркілердің ортақ бір термин тілін қалыптастыруда көп үлес қосатыны анық» [71,5].

Электронды ақпарат құралдарында термин сөздердің қолданылуы және тіл мәдениетінің сақталуына қатысты Бауыржан Омарұлы былай дейді:

«Терминді қабылдау талабы тұрғысынан алғанда ақпарат құралдарының өкілдерін мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Жаңа термин, жаңа атау көрсе, дереу қолданып жіберуге даяр тұратындар. Терминді өз бетінше қолданатындар;

2. Терминком бекіткен сөз сарапқа салынбайтын болса да, оның кейбірін саналы түрде қабылдамайтындар. Мәселен, журналшылардың көбі «жанұя» дегеннен гөрі «отбасы» дегенді қолайлы көреді. «Әкімдік» дегенді, «пайыз» дегенді айтуды ұната бермейді.

3. Елдің көпшілігі жаңа атауды қалай қолданып жатса, солай қарай қоғадай жапырылатындар. Мәселен, белгілі қаламгер Сабыржан Шүкірұлы «Хабардың» тіліне шолу жасап жүргенде, әріптестеріміздің біразы «журналшы» деп айтып жүрді де, Сәкең кеткен соң бәрі қайтадан «журналист» болды.

4. Терминком жақта не болып, не қойып жатқанынан мүлде хабары жоқтар». Автор жаңа сөздер, тың терминдер осы төрт топтың алдыңғы үшеуінің арасында айналысқа түсетінін айта келе, терминдердің көңілге қонымды, санаға сіңімді болу мақсатын көздейтін ұсыныстарын білдіреді:

«1. Терминкомға бұқаралық ақпарат құралдарынан ұжымдық ұсыныстар ұдайы беріліп тұрса;

2. Терминком құрамына беделді үш-төрт ақпарат құралының басшылары мүшелікке енгізілсе;

3. Терминком баспасөзде көп сынға ұшыраған үйлесімсіз қолданыстарды қайта қараса. Енді «Осындай жөнсіздіктердің сыры неде?» деген сауалға жауап іздеп көрейік.

Біріншіден, электронды ақпарат құралдары соңғы он жылда өз ортасына нарықтың дауылына кеудесін тосқан жас буынды көбірек тартты. Сондықтан кейде «түрдің әдемілігі» «тілдің әдемілігінің» алдына шығып кетеді.

Екіншіден, қазіргі жас буынның еті тірі, қай-қайсысы да репортерлік әбжілдікке бейім. Жер түбіне жұмсаң да тапсырманы орындап келеді. Олардың қаламы жүйрік, бірақ қадамы баяу алдыңғы ағаларынан айырмашылығының өзі осында. Бірақ солардың біразы найзағайға нан пісіріп алатындай епті болғанымен, тілден ақсайды. Бүкіл бір тұтас буынды кінәлаған артық болар еді. Тілге жүйріктері көбіне-көп баспасөздің төңірегінде жүр. Сондықтан оларды қызметке қабылдағанда репортерлікке бейімділігімен қатар, тілге жетіктігін де жан-жақты зерделеген жөн.

Үшіншіден, қазақ әдебиетінің классиктерін былай қойғанда, бүгінгі әдебиетіміздің мойны озық өкілдері Мұхтар Мағауин мен Әбіш Кекілбаевты, Төлен Әбдіков пен Дулат Исабековті, Қалихан Ысқақ пен Әкім Таразиді оқитындардың қатары сиреп барады. Ұлт тіліндегі көркем шығарманы оқу арқылы қалыптаспаған тілдің бәрібір жұтаң екені көрініп тұрады.

Төртіншіден, телеэкранға жастай шыққан әріптестеріміздің бірқатары өзін «артық туған тележұлдыз» ретінде сезініп қалып, ізденісін тежейді. Ел-жұрттың сын-ескертпесіне пысқырмайды. Сол себепті оның азды-көпті қабілетімен бірге тілі де шала күйінде қалып қояды.

Әрине, телеарналарға жұмысқа алынар кезде үміткерге тіл білуден басқа талаптар да қойылады. Бұл өзі аттың жалында, атанның қомында жүріп істейтін алқын-жұлқын жұмыс. Бір журналшының шаруасының өрге басуы бес-алты адамның бірлесіп жұмыс істеуіне тікелей байланысты. Қалтасына қағаз-қаламын салып келген баспасөз қызметкері теледидар қызметіне кіріскенде әдепкіде аңырып қалатыны сондықтан. Сондайда, компания басшылары үміткердің жеделдігін, істі оңтайлы атқаруға икемділігін артығырақ бағалап, «тілді меңгеріп кетер» деп ойлатыны рас. Әрине, бұл дұрыс емес. Үміткердің еті тірлігінен гөрі сүйегіне сөз сіңгендігі алдыңғы қатарда тұруға тиіс.

Электронды ақпарат құралдарында белең алып тұрған осындай келеңсіздіктен құтылудың мынадай жолдары бар деп білеміз:

Біріншілен, телевизия мен радиоға жастармен бірге тілге жүйрігірек орта буынның өкілдерін де көбірек шақыру керек. Мысалы, Американың,

Жапонияның телеарналарында самайын қырау шалған егде кісілер ақпарат хабарларын жүргізіп отырады. Бұл редакцияны шал-шауқанға толтыр деген сөз емес. Тілі жұтаңдау епті буын мен тілі бай текті буынның өзара сабақтастығын үзбеу керек деген тұрғыдан айтып отырмыз.

Екіншіден, қаламы қарымды, қимылы арынды газет қызметкерлерін телерадиокомпанияға шақыру керек. Әр сөзі тасқа басылатын газет-жорнал мектебінен өтіп келген жорналшы көрерменнің көз алдында жылт етіп жоғалып, жасындай жарқ ететін бейнемазмұнды құлпырта түсер еді. Газеттің босағасын көрген жорналшының тілінде көбіне олпы-солпылық болмайды.

Үшіншіден, телерадиокомпаниялар стилист-редактор қызметін енгізіп, ал енгізгендері болса, оның міндеттерін елеп-екшеп, жетілдіріп отыруы керек.

Төртіншіден, лездемеде жасалатын шолуда журналистің тіліне қатысты айтылатын сын пәрменді болуы керек. Телеарна қайта-қайта сын еститін қызметкерлермен қоштасқаны дұрыс.


Бесіншіден, телерадиохабар дайындайтын әр жорналшының үстелінің тартпасында қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық, фразеологиялық сөздіктері жатқаны дұрыс. Осылардың санатына «Терминологиялық хабаршыны» да қосып қойған да артық болмайды»[72,6]. Бәлкім, осы талаптарды іс жүзінде тәжірибеден өткізіп көрсе, телеарнаның тіліне де, терминологиялық қорға да үлесі зор болады деп ойлаймыз.

Түркі тіл білімінде сөзжасамның теориялық мәселелеріне қатысты зерттеулер аз емес. А.Юлдашев, Э.Севортян, Г.Гарипов, Ф.Ганиев, А.Кононов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде терең зерттелген.

Ал қазақ тіл білімінде морфологиялық-синтетикалық сөзжасам тәсілі туралы А.Ысқақов, Ғ.Мұсабаев еңбектерінде айтылса, кейін Е.Шипова, Е.Жанпейісов, Ғ.Қалиев, Н.Оралбаева, Қ.Есенов, З.Бисенова, А.Қалыбаева, А.Хасенова, А.Салқынбайжәне т.б. тілші-ғалымдардың зерттеу жұмыстарында сөздік құрамның негізін құрайтын туынды сөздердің жасалу жолдары мен қалыптасу кезеңдері, даму заңдылықтары баяндалды.

Аталмыш тәсіл Р.Үрекенова, Ө.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, Ш.Құрманбайұлы, Б.Жонкешов, Қ.Айдарбек, С.Құлманов, О.Жұбай, Ә.Ахметұлы зерттеулерінде ұлттық терминологияның салалық терминдер аясында кеңінен қамтылды.

Қосымшалар көмегімен сөз жасау – қазақ тіліндегі ең өнімді тәсілдердің бірі. Морфологиялық немесе синтетикалық тәсіл сөздерге алуантүрлі сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы жүзеге асады. Түркі тілдерінің жалғамалық табиғатына қарай туынды сөз жасаудың ең негізгі тәсілдерінің бірі болып саналатын қосымшалар арқылы сөз жасау лексикалық мағыналы сөз бен сөзжасамдық жұрнақ тілдік бірлігінің қатысуымен болады (11-сурет):



Сурет 11. Сөз, жұрнақ және термин бірлігінің көрнекілік үлгісі.

Лексикалық мағынасы толық сөздерге қосымшалар жалғану арқылы жасалған техника, ғылым салаларына қатысты терминдер сол ұғымдар жүйесінің ішкі мазмұнын, байланысын, жүйелілігін көрсетіп тұрады, сол себепті туынды терминдер де сөзжасамдық типті (түрді) құрайтын сөзжасамдық үлгімен жасалуы шарт.

Бір немесе бірнеше сөзжасамдық үлгі сөзжасамдық типке негіз болатындықтан, туынды терминдердің жасалу үлгілер де сөзжасамдық типтің ішкі құрылымын айқындайды. Мұны әрдайым ескеріп отырған жөн.

Туынды термин жасайтын жұрнақтар өзіндік грамматикалық мағына үстейді, сондықтан жалғану ерекшеліктері бар. Себебі терминологиялық сөзжасам күрделі үдеріс болғандықтан, термин атауының мәнін, мазмұнын ашып, ұғымға анықтама беруді мақсат етеді. Туыны термин жасайтын жұрнақтар ұғымның белгілерін көрсетіп, жинақтаушы, топтастырушы қызмет атқарады.

Қай тілдің болмасын, әдеби тіліндегі сөзжасам үдерісі оның арнаулы лексикасымен ұштасып жатады. Түбір сөзге қосымша жалғану арқылы туынды сөз жасайтын морфологиялық (синтетикалық) тәсіл телевизия журналистикасының терминдерін жасауға да өлшеусіз үлес қосады.

1924 жылғы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде сөйлеген сөзінде алаш қайраткері Е.Омаров жат тілден жұрнақ қабылдауға болмайтынын ескертеді [73, 18].

Қай тілдің болмасын ғасырдан ғасырға жалғасқан даму үдерісінде лексикалық қор әртүрлі себеппен өзгеріске ұшыраса да, қосымшалар ұзақ уақыт бойы тұрақты күйін сақтайды. Шет тілдерден енген сөз де, жұрнақтар да тілдің төл заңдылығына кері ықпал ететіні сөзсіз. Ғалым соны меңзесе керек-ті.

Е.Омаров жұрнақтарды мағынасына қарай тұрлаулы (-лік,-лық, -шы, -шыл, -лы, -сыз, -уыш) және тұрлаусыз (-қ, -н, -ақ) деп жіктейді де жаңа сөз жасауда, негізінен, тұрлаулы жұрнақтарды пайдалану керектігін ескертеді: «Қазақ тілінің жұрнақтары жете тексерілген емес. Тұрлаусыз жұрнақтардың да түбір сөздің мағынасына дыбыстарына қарай, айрықша бір мәнісі болуы мүмкін, сондықтан түбірге тұрлаусыз мүше жалғағанда аса сақ болу керек. Қазақша түбір сөзге жұрнақ жалғап жаңа сөз шығарғанда – қолдан келгенше тұрлаулы жұрнақпен шығару керек; тұрлаусыз жұрнақтарды тексеріп сырын біліп алу керек» [73, 19]. Дегенмен, сала терминдерін жасайтын сөзжасамдық

жұрнақтардың қызметі біркелкі емес. Бір салада тұрлаулы, яғни өнімді болса, екінші салада сол жұрнақтар тұрлаусыз, яғни өнімсіз болуы ықтимал.

Тележурналистика саласының туынды терминдеріне жалғанған қосымшалардың санына қарай топтастырып көрейік (9-кесте):

Кесте 9. Біржұрнақты және көпжұрнақты терминдер кестесі.

БІРЖҰРНАҚТЫ	КӨПЖҰРНАҚТЫ
Түбірге бір ғана жұрнақ жалғануы арқылы жасалған туынды терминдер	Түбірге екі немесе одан да көп жұрнақ жалғану арқылы жасалған туынды терминдер
Тіл+ші Шол+у Секір+іс Бастыр+ма Жолақ+ша Жүйе+сіз Бей+жүйе Желі+лік Сын+шы Ұсын+тыс Кідір+іс Қара+лым Сарап+шы	Көр+ін+іс, тың+да+уыш, сыз+ық+тық, жаз+ыл+ман, көр+ер+мен, тіз+ім+де+ме, елік+те+ме Шығ(қ)+ар+ыл+ым, жүр+гіз+у+ші, жарық+тан+дыр+у, түс+ір+іл+ім, сыбыр+ла+у+шы Бей+тарап+тан+дыр+ғыш, жарық+тан+дыр+ыл+ғыш Сәуле+лен+дір+у+ші, Соғ(қ)+ыл+ма+лы+лық, Ауыс+тыр+ма+лы+лық Бей+тарап+тан+дыр+ғыш

Туынды термин жасаушы жұрнақтардың қолданысы бірдей болмағандықтан, тележурналистика саласының арнаулы лексикасын жасайтын қосымшаларды өнімді және өнімсіз сөзжасамдық жұрнақтар деп бөліп қарастыруға болады.

1) Телевизиялық журналистика терминдерін жасауға қатысатын өнімді жұрнақтар мыналар:

- шы, ші: сарап+шы, айту+шы, монтаж+шы, безендіру+ші, сын+шы, шығару+шы, дайындау+шы, сурет+ші, хабарлау+шы, шолу+шы, тіл+ші, бейне негіздеу+ші, бақас+шы, жүргізу+ші, нақыштау+шы және т.б. Көбіне медиа саласының мамандарына қатысты қолданылады.

- лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік: бұқара+лық, тығыз+дық, дыбыс+тық, ақпарат+тық, жарнама+лық, тілші+лік, эксклюзив+тік, панорама+лық, графика+лық, механика+лық, режиссер+лік, аутендал+дық, дубляж+дық, эфир+лік, бинар+лық, сценар+лық, кадр+лық, ассоциатив+тік, ақпаратты+лық және т.б. Бұл жұрнақ көп жағдайда шет тілден енген сөздерге жалғанып, анықтаушы қызметін атқарып, терминдік мәнді нақтылайды.

Зерттеу жұмысы аясында тележурналистика саласындағы тіркеспен келетін терминдердің қазақ тіліндегі баламаларына қатысты жүргізілген сауалнама негізінде жасалған сандық әрі сапалық талдау нәтижелері бойынша сөзжасамдық жұрнақтарға қатысты тың мәлімет ұсынылды. Бұл мәлімет

телевизиялық журналистика терминдерінің аналитикалық (синтаксистік) тәсіл арқылы жасалуына қатысты бөлімде кеңірек талданады.

Осы орайда -лы және -лық қосымшалар үсті-үстіне үстемеленіп қолданылып жүрген жағдайлар да жиі кездеседі: айқынды+лы+лық, ақпаратты+лы+лық және т.б. Осы ретте орыс тілінен тікелей калькалау арқылы жасалған осындай туынды түбірлер қатары көбейіп келе жатқаны алаңдатады.

Телевизиялық журналистика саласындағы іс-әрекет, үдеріс ұғымын білдіретін терминдер тұйық етістік формасында жиі ұшырасады. Көп жағдайда орыс тіліндегі к(а) және -изаци(я) қосымшалары арқылы берілген терминдер қазақ тілінде қимыл атау (-у) формасы көмегімен жасалған. Мәселен, кодтау – раскадровка, экрандау – экранизация, қайта өңдеу, жөндеу – переделка, безендіру, сәндеу – декорация және т.б. Терминдердің мәнмәтіндік қолданысына тоқталмай, тек тұйық етістік формасының негізгі ерекшелігін атап өтсек, ол – үдеріс ұғымының атауын білдіріп, заттық мәнде жұмсалатындығы. Мысалы, -у жұрнағымен жасалған төл терминдік атаулар мыналар: байқа+у, шол+у, зертте+у, хабарландыр+у, құлақтандыр+у, бейнеле+у, әңгімелес+у және т.б.

Қимыл-есімдерін жасайтын жұрнақ іс-әрекеттік нақты үдерісін білдірмей, тек оның атауы ретінде өте белсенді қолданылады. Сонымен қатар орыс тілі арқылы енген кірме сөздерге -да, -де, -ла, -ле, -та, -те жұрнақтарынан кейін жалғанып, терминдік мән үстейді: монтажда+у, гримде+у, цветокоррекцияла+у, баланста+у, диафрагмала+у, кодта+у, дифференцияла+у, трансляцияла+у, редакцияла+у, аккредитте+у және т.б.

-ыс/-іс: байлан+ыс, тапсыр+ыс, доғар+ыс, шағыл+ыс, тербел+іс, қозғал+ыс, көрін+іс, беріл+іс және т.б. Дерексіз ұғымды білдіретін қосымшаның тіркесімділік қабілеті артып келеді.

-ым/-ім/-м: теңгер+ім, түсір+ім, жалған+ым, тоқта+м, көрсетіл+ім, қайталан+ым, құрыл+ым, өн+ім, түзет+ім, түсіріл+ім, шегер+ім, ұйғар+ым, тарал+ым, келіс+ім және т.б.

-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: жікте+ме, талда+ма, талқыла+ма, сарапта+ма, жаз+ба, айыпта+ма, қондыр+ма, хабарла+ма, түсінікте+ме, анықта+ма және т.б.

Термин жасайтын өнімсіз жұрнақтар қатарына мыналар жатады:

-уыш/-уіш: айқында+уыш, өлше+уіш, тіре+уіш және т.б. Бұл жұрнақтың терминжасамдық қабілеті аз болып келеді. Бірен-саран терминдердің құрамында ғана кездесіп, дерексіз ұғымдарды білдіреді.

-шылық/-шілік: демеу+шілік, шығарма+шылық және т.б. Есімдерден зат есім тудыратын жұрнақтар салалық терминжасамда өнімсіз қосымшалар қатарында екенін байқадық. Жалпы, -шылық/-шілік қосымшалары – құрама жұрнақ: -шы/-ші және -лық/-лік сыңарларының бірігуінен жасалған. Тілімізде бұл екеуінің де сөзжасамдық қызметі жеке-жеке дербестенген, мотивациялаушы сөздің семантикасына қарай жеке-жеке тұрып та, туынды түбір зат атауын жасай алады.

Тілде дыбыстық вариантсыз, үнемі бір дыбыстық құрамда қолданылатын -хана жұрнағы арқылы жасалған терминдер де кездеседі: бейне+хана,

зерт+хана, шебер+хана, далап+хана және т.б. Алғашқы кезде біріккен сөздің бір сыңары ретінде қызмет атқарған бұл морфема, қазіргі уақытта қолданылыс өрісін кеңейтіп, өнімді жұрнаққа айналғанын аңғаруға болады. Бұл жұрнақтың ерекшелігіне қатысты «Қазақ грамматикасында»: «Иран тілдерінен ауысқан кірме жұрнақ. Олар да жеке сөз ретінде жұмсалып, «үй» деген мағына білдірген. Ал түрік тілдеріндегі статусы өзгерген, яғни ол жұрнақ сөзжасам жүйесінде қаралады. Ол -стан форманты сияқты, -хана формантының да фонетикалық варианты жоқ. Жоқ болатыны бұлар тектік сипаты жағынан жеке сөздер қатарына жатады», - делінеді [59, 302].

Сөзжасамдық жұрнақтардың бірі – -намаформанты. «Түрік тілдерінде, негізінен, сөзжасамдық қызметте қолданылатын -нама форманты – иран тілдерінде «жазу, кітап, шығарма» мағынасын білдіретін дербес лексема. Ол қазақ жазбаларында жұрнақ ретінде ХІХ ғасырдың бірінші жартысынан былай көріне бастады. Оның әдебиеттерде кеңірек етек ала түскен кезі – ХХ ғасырдың жиырмамыншы, отызыншы жылдары», – деп есептейді ғалымдар [59, 303]. Арнаулы салада осы сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған термин көп емес. Және оның бәрі бірдей белсенді қолданыла бермейді.

-намаформантынегізгі түбірдегі мағынасынан алшақтамай, сәл ғана қосымша мән үстеп тұр: жар+нама, із+нама, заң+нама, сұхбат+нама және т.б.

Жалпы, сөзжасамдық -лы/-лі/-ды/-ді/-ты/-ті жұрнағының қазақ тіліндегі ең бір өнімді, соншалықты және қолданымды жұрнақ екенін мына мысалдардан да көруге болады: жылжыма+лы, дуплекс+ті, дискрет+ті, дерек+ті, виртуал+ды, визуал+ды, жолақ+ты, балама+лы және т.б. Бұл жұрнаққа қатысты келесі бөлімнің сауалнама нәтижесінің сандық және сапалық талдауында толығырақ баяндалады.

Сөзжасамдық -қыш/-кіш/-ғыш/-гіш жұрнағы арқылы пайда болған етістік негізді туынды түбір зат атаулары тілімізде негізінен терминденген, яғни көпшілігі кеңес дәуірінен бері қарай терминдік мән алған сөздер деуге болады. Телевизия тарихымен байланысып жатқан саланың кәсіби лексикасына да елеулі әсер етті. Етістік негізге бұл -ғыш/-гіш жұрнағы жалғану арқылы жасалған туынды түбір зат атаулардың қатары көп болғанымен, кәсіби кеңістіктегі қолданысы ең жар екенін жоққа шығара алмаймыз. Айталық, зорайт+қыш, үлкейт+кіш, әсіреле+гіш, дірілдет+кіш, тарат+қыш, шағылдыр+ғыш, мін+гіш және т.б.

Шет тілдерінен енген терминдер түбір тұлғасын сақтай отырып, қазақ тілінің грамматикалық заңдылықтарына көбінесе бағына бермейді, еуропа тіліне тән аффикстер негізінен қазақ тілінде өнімсіз жұрнақтар болып есептеледі, тек еуропа тілдерінен енген сөздерге жалғанады.

Жалпы, сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануына байланысты қазақ тіліндегі терминдерді екіге бөліп қарастыруға болады:

1) «титан» терминдер (қазақ тілінің жұрнақтарын қабылдамайды): блог, анонс, бриф, кадр, титр, шоу және т.б.

2) «алтын» терминдер (қазақ тілінің жұрнақтары жалғана береді): монтаждық, эпизодтық, режиссерлік, бумшы, спектрлі, призмалы және т.б.

Дегенмен, жоғары келтірілген мысалдардағы қосымшалар қолданысы қазіргі тілдегі терминдердің ұғымдық дефинициясын ашып көрсете алмайтынын жоққа шығармаймыз. Терминнің негізгі қызметтерінің бірі – ақпарат беру болғанымен, қазақ тілінің үндестік заңына қайшы екенін анық, сондықтан термин табиғатына, салалық сөздіктерде қамтылуы мен кәсіби сала мамандарының қолданысына елеулі кедергісін тигізетіні сөзсіз, бір терминнің екі түрлі қосымшамен жарыса жұмсалып жүргені де (эксклюзивті – эксклюзивтік, призмалық – призмалы) нақтылай түседі.

Сонымен қатар қазақ тілінде -ция, -ация, изация жұрнақтарымен жасалған терминдер де жиі ұшырасады: трансформация, телекорпорация, монтаждық коррекция, телевизия, верификация және т.б.

Салалық термин жасаушы қосымшалар қатарында теле- (грек тіліндегі мағынасы – «алыс, алыстан» дегенді білдіреді) терминдік элементімен берілетін сөз жасаушы терминбөлшек өте белсенді қолданылады. Тележурналистика терминологиясының негізгі құрамын қалыптастырады десек те болады. Алғашында теле- терминбөлшегі тек телеграм, теледидар секілді жекелеген санаулы сөздерде кездесетін, кейін қолданыс аясы күрт кеңейіп, терминдер тізбегі шектен тыс көбейді. Мысалы: теледидар, телехабар, телекамера, телесұхбат, тележүргізуші, телестудия, телесабақ, телекөрермен, тележоба, телекөрініс, телеарна және т.б.

Терминдер кәсіби саладағы деректі және дерексіз ұғымдардың атауы ретінде заттық формада көрініс табады. Сондықтан ол қандай сөз табынан жасалса да, заттанады (субстантивтенеді). Сонымен морфологиялық жолмен жасалған тележурналистика терминдері қазіргі қазақ тіліндегі терминологиялық қордан маңызды орын алады. Демек, қосымшалар көмегімен сөз жасау тәсілі – терминшығармашылығының бірегей негізі, өнімді тәсілдердің көзі.

2.4 Тележурналистика терминологиялық жүйесіндегі күрделі терминдердің біріздендірілуі

Ұлттық терминологияның лингвистикалық проблемаларын зерттеу тіл білімінің ғана объектісі емес, жалпы ғылым мен білім беру тілін, техника мен технология тілін дамытудағы кезек күттірмейтін мәселе саналады. Ғылым саласы дамыған сайын онда қолданылатын тілдік бірліктердің күн санап көбейетіні – заңдылық. Себебі тілдегі термин – заттың атын ғана емес, ұғымның, процестің атауын білдірумен қатар, тілдің қоғамдағы қолданыс аясын көрсететін күрделі құбылыс, ғылым тілін дамытудың негізгі тетігі.

XX ғ. 20-30-жылдары қазақ тілінің ұлттық терминшығармашылығының қалыптасу кезеңі саналады. Ұлттық терминологияның іргетасын қалаушы – Ұлт көшбасшысы А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамбетұлы, Т. Шонанұлы, Ж. Аймауытұлы, Ж. Күдерин, С. Қожанұлы, Е. Омарұлы, Қ. Кеменгерұлы,

А. Мамытұлы және т.б. қазақ білімпаздарының жасаған терминдері мен ғылым салалары бойынша жазған және аударған еңбектері тіліміздің төл терминжасам кеңістігін қалыптастырды. Алайда Кеңес одағы кезеңінде «ортақ терминологиялық қор» қалыптастыру бағытындағы қасаң саяси қағида қазақ тілінің терминжасам жүйесін қасақана дағдарысқа ұшыратты. Бұл ойымызды филология ғылымдарының докторы, академик Ш. Құрманбайұлының мына сөзімен тұжырымдауға болады: «... Егер отызыншы жылдарға дейінгі алаш оқығандары секілді әр саланың терминдерін өз тілімізде жасауға үлкен мән беріп, бұл іске белсене араласып отырғанда қазір терминжасамның үлгілері орнығып, термин шығармашылығындағы төл тәжірибе мен ұлттық дәстүріміз қалыптасқан болар еді» [74, 19].

Кез келген мемлекеттің формациялық жүйесі оның саяси өміріне ғана емес, ұлт тілінің әлеуетіне де әсер ететіні белгілі. Сондықтан болар, социалистік-тоталитарлық жүйені бастан кешкен біздің елімізде күні бүгінге дейін ұлттық терминология тиісті деңгейде міндетін атқара алмай келеді. Мысалы, орыс тіліндегі терминдердің тұрпат межесі мен мазмұн межесін сақтап қолдану үшін аударма процесінде, оның ішінде терминжасамда көп жағдайда калька тәсілі (толық/жартылай) пайдаланылып келеді. Осы себепті ұлттық терминологиялық қорымызда ұлт тілінде жасалған терминдердің үлес салмағы әліге дейін аз болып отыр.

XX ғасырдың 90-жылдары, қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алғаннан кейін, қазақ терминологиясы жаңа бағытта дами бастағаны мәлім: терминдерді қазақшалау үдерісі күшейе түсті, ғылым салалары бойынша баламалы терминологиялық сөздіктер көптеп жарық көріп, терминология саласы лингвистикалық және салалық пәндердің ғылыми зерттеулерінің объектісі ретінде дами түсті.

Ұлттық тіліміздің төл сөздерін жаңғыртып, жаңа терминдік атау ретінде қолдану, туыстас түркі тілдерінің терминологиялық қорының озық тәжірибесін пайдалану, құрылымы бөлек тілдерден енген терминдерді қабылдау тәртібі, терминдердің танымдық-жұмсалымдық функциясының ғылыми негіздемесін жасау қазіргі кезеңдегі ұлттық терминологияның негізгі мәселелері саналады.

Қазіргі ақпараттық кеңістіктегі жаһандану үрдісінің, ғылыми-техникалық прогрестің ықпалына байланысты қазақ телевизиялық журналистика саласы күн өткен сайын кірме сөздермен, жаңа терминдермен толығып отыр. Мемлекеттік тілде хабар тарататын телевизия мамандары жұмыс барысында қолданатын жеке сөздерден тұратын терминдер былайша топтастырылады: а) орыс тіліне еуропа тілдерінен еніп, орыс тілінің заңдылығына сай қолданылған терминдер: титр, кран, студия, камера, сценарий, диафрагма, кадр, анонс және т.б.; ә) орыс тілінен еніп, орыс тілінің заңдылығына сай қолданылған терминдер: наезд, отъезд, подача, наушник, ушка, отводка, подводка және т.б.; б) орыс тілінен еніп, қазақ тілінің заңдылығына сай қолданылған терминдер: шәпкі, плашкі, перебибкі, ушкі және т.б.; в) қазақ тіліндегі баламасы бола тұра, қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқасы жарыса қолданылып жүрген терминдер: звук – дыбыс, подводка – кіріспе, отводка – шегініс, клип – бейнебаян, реклама

– жарнама, тема – тақырып және т.б.; г) гибрид терминдер: бейнематериал, бейнесюжет, видеобайланыс, бейнекамера, лайвтүсірілім, бейнеинженер және т.б. [6].

Тілші-ғалымдардың зерттеуінше, аналитикалық тәсілмен жасалған терминдер дара терминдерден әлдеқайда басым, мысалы, еуропа тілдері терминологиясының 95%-ын құрайды. Ғалым С.Исакова зерттеу жұмысында мынадай мәліметтер келтіреді: «Ағылшын тіліндегі сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдер жалпы терминологияның 70% көлемін құрайтынын дәлелдесе, ал орыс терминологиясындағы тіркесті терминдер терминологиялық қордың 77%-ын құрайды деп көрсетеді. Терминжасамда синтаксистік тәсіл өте белсенді түрде жұмсалады. Термин жасаудың бұл дәстүрлі тәсілі қазір де ең өнімді тәсілдердің бірі болып табылады» [75, 92]. Осы ретте қазақ телевизиялық журналистика саласының терминдік тіркестерінің қолданылу жиілігін, жасалу жолдарын, аудару барысындағы кемшіліктердің себептерін, балама нұсқаларын және т.б. айқындау зерттеуіміздің негізгі мақсаттарының бірі ретінде алынып отыр.

Телевизиялық журналистика саласында тіркеспен келетін терминдердің баламасын анықтау барысында синтез, индукция, дедукция, топтастыру, жүйелеу сияқты жалпылингвистикалық әдістермен қатар аудармадағы морфологиялық трансформация, лексикалық және морфологиялық калькалау тәрізді жекелеген әдіс-тәсілдер, сондай-ақ әлеуметтік лингвистиканың зерттеу тәсілінің бірі – сауалнама әдісі кеңінен қолданылып, оған қатысушылардың жауаптары жүйеленіп, кесте түрінде топтастырылды.

Зерттеу жұмысында тележурналистика саласындағы тіркеспен келетін терминдердің қазақ тіліндегі баламаларына қатысты жүргізілген анонимді сауалнамаға қатысқандар саны – 105 адам.

Сауалнамада, алдымен, респонденттердің шығармашылық жұмыс тілі, жынысы, жасы, білімі, аймақ-өңірі сұралды. Сауалнамаға, негізінен, «Қазақ журналистері» (256 адам) және «Түркітілдес журналистер қоры» (175 адам) ресми форум-чатының телевизия мамандары, «100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асырған «Ұлттық аударма бюросының» аудармашы-редакторлары, «Хабар», «КТК», «Қазақстан», «Первый канал Евразия» телеарналарының редактор-журналистері, «Ғылым ордасына» қарасты ғылыми институттардың қызметкерлері ерікті түрде қатысты.


Зерттеу жұмысы <https://docs.google.com/forms/d/1> онлайн-сервисінде ұйымдастырылып, 2022 жылғы 8 ақпан мен 30 мамыр аралығында өткізілді (16 апта).

Сауалнамада қойылған «Шығармашылық топтың жұмыс тілі қандай?» деген сауалға былайша жауап берілген: 91,4%-і – «қазақ тілі», 7,6%-і – «орыс тілі», 1%-і – «аралас». Сауалнаманың бұл тармағы осы мақаланың ғана емес, жалпы қоғамның кез келген саласындағы аса маңызды мәселе болып саналады. Өйткені қазақтілді аудиторияға контент-материал әзірлейтін сала мамандарының жұмыс тілі – ең негізгі көрсеткіш. Ұлттық терминология

мәселелерін тиімді шешу, ұйымдастыру-үйлестіру жұмыстарын жүйелеуде маңызды категория болып саналады (12-сурет).

Шығармашылық топтың жұмыс тілі қандай?

105 ответов




Сурет 12. Шығармашылық ұжымның жұмыс тілінің көрсеткіші.

Сауалнамадағы респонденттердің жас мөлшері жайлы тармақ Кеңес одағы кезеңінде білім алған мамандар мен Тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан ұрпақтың тілдік санасы мен көзқарасындағы айырмашылықты айқындау мақсатында қолданылды. Мысалы, 41% – 26-35 жас аралығы; 28,6% – 36-45 жас аралығы; 22,9% – 18-25 жас аралығы; қалғаны 56 жас және одан жоғары екенін байқауға болады (13-сурет).

Жасыңыз:

105 ответов




Сурет 13. Респонденттердің жас мөлшерінің көрсеткіші.

Үшінші сауал респонденттердің жынысына қатысты қойылды: 65,7% – әйел адам, ер адамдар үлесі – 34,3% (14-сурет).

Жынысыңыз:

105 ответов




Сурет 14. Респонденттердің жынысы бойынша көрсеткіш.

Сауалнамаға қатысқан азаматтардың 94,3%-ы – жоғары білімді болса, орта, орта кәсіптік білімі бар қатысушылардың көрсеткіші аз болды (15-сурет).

Біліміңіз:

105 ответов



Сурет 15. Респонденттердің білімі бойынша көрсеткіш.

Сауалнамаға қатысушылардың арасында Алматы, Астана және Шымкент қалаларында қызмет етіп жатқан мамандардың саны басымрақ болды. Оның себебі де белгілі: мәдени орта, қоғамдық қызмет және т.б. Сондай-ақ Атырау, Қызылорда, Павлодар, Талдықорған, Өскемен қалаларынан қатысушылардың да үлесі жоғары болды (16-сурет).

1	2	3	4
12	призматическая установка	Жоқ	призматикалық қондырғы
13	негативная пленка	негативтік таспа	негатив таспа
14	радиовещательное оборудование	Жоқ	радиохабар тарату қондырғысы
15	видеомонтажный комплекс	Жоқ	бейнемонтаж кешені
16	гибридная сеть	гибридті желі (будандасқан жүйе/желі)	гибридті желі
17	эфирные помехи	эфирлік (эфирдегі) бөгеуілдер	эфирдегі бөгеуілдер
18	нелинейный монтаж	Жоқ	жүйесіз монтаж
19	линейный монтаж	Жоқ	жүйелі монтаж
20	телевизионный эффект	Жоқ	теледидар әсері

Қандай да бір тілдегі терминді екінші тілге аудару үдерісінде аударатын (шығыс) тілдегі сөзжасамдық (терминжасамдық) тілдік бірліктің баламасы ретінде оның аударылатын (кіріс) тілдегі мағынасын беретін тілдік бірлік қолданылады. Мысалы, орыс тіліндегі «-н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы» үлгісімен келетін терминдер қазақ тіліне -лық және -лы қосымшасымен аударылып жүр. Төмендегі кестеде орыс тіліндегі аталған үлгімен келетін тіркесті терминдердің қазақ тіліндегі баламалары ретінде қосымшалардың қолданылу шкаласы көрсетілді (17-сурет).



Сурет 17. Орыс тіліндегі «-н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы» үлгісінің қазақ тіліне аударылуы

Сауалнама нәтижесінде алынған ақпаратқа (10-кесте) лингвистикалық талдау жасау барысында орыс тіліндегі «-н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы» үлгісімен келетін тіркесті терминдердің қазақ тіліне бірнеше нұсқада аударылатыны анықталды. Мысалы, сауалнамадағы «Рекламный текст. Қай нұсқаны қолданасыз?» деген сұраққа респонденттердің 76,2%-ы – «жарнама

мәтіні» нұсқасы деп жауап берсе, «жарнамалық мәтін» нұсқасын таңдағандар саны – 20% болды. «Termincom.kz» сайтындағы (<https://termincom.kz>, 2019) «Мәдениет және өнер» саласында «жарнамалық мәтін», ал «Экономика және қаржы» бөлімінде «жарнама мәтіні» деп аударылған. Сауалнама қорытындысы көрсеткеніндей, орыс тілінен калька тәсілімен аударылатын сөздерге жалғанатын өнімді жұрнақтардың бірі -лық/-лік қосымшасын «түсіріп» қолдану құбылысы жиілей бастаған және осыған байланысты уақыттың өтуімен «жарнама мәтін» нұсқасы басымдық алады деп ойлаймыз.

Осы ретте орыс тіліндегі «рекламный текст» тіркесті терминінің баламасы ретінде қазақ тележурналистикасында кеңінен қолданылып жүрген «жарнамалық мәтін», «жарнама мәтіні» және «жарнама мәтін» деген тіркесті терминдердің анықтамаларына назар аударайық.

«Жарнамалық мәтін (рекламный текст) – жарнамалық мәтінді тексеру кезінде көптеген қажетті деталі, фирмалық және тауарлық, кейде жарнамалық ұраны да жасырын ұсталады. Сондықтан да мәтінде қатысушылар жарнама фирмасы мен оның өнімін анықтауы тиіс» [9,261].

«Текст для рекламы (Рекламный текст)» – это текст, содержащий рекламную информацию, отличающийся следующими признаками: содержит информацию о физическом или юридическом лице; товарах, идеях и начинаниях; предназначен для определенного круга лиц; это не просто горка эпитетов, приправленных призывами к действию и ограничениями по времени. Хороший рекламный текст сродни гениально написанной картине – будет собирать вокруг себя толпы людей.» (<https://scienceforum.ru/2016/>).

«Жарнама мәтіні» тілдік құралдар арқылы да, вербалды емес құралдар арқылы да ұлттық мәдениеттің белгілерін көрсетуі қажет. Ал ұлттық мәдениеттің танылуы тілдің ұлттық белгілері: сөз қолдану, грамматикалық заңдылығы, нормалары игерілгенде көрінеді. Жарнама мәтіні ұлт тілімен, ұлттық мәдениетпен байланысты қалыптасатын жағдайда ғана, өзінің негізгі мақсатын атқара алады» (<https://massaget.kz/qaarc/qa/13058/>, 2015).

Берілген анықтамаларға сүйенсек, мынадай қорытынды жасауға болады:

1) Жарнамалық мәтін – тұтынушы назарына ұсынылмаған, концепция күйінде әзірленген жоба-үлгі. Мұндағы «жарнамалық» сөзі – «жарнама» зат есіміне -лық жұрнағын жалғау арқылы жасалған қатыстық сын есім, яғни «жарнамалық мәтін» тіркесті термині «жарнама жасауға арналған мәтін» деген мағына береді.

2) Жарнама мәтіні – концепция түрінде жасалған, барлық талаптар мен өтініштер қарастырылған, жұртшылық назарына ұсынылуға дайын мәтін үлгісі. Мұндағы «жарнама» сөзі, бір қарағанда, түбір тұлғалы зат есім сияқты көрінгенімен, мұндағы -ның ілік септігінің жалғауы нөлдік формада қолданылып, яғни «жасырын» қолданылып, тәуелдік тұлғалы «мәтіні» зат есімімен изафеттік тәсіл арқылы тіркескенде меншіктік қатынасты білдіреді, яғни «жарнама(-ның) мәтіні» тіркесті термині «жасалатын немесе жасалған жарнаманың мәтіні» деген мағына береді.

3) Жарнама мәтін – орфографиялық-стилистикалық тексерістен өткен, ел назарына ұсынылған, өнім түріндегі жария мәтін түрі. Мұнда «жарнама» түбір тұлғалы зат есім «мәтін» түбір тұлғалы зат есіммен қабыса байланысып, «жарнама мәтін» тіркесті термині біртұтас атауыштық терминге айналған.

Сондай-ақ тілімізде орыс тіліндегі терминдерді қазақ тіліне аудару барысында мұндай «үлгідегі» қолданыстардың жиілегенін айта кеткеніміз жөн. Мысалы, «призматическая установка» терминінің қазақ тіліне аударылып қолданылу сұлбасы мынадай: «призматикалық қондырғы» → «призмалық қондырғы» → «призмалы қондырғы» → «призма қондырғы» (18-сурет).



Сурет 18. Орыс тіліндегі «призматическая установка» терминінің қазақ тіліне аударылуы.

Орыс тіліндегі «призматическая установка» терминінің қазақ тіліне аударылған баламаларының мағынасын талдап көрейік: «призматикалық қондырғы» – орыс тіліндегі қосымшаларды қазақ тіліне калька тәсілімен аудару кезінде қателікке жол берілген, орыс тіліндегі сөздің түбірі – «призматика» емес, «призма»; «призмалық қондырғы» – призмаға қатысты (арналған) қондырғы; «призмалы қондырғы» – призмасы бар қондырғы (?); «призма қондырғы» – қондырылған призма (?).

Орыс тіліндегі «призматическая установка» терминіне мынадай анықтама беріледі: «угловая дисперсия спектральной призмы; установка формируемой диспергирующей призмой или призмной системой [12, 220]. Бұл тіркесті терминнің салалық анықтамасына сүйене отырып, орыс тіліндегі «призматическая установка» тіркесті терминінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде «призмалық қондырғы» тіркесті терминін қолданған дұрыс деп санаймыз.

Сөзжасамдық -лық/-лік және -лы/-лі формантының қатысуымен жасалған терминдік зат және сын атауларына көптеген мысал келтіруге болады: жарнамалық ролик – жарнама ролигі – жарнама ролик; эксклюзивтік ақпарат – эксклюзивті ақпарат – эксклюзив ақпарат және т.б.

Мұндағы орыс тіліндегі «рекламный ролик» тіркесті терминінің қазақ тіліне аударылған баламаларының мағынасын талдап көрейік: «жарнамалық ролик» – қандай да бір затты жарнамалауға арналған ролик; «жарнама ролигі» –

жасалатын немесе жасалған жарнаманың ролигі; «жарнама ролик» – жарнама ретінде қолданылатын ролик (біртұтас атауға айналған). Сондай-ақ орыс тіліндегі «эксклюзивная информация» тіркесті терминінің қазақ тіліне аударылған баламаларының мағынасы мынадай: «эксклюзивтік ақпарат» – қандай да бір ерекше әсер тудыруға арналған ақпарат; «эксклюзивті ақпарат» – қандай да бір ерекше, айрықша ақпарат; «эксклюзив ақпарат» – қандай да бір ерекше ақпаратқа берілетін біртұтас атау. Демек, орыс тіліндегі «рекламный ролик» тіркесті терминінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде қолданылып жүрген «жарнамалық ролик», «жарнама ролигі», «жарнама ролик», орыс тіліндегі «эксклюзивная информация» тіркесті терминінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде қолданылып жүрген «эксклюзивтік ақпарат», «эксклюзивті ақпарат», «эксклюзив ақпарат» тіркесті терминдерінің өз алдына жеке-жеке мағынасы болады.



Сурет 19. Орыс тіліндегі «эксклюзивная информация» тіркесті терминінің қазақ тіліне аударылуы.

Жоғарыдағы талдаулардан көріп отырғанымыздай, -лық/-лік және -лы/-лі қосымшасының термин жасауда өзіндік грамматикалық-семантикалық ерекшеліктері болады. Осы орайда «Қазақ грамматикасы» еңбегінде -лық/-лік және -лы/-лі форманттарының шығу тегі туралы айтылып, -лы/-лі жұрнағы -лық/-лік аффиксінің қысқартылған тұрпаты, фонетикалық дамуының нәтижесі ретінде қарастырылады [13, 232-347]. Демек, бұл жұрнақтардың күні бүгінге дейін белгілі бір деңгейде бірінің орнына бірі жұмсалып, терминдердің фонетикалық жарыспалы нұсқасының қалыптасуы әрі тарихи, әрі лингвистикалық-эволюциялық түрткіжайттардың (фактор) әсерінен болуы мүмкін деп тұжырымдауға негіз бар.

Сын атауларын жасайтын -лық/-лік және -лы/-лі сөзжасамдық форманттарының қатысты және сапалық сын есім жасайтын семантикалық сәйкестігімен қатар өзіндік сөзжасамдық және сөз түрлендіруші қызметінде ерекшеліктер болады. Мәселен, а) -лық/-лік аффиксі әрі сын есім, әрі зат есім жасауда ерекше белсенді болса, -лы/-лі жұрнағы сын есім ғана жасайды; ә) -лық/-лік жұрнағы арқылы жасалған қатыстық сын есім өзі анықтайтын зат

атауын өзінің «мағыналық құрамына сыйдырып», зат есімге айналады, мысалы, «адамдық» зат есімі «адамдық қасиет» сөз тіркесінің мағынасын білдіреді; б) -лы/-лі жұрнағы негізінен қатыстық сын есім тудырып, заттың белгісін, меншіктілігін, белгілі бір нәрсенің білдіреді; в) -лық/-лік және -лы/-лі жұрнақтары негізінен зат есімдерге жалғанып, сындық мағына тудырса, -лық/-лік жұрнағы сан есімге (жетілік, төрттік), -лы/-лі жұрнағы модаль сөзге жалғанып (керекті кісі) сындық мағына тудырады; г) -лы/-лі жұрнағы әсіресе тіл білімі терминдерін жасауда белсенді келеді: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем, лепті сөйлем, есімді тіркес, етістікті тіркес, тұрақты тіркес, түйдекті тіркес, дәстүрлі грамматика, функционалды грамматика, болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, сабақты етістік, шартты рай, дауысты дыбыстар, үнді дауыссыздар, үйірлі мүше, күрделі сөз, қанатты сөз, нүктелі үтір және т.б.; ғ) -лық/-лік қосымшасы мәнмәтіндік туынды формалар (кітаптық қағаз, көйлектік мата, үйлік ағаш, көрпелік мата, есіктік ағаш) туғызады; д) -лы/-лі қосымшасы кез келген зат есімге жалғанып, иелік, барлық мәнді сөйлеу формаларын (үйлі болу, кітапты болу, көйлекті болу, телефонды болу, сөмкелі адам, қызыл көйлекті қыз және т.б.) жасайды; е) -лы/-лі қосымшасы алдымен қатыстық сын есімдер жасайды да, мұндай қатыстық сын есімдер тілдің даму процесінде сапалық сындар қатарына өтеді (салмақты, тәрбиелі, мейірімді, көргенді, білімді), ал -лық/-лік қосымшасы арқылы жасалған қатыстық сын есімдер сапалық сынға өтпейді. Сонымен қатар -лық/-лік формантының бірде зат есім тудыру, бірде сын есім тудыру, тіпті, есімше тұлғаларынан кейін де жалғануы оның әмбебаптығын көрсетеді және -лық/-лік қосымшасы үстейтін мағына мәнмәтінге байланысты болады [14, 20-22]. Демек, -лық/-лік және -лы/-лі қосымшасы көпфункционалы қызмет атқарады: түбір сөз бен сөз формасына жалғанып, сөзжасамдық та, грамматикалық та мағыналар тудырады. Қолданыста бұл қосымшалардың сөз түрлендіруші, форма тудырушы қызметі басым келеді. Аталған -лық/-лік және -лы/-лі қосымшасының терминжасамдық қызметі осы жинақталып көрсетілген ерекшеліктеріне байланысты деп санаймыз.

Зерттеу барысында орыс тіліндегі «-н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы» үлгісінің қазақ тіліне -лау/-леу қосымшасымен аударылуы деректеріне көңіл бөлінді. Мысалы, орыс тіліндегі «монтажный лист» тіркесті термині қазақ тіліне «монтаждау парағы» → «монтаж парағы» → «монтажпарақ» түрінде аударылып қолданылады. Енді осы аударма нұсқаларының мағынасын талдап көрейік: «монтаждау парағы» – қандай да бір материалды монтаждауға арналған парақ; «монтаж парағы» – қандай да бір материалды монтаждау үшін қолданылатын парақ; «монтажпарақ» – қандай да бір материал монтаждалған парақтың атауы. Демек, орыс тіліндегі «монтажный лист» тіркесті терминінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде қолданылып жүрген «монтаждау парағы», «монтаж парағы», «монтажпарақ» тіркесті терминдері өз алдына жеке-жеке мағына береді.

Сонымен қатар орыс тіліндегі «монтажный лист» тіркесті термині қазақ тілінде «монтаж беті» және «монтаж парағы» деп аударылып, оларға мынадай

екі түрлі анықтама беріледі: «Монтаж беті – түсіріліп біткен және тираждауға дайын фильм мазмұнының қысқа әдеби жазбасы. Монтаж парағы – прокаттағы фильм көшірмесінің ілеспелі бақылау құжаты. Монтаж парағында алғашқы қатардан соңғы қатарға дейінгі кадрлар бойынша толық және дәл сипаттама болады және белгіленген форма бойынша жасалады: 1) монтаж жоспарының реттік нөмірі; 2) монтаж қатарының сипаттамасы мен мазмұны; 3) нақты сұхбат немесе жазбалардың мазмұны; 4) негізгі дыбыстық мазмұны; 5) монтаж қатарының бір кадрге дейінгі дәлдіктегі метражы; 6) жалпы метраж», – деп берілген [15, 118]. «Іс жүргізу және мұрағат ісі» саласында «монтаждау парағы» деп аударылған (<https://termincom.kz/search/?termin=%>, 2020). Негізі, «list» – тізім, «page» – парақ. Демек, «монтаж тізімі», яғни бейнематериалдардың орналасу тәртібі, реті» дегенді білдіреді. Сауалнама нәтижесі мынадай: 55,2% – «монтаж парағы» деп қолданады, 38,1% – «монтаждау парағы» дегенді белгілеген, қалған пайыздық үлес – «монтаждық парақ», «монтажпарақ», «әрлеу қағазы» нұсқаларына тиесілі.



Сурет 20. Орыс тіліндегі «монтажный лист» тіркесті терминінің қазақ тіліне аударылуы.

Жоғарыдағы талданған мысалдардан, бір жағынан, «жарнамалық мәтін» → «жарнама мәтіні» → «жарнама мәтін», «призматикалық қондырғы» → «призмалық қондырғы» → «призмалы қондырғы» → «призма қондырғы», «эксклюзивтік ақпарат» → «эксклюзивті ақпарат», «эксклюзив ақпарат»; «монтаждау парағы» → «монтаж парағы» → «монтажпарақ» қолданыстарының жеке-жеке мағыналық ерекшеліктері болатыны байқалса, екінші жағынан, бұл қолданыстарға тілдік үнем үдерісі әсер ететіні аңғарылады. Мұндай тілдік үнем үдерісі әсіресе матаса байланысқан тіркесті терминдерде байқалады. Мысалы, Жердің серігі → Жер серігі → жерсерік(<https://termincom.kz/sear>, 2015).

Зерттеу барысында орыс тіліндегі «-н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы» үлгісінің қазақ тіліне -дегі/-дағы қатыстық сын есім тудырушы жұрнақ ретінде

саналып жүрген қосымшамен аударылу деректері де кездесті. Мысалы, «эфирные помехи» терминдік тіркесі салалық терминологиялық сөздіктерде қазақ тіліне «эфирлік бөгеуілдер» және «эфирдегі бөгеуілдер» терминдік тіркесімен, сондай-ақ «эфирдің бөгеуілдері», «эфир бөгеуілі» деген нұсқада да аударылады. Біздің ойымызша, «эфирдегі бөгеуілдер» нұсқасы терминдік тіркестің анықтамасына сай келеді деп санаймыз.

Осы жерде -дегі/-дағы қосымшасын -де/-да жатыс септігінің тұлғасы, ал -гі/-ғы функционалды жұрнақ деп бөлетін көзқарасқа [16, 9] қосылатынымызды айта кеткіміз келеді.

Зерттеу барысында орыс тіліндегі «-ск- жұрнағы + -ий/-ая/-ое жалғауы» үлгісінің қазақ тіліне негізінен -лық/-лік қосымшасымен, сондай-ақ -лы/-лі жұрнағымен және нөлдік формамен аударылатыны анықталды. Мысалы, орыс тіліндегі «дикторский текст» тіркесті терминінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде «дикторлық мәтін» тіркесі бекітілсе, салалық терминологиялық сөздіктерде «диктор оқитын мәтін», «диктор мәтіні» сөз тіркестері қолданылады. Сондай-ақ «риторический запрос» – «шешендік сұрау», «ритмическая верстка» – «ырғақты верстка», «ромбическая антенна» – «ромбы антенна» және т.б. қолданыстары кездеседі [15].

Зерттеу барысында орыс тіліндегі «-ов- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы» үлгісінің қазақ тіліне әртүрлі тәсілдер арқылы аударылатынын байқадық. Мысалы, «закадровый текст» – «кадр сыртындағы мәтін», «внутрикадровый монтаж»—«кадр ішіндегі монтаждау», «кадрішілік монтаждау», «текстовая информация» – «мәтіндік ақпарат», «световая реклама» – «жарықты жарнама» және т.б.

Сауалнамада орыс тілінде «не- приставкасы + түбір + -н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы» үлгісімен келетін тіркесті терминдердің қазақ тіліне -сыз/-сіз қатыстық сын есім тудырушы жұрнағымен, сөз алдынан келетін бей-қосымшасымен, -лық/-лық қосымшасынан кейін емес болымсыз көмекші етістігінің келуімен аударылатыны анықталды. Мысалы, орыс тіліндегі «нелинейный монтаж» тіркесті термині қазақ тіліне «сызықтық емес монтаж», «бейсызық монтаж», «сызықсыз монтаж», «жүйесіз монтаж» түрінде аударылады.

Сауалнама нәтижесінде орыс тіліндегі тіркесті терминдерді қазақ тіліне аудару үдерісінде олардың құрамындағы жекелеген сөздердің (терминдердің) түрліше аударылатыны анықталды. Мысалы, «гибридная сеть» термині (толық атауы: гибриді талшықты-коаксиалды желі (HFC) 2019 жылы «гибриді желі» деп бекітілген. «Мәдениет және өнер» саласында «будандасқан жүйе (желі)» деген нұсқасы қолданылады. Дегенмен «гибриді желі» нұсқасы кең қолданыста екені байқалады: 55,2% респондент «гибриді желі» деп қолданады, ал 28,6% қатысушы «гибрид желі» дегенді таңдаған. Сауалнамада сондай-ақ «будандасқан желі», «будан желі», «аралас желі», «гибридік желі» деген ұсыныстар да кездеседі. Бірақ «гибрид» компонентінің қолданысы басым.

Сауалнамада берілген «негативная пленка» терминіне берілген «жағымсыз таспа» нұсқасын көпшілік қолдаған. Мұның себебі осы терминнің:

«инверттелген суретті бейнеге кескіннің реңкі мен түсі түпнұсқадағы реңкі пен түсіне қарама-қарсы берілетініне» деген анықтамасына байланысты болса керек. Нәтижеге назар салсақ, 36,2% маман «негатив таспа», 33,3% респондент «негативтік таспа», 23,8% қатысушы «негативті пленка» деп қолданған. Және «негатив үлдір» баламасы да қолданыста бар екенін байқауға болады. Бекітілген терминдер сайтында «негативтік таспа» баламасы бекітілген. Сондай-ақ «таспа» термині «лента» және «пленка» терминінің баламасы ретінде қолданылады. Осы ретте телевизиялық журналистика саласында жарыса қолданылып жүрген «пленка» терминін «үлдір», «лента» терминін «таспа» түрінде біріздендіру керек деп ойлаймыз.

Сонымен қатар «сценарный план» терминдік тіркесі «сценарлық жоба», «сценарий жобасы», «сценарийлік жоба», «жоба сценарийі» сөз тіркесімен; «петличный микрофон» терминдік тіркесі «ілгекті микрофон», «ілгек микрофон», «ілмек микрофон» сөз тіркесімен; «видеомонтажный комплекс» терминдік тіркесі «бейнемонтаж кешені», «видеомонтаждау кешені», «бейнеқұрастырылым кешені» сөз тіркесімен; «радиовещательное оборудование» терминдік тіркесі «радиохабар таралымы қондырғысы», «радиохабар тарату қондырғысы» сөз тіркесімен; «телевизионный рекламный налог» терминдік тіркесі «тележарнамадан алынатын салық», «тележарнама салығы», «тележарнамалық салық» сөз тіркесімен аударылған.

Сауалнамада берілген орыс тіліндегі «телевизионный эффект» тіркесті терминінің қазақ тіліндегі баламаларына былайша дауыс берілген: 50,5% – «теледидар әсері», 20% – «телеәсер», 12,4% – «теледидардың эффектісі». Сондай-ақ орыс тіліндегі «телевизионный эффект» тіркесті терминін қазақ тіліне аудару бойынша мынадай ұсыныс-пікір жазылған: «теледидардың әсерлілігі», «теледидар эффектісі», «теледидардың эффектісі», «телевизиялық эффект», «телевизия әсері», «теледидардың әсері», «телеэффект», «спецэффект».

Termincom.kz сайтында «телефотоэффект», «эффект телевидения» / «телевидениенің әсері» берілгенімен, «телевизионный эффект» нұсқасы көрсетілмеген. Соңғы кездері кірме сөздерді жартылай калькалау тәсілінде (өзге тілдегі сөз үлгісін жартылай игеру) теле- қосымшасы «телевизия» терминінің қысқартылған формасында, «телеарна, теледидар, телевизия» сөзімен алмастырылып, қолданылып жүр: телесабақ, телеұжым, телеэффект және т.б.

Қазақ тележурналистикасында қолданылып жүрген тіркесті терминдердің «Termincom.kz» электрондық базасында тіркелген, яғни Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен баламаларымен, салалық терминологиялық сөздіктерде берілген аудармаларымен сәйкес келмейтіндігін де жоққа шығара алмаймыз. Демек, сала мамандары мен тілші-ғалымдар бірлесе отырып, терминологиялық қорды ұлттық тіл негізінде қалыптастырмай, қазақ тілінің ғылым тіліне айналу әлеуеті ұзақ жылдарға жалғасуы мүмкін. Осы орайда тележурналистика терминологиясын біріздендіру маңыздылығы телевизия саласының көрермен

қауымның, яғни көпшіліктің санасына, танымына, ойлауына, тіліне, діліне ықпалымен айқындалады.

Қорыта айтқанда, орыс тіліндегі тіркесті терминдердің қазақ тіліндегі баламаларына қатысты мынадай мәселелер туындайды: 1) бір сөздің бірнеше нұсқада аударылуы («эффект» – «эффект», «әсерлілік», «әсер»; «нелинейный» – «сызықсыз», «жүйесіз», «гибрид» – «будандасқан», «будан», «аралас», «гибридтік», «пленка» – «таспа», «үлдір»); 2) орыс тіліндегі «-н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы» үлгісінің түрліше аударылуы: а) -лық/-лік жұрнағымен («рекламный текст» – «жарнамалық мәтін»); ә) -лы/-лі жұрнағымен («линейный монтаж» – «сызықты монтаж»); б) -лау/-леу қосымшасымен («монтажный лист» – «монтаждау парағы»); в) -дегі/-дағы қосымшасымен («эфирные помехи» – «эфирлік бөгеуілдер»); г) -дың/-дің ілік септік тұлғасымен («телевизионный эффект» – «теледидардың әсерлілігі»); ғ) ілік септік тұлғасының нөлдік формада қолданылуымен («рекламный ролик» – «жарнама ролигі»); 3) орыс тіліндегі «-ск- жұрнағы + -ий/-ая/-ое жалғауы» үлгісінің түрліше аударылуы: а) -лық/-лік жұрнағымен («дикторский текст» – «дикторлық мәтін»); ә) -лы/-лі жұрнағымен («ритмическая верстка» – «ырғақты верстка»); б) нөлдік формамен («ромбическая антенна» – «ромбы антенна»); в) сипаттамалы түрде («дикторский текст» – «диктор оқитын мәтін»); 4) орыс тіліндегі «-ов- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы» үлгісінің түрліше аударылуы: а) -лық/-лік жұрнағымен («текстовая информация» – «мәтіндік ақпарат»); ә) -лы/-лі жұрнағымен («световая реклама» – «жарықты жарнама»); б) сипаттамалы түрде («закадровый текст» – «кадр сыртындағы мәтін»); 5) орыс тіліндегі «не- приставкасы + түбір + -н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы» үлгісінің түрліше аударылуы: а) -сыз/-сіз қосымшасымен («нелинейный монтаж» – «сызықсыз монтаж»); ә) сөз алдынан келетін бей- қосымшасымен («нелинейный монтаж» – «бейсызық монтаж»); б) -лық/-лық жұрнағынан кейін емес болымсыз көмекші етістігінің келуімен («нелинейный монтаж» – «сызықтық емес монтаж»); б) тіркесті терминнің біріккен сөз ретінде аударылуы («монтажный лист» – «монтажпарақ»); 7) кейбір тіркесті терминдердің қысқарған формада қолданылуы («телевизионный эффект» – «телеәсер»); 8) сондай-ақ қазақ тіліндегі бір сөз орыс тіліндегі бірнеше сөздің баламасы ретінде қолданылады («таспа» – «лента», «пленка»); 9) орыс тіліндегі тіркесті термин қазақ тіліне әртүрлі қосымшалы тіркесті термин түрінде аударылғанда олардың әрқайсысының өзіндік жеке мағынасы болады (жарнамалық мәтін, жарнама мәтіні, жарнама мәтін), бұл қазақ тіліндегі қосымшалардың сөзжасамдық ерекшеліктеріне байланысты деп санаймыз.

3 ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ТЕРМИНДЕРІНІҢ БІРІЗДЕНДІРІЛГЕН «QAZTVTERMIN.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ СӨЗДІГІ

3.1 Электрондық терминографияның біріздендіру мәселесіндегі маңызы

Қазіргі лексикографияның кеңістігі айтарлықтай кеңейді және сөздіктерді компьютерлік технологиялар көмегімен құрастыру мен пайдаланудың әдіс-тәсілдері жетілдірілді. Қолданбалы лингвистиканың заманауи бағыты компьютерлік лексикография саласы күн санап дамып келеді. Негізгі мақсаты – сөздік жасаудың технологиясын тиімді ұйымдастыру. Компьютерлік лексикография ғасырдан ғасырға жалғасқан дәстүрлі қолжазбаларды, жазбаша түрде жеткен лексикографиялық тәжірибені сандық ақпараттық технологияға көшіру кезеңіндегі өзекті пән болып табылады. Ол сөздік жасау үшін мәтіндік ақпаратты өңдеудің бағдарламалық жасақтама құралдары мен әдістердің жиынтығына негізделген.

Терминологиялық мәліметтер базасын құру және электрондық сөздіктер жасау – қазіргі компьютерлік лексикографияның негізгі міндеттерінің бірі. Мұндай лексикографиялық ресурстар ең алдымен қызмет уақытының 30%-н терминологиялық жұмысқа арнайтын кәсіби сала мамандары үшін тиімді болмақ.

Қазіргі таңда электрондық сөздіктер отандық баспа өнімдерінің нарығында салыстырмалы түрде жаңа құбылыс болып саналады, күн өткен сайын нарықта пайдаланушылар тарапынан айрықша сұранысқа ие.

Ғылыми еңбектерде электрондық сөздік, компьютерлік сөздік және автоматты сөздік терминдері синоним ретінде жиі қолданылады. Ғалым Р.Мисактың айтуынша, «автоматты сөздік» және «электрондық сөздік» терминдер тең мағыналы, жалпы атау деп есептеп, ал компьютерлік сөздік олардың кіші түрлерінің бірі ретінде қарастырылады [76, 53].

Осы терминдермен белгіленген ұғымның анықтамасына тоқталатын болсақ, тілші-ғалымдар арасында пікір қайшылығы бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Мысалы, А. Барановтың пікірінше, «Автоматты сөздік – бұл пайдаланушының компьютерінде немесе мәтін өңдейтін компьютерлік бағдарламада қолдануға арналған арнайы машиналық форматтағы сөздік» [77, 52]. Ал Э. Карпиловскаяның зерттеуіне сүйенсек, «Компьютерлік сөздік – бұл процедура нәтижесін компьютер көмегімен іске асыратын сөздік» [78, 95]. Сондай-ақ Н.Сивакова электрондық сөздікті тізім, кесте, компьютер жадына орналастыруға ыңғайлы және автоматты өңдеу және толықтыру бағдарламаларымен қамтамасыз етілген кез келген тізім түрінде ұсынылған, реттелген, салыстырмалы түрде шектеулі лингвистикалық ақпарат жиынтығы ретінде қарастырады [79, 20]. Алайда ғалым В. Дубичинский автоматтандырылған жүйе жұмыс істейтін немесе оған сүйенетін салада ұғымдардың жинақталған және белгілі бір тәртіппен реттелген атаулары бар интеллектуалды мақсаттағы автоматтандырылған жүйенің бір бөлігін электронды сөздік деп атайды. Ғалымның пікірінше, электронды сөздіктерде

кестелер, семантикалық желілер түрінде жүйеленген және ұсынылған терминдер мен терминологиялық тіркестер жиынтығы болады деп санайды [80, 368]. Ал О. Фесенконың пайымдауынша, компьютерлік лексикография: 1) XX ғасырдың соңғы онжылдықтарында пайда болған және дәстүрлі (қағаз) сөздіктерді құрудан ақпараттық технологияларды – электрондық сөздіктерді, лингвистикалық талдау бағдарламаларын құруға арналған арнаулы компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып, олардың электрондық нұсқалары мен модификацияларына көшуді жүзеге асыруға арналған лексикографияның қолданбалы саласы мәтіндерді, лексикографиялық мәліметтер базасын және аударма жүйелерін өңдеу. Электрондық сөздік компьютерлік лексикографияның негізгі объектісіне айналады; 2) оқырманға электронды форматта қол жетімді сөздіктердің барлық жиынтығы [81, 29].

Электрондық сөздік – ыңғайлы іздеу жүйесімен жабдықталған қағаз түріндегі сөздіктің баламасы деген пікір кең таралған. Электрондық сөздік дәстүрлі «қағаз» сөздігіне сәйкес электрондық ақпарат көзі ретінде анықталады. Электрондық нұсқада кез келген бағдарламадан сөзді немесе сөздер тобын көрсету арқылы арнайы анықталған ақпарат сұралуы мүмкін, сондықтан бұл тиісті сөздіктің қажетті бөлігін визуализациялауға әкеледі. Дәстүрлі сөздіктерден айырмашылығы: электрондық сөздік мәтінмен және графикалық кескіндермен бірге бейне және анимациялық фрагменттерді, дыбысты, музыканы және т.б. қамтуы ықтимал, оны гипермәтін немесе гипермедиа негізінде жүзеге асыруға болады [82,81].

Зерттеуші В. Селегай электрондық сөздікті қағаз нұсқадағы сөздіктерде әртүрлі себептермен қамтылмаған идеяларды жүзеге асыратын лексикографиялық объект деп тұжырымдайды:

1) сөздік көлемі неғұрлым артқан сайын, оны қолдану соғұрлым қиын болады;

2) лексикалық мағыналардың сипаттамасы неғұрлым толық және терең болса, сөздік қазіргі тілдік және мәдени жағдайға байланысты қолданыс аясы тарылады;

3) сөздіктің лексикографиялық тұжырымдамасы неғұрлым қызықты болса, оның лексикалық базасы соғұрлым аз болады [83].

Зерттеушілердің бірқатары электронды сөздіктердің дәстүрлі қағаз үлгідегі сөздіктерден басты айырмашылығы ретінде оның шексіз көлемі мен қолжетімділігін, мәтінді толық қамту мүмкіндігін назарға алады.

Электрондық және қағаз түріндегі сөздіктердің арасындағы негізгі ерекшеліктерді анықтау үшін олардың макроқұрылымына (сөздіктің жалпы құрылымы, оның бөліктерінің мазмұны мен байланысы) және микроқұрылымына (жеке сөздік мақалаларының форматы және оларды толтыру сипаты) тоқталу шарт.

Сөздіктің макроқұрылымы лексиканы, сөздіктің көлемі мен сипатын, материалдың орналасу принциптерін анықтайды. Мысалы, В. Берков [84], А. Чепик [85] сынды зерттеушілердің сөзіне сүйенсек, электрондық сөздіктің макроқұрылымы жүйелі ретпен дәстүрлі сөздіктің макроқұрылымымен тығыз

байланысты, негізінен, алғы сөз, пайдалану ережелері, қысқартуларға қатысты мәліметтер тізбегі, корпус, грамматикалық талдаулар, дереккөздер тізімі және т.б. құрамдас бөліктерін қамтиды. Қағаз нұсқадағы сөздік осы құрамдас бөліктердің белгілі бір тәртіппен реттелуін қамтамасыз етсе, онда электронды сөздікте гипермәтіндік құрылымның арқасында олардың әрқайсысы пайдаланушының қалауы бойынша кез келген ретпен белсендірілуі мүмкін.

Электрондық сөздіктің микроқұрылымына қатысты сөздік мақаласының бөліктері арасындағы құрылымдық гипермәтінге негізделгенін ескеру маңызды. Сөздік мақалада элементтер арасындағы иерархиялық байланыстары бар нақты логикалық құрылым бар. Әрбір ақпараттық категория аймағы қатаң белгіленген. Сөздікті пайдаланушы қалаған параметр негізінде ақпаратқа сұраныс жібере алады, тиісті ақпараттың үзінділеріне қол жеткізе алады. Нақтырақ айтқанда, электрондық сөздік қажетті ақпаратты дер кезінде пайдаланушыға ыңғайлы формада ұсына алады, белгілі бір ақпаратты кедергісіз алуға мүмкіндік береді.

Компьютерлік технологиялар сөздіктің макро және микроқұрылымдық параметрлерін тиімді оңтайландырудың техникалық мүмкіндіктерін ұсынады: ақпаратты ұсынудың мәтін, дыбыс, графика, анимация формаларын біріктіру көмегімен сөздік мақалалардың көлемі мен құрамын кеңейту, мәліметтер базасын толықтыру және түзету мүмкіндігі, гипермәтіндік технологияларды қолдана отырып, ақпаратты аймақтарға бөлудің арқасында ақпаратты ұтымды құрылымдау жұмыстарын үйлестіреді.

Электрондық сөздіктер мақсаты мен құрылымына қарай түрліше топтастырылады. Зерттеуші Р. Мисак электронды сөздіктерді олардың тасымалдаушылары мен көбейту құралдары бойынша жіктеуді ұсына отырып, төмендегіше бөліп көрсетеді: 1) компьютерлік сөздіктер (стационарлық, тасымалдағыш, интернет-сөздіктер); 2) қалта сөздіктері; 3) мобильді сөздіктер [76, 53].

Электрондық сөздіктерді минималды аппараттық талаптар, бағдарламалық әзірлемелер ортасы, бағдарламалық жасақтама, орнату қажеттілігі, орындау әдісі, жүктеу әдісі, сөздік базаларының саны, қажетті жедел жад көлемі, сөздік қорын кеңейту мүмкіндігі, мультимедиялық объектілердің болуы, сөздік базаларын мәтіндік форматқа түрлендіру және т.б. арнаулы техникалық деңгейлер бойынша да жіктеуге болады. Десек те, ғалым А. Барановтың айтуынша, электронды (автоматты) сөздіктерге дәстүрлі қағаз үлгідегі сөздіктердің жіктеу параметрлерін қолдануға болады [86, 36]. Демек, электронды сөздіктерді энциклопедиялық, лингвистикалық, терминологиялық, аударма, түсіндірмелі, тезаурустық сөздіктер деп топтастыру тәжірибесі де қолданылады.

Қазіргі таңда көптеген желілік терминологиялық мәліметтер базасы жасалды. Әсіресе «Eurodicatoum», «IATE» (InterActive Terminology for Europe), EurTermBank, «TaaS» (Terminology as a Service), «LexSite», «ABBYY Lingvo», «Мультитран» және «Мультилекс» секілді мемлекеттік және корпоративтік сөздіктер нарықта айрықша сұранысқа ие болып саналады.

Компьютерлік лексикографияның басты объектісі – электронды сөздік, ол автоматты өңдеу мен толықтыру бағдарламаларымен жабдықталған электрондық тасымалдағыштардағы кез келген лексикографиялық зерттеуді қамтиды.

Аудармашылардың аударма барысында кездесетін қателіктерінің түрі мен көлеміне қарай, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі жаңа сөздерді сөздік пен анықтамалықтардан іздеу кезінде көп уақыт жұмсаудың салдарын жою мақсатында электрондық сөздіктерді құрастыру қажеттілігі туындады.

Ғалым Г. Мандрикова машиналық ақпараттық тасымалдағыш көмегімен жұмыс істейтін кез келген лексикографиялық еңбекті «компьютерлік сөздік» деп есептейді [87, 21].

Сонымен қатар ғылыми әдебиетте автоматты сөздік (Л. Беляева, А. Герд, Ю. Марчук), машиналық сөздік (Л. Нелюбин), электронды сөздік (В. Берков), цифрлы сөздік (О. Карпова) сынды бірнеше нұсқасы ұшырасады.

Табиғи тілдерді компьютерлік модельдеу және электрондық лексикография саласының маманы В. Селегей: «электрондық сөздік – ерекше мүмкіндікке ие лексикографиялық объект. Өйткені дәстүрлі қағаз үлгідегі сөздіктерге түрлі-түрлі себептермен еңбей қалған тың идеяларды жүзеге асыруға болады», – дей келе: «компьютерлік лексикография өзіндік әдіс-тәсілі қалыптасқан, мазмұны ерекше бағыттардың бірі», – деп тұжырымдайды [88].

Ғалым В.П. Берковтің зерттеуі бойынша ХХІ ғасырдың сөздігі төмендегідей талаптарға сай болғаны жөн деп есептейді:

1. Сөздіктің көлемі;
2. Пайдаланушыға тиісті ақпарат кез келген уақытта қолжетімділігі;
3. Сөздіктің қосымша аудио-бейне форматтағы мүмкіндігінің болуы;
4. Сөздікке енген сөздер жөнінде толық грамматикалық ақпарат беру және кең мазмұндағы мәліметтер қамтылған транскрипциялау мүмкіндігі;
5. Көрнекі-графикалық материалдарды қосу мүмкіндігі [89,35].

Соңғы жылдары сөздіктердің құрылымы мен қызметіне қарай электрондық және баспа сөздіктері болып екіге жіктеле бастады.

Сонымен электронды сөздіктер құрастыру – практикалық лексикографияның заман талабына сай белсенді дамып келе жатқан бағыты. Электрондық сөздік уақытты үнемдейді, мәліметтерді толықтыру, өзгерту мүмкіндігіне ие, ақпарат кеңістігі шексіз, бір уақытта сұралған ақпаратты іздеу жүйесі сөздік мақалалардың тақырыбын ғана емес, қағаз нұсқада қамтылмайтын ақпаратты кең көлемде беріп, сөзге қатысты барлық нәтижені бейнелеуге, дыбыстауға мүмкіндік береді, тілдік материалдарды сақтайды.

3.2 Телевизиялық журналистика терминдерінің электрондық сөздігінің техникалық сипаттамасы

Телевизиялық журналистика терминологиясы бірнеше кезеңнен тұратын арнаулы сөздік жасау үдерісі бойынша лексикографиялық негізде сипатталады. Сөздік жасау ісін біріздендіру әрі алгоритмдеу мәселелері жөніндегі ой-тұжырымдар А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов еңбектерінде алғаш рет айтылса,

кейін Ө. Айтбайұлы, Ш. Сарыбаев, Е. Әбдірәсілов, М. Малбақов зерттеулерінде жан-жақты қамтылды.

Тіл біліміндегі С. Гринев, А. Герд, К. Авербух, В. Дубичинский тәрізді ғалымдардың тұжырымдарына сүйенсек, сөздік құрастыру жұмысының алғашқы теориялық-сараптама кезеңіне: 1) зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми еңбектер, оқу құралдары, нормативтік құжаттар, ғылыми мақалалар; 2) сөздік пайдаланушылардың сұранысын зерттеу; 3) лексикографиялық дереккөздер, нақтырақ айтқанда, қолданыстағы екітілді, көптілді арнаулы сөздіктер жатады. Демек, ғылым саласындағы эволюцияның дамуы аталмыш білімнің берілу тәсілдерінің ілгерілеушілігіне тікелей тәуелді.

Терминографияның негізгі бөлігі сөздіктер екені даусыз, терминдерді жүйелейді, біріздендіреді, қолданысқа енгізу жұмыстарын да қамтиды. Тілші-ғалым Е. Әбдірәсілов «Қазақ терминографиясының тарихындағы «Алаш» кезеңі» еңбегінде: «Жаңа терминдердің берілуінде оқулықтар мен оқу құралдарының да терминографиядағы орнын ұмытпаған дұрыс. Оқулықтар – терминдерді салалық ғылыми жүйеге сәйкес реттеп көрсететін әрі оларды нақты ғылыми мәтін ішінде қолдана отырып сұрыптайтын терминографиялық еңбек. Мұндай оқулықтардың қатарына М. Дулатовтың «Есеп құралын» (Орынбор, 1918), К. Жәленовтың «Есеп тану» (Ташкент, 1923), Ж. Күдериннің «Өсімдіктану» (Қызылорда, 1927), С. Қожановтың «Есептану құралы» (Ташкент, 1924) т.б. еңбектерді атап, оларды алғашқы кезеңдегі терминографияның бірқатар қызметтерін атқарған жұмыстар ретінде тануға толық негіз бар», – деп ұлт тіліне енген терминсөздер мен атаулардың қалыптасуы кезеңінде сөздіктердің атқаратын рөлі мен маңызына тоқталады [90].

Компьютерлік технологияның үздіксіз дамуы электрондық сөздіктердің негізі саналатын компьютерлік немесе электрондық лексикографияның (computer-aided lexicography// electronic lexicography//e-lexicography) жеке сала болып қалыптасуына елеулі әсер еткені сөзсіз.

XXI ғасырдың соңғы онжылдығында лексикография саласындағы көптеген жаңалық заманауи сөздіктерді өзгеріске бейімдеді. Осыған байланысты тілші-ғалым С. Тарп былай дейді: «...жаңа технологияның енгізілуі лингвистикалық корпустарға түбегейлі өзгеріс әкелді. Лексикография саласындағы технологиялық жаңалықтың ықпалы сөздікті қолданушылардың бұрын-соңды болмаған қажеттіліктерін, өзгеше «тұтынушылық кеңістік ортасы» мен жаңа қиындықтарды туғызды...» [91,20]. Автордың пікірінше, жаңа ақпараттық парадигма сөздік құрастырушылардан материалдарды жаңадан әзірлеуді, лексикографиялық дереккөздерді құрастыру бойынша стратегияларды, ақпараттың мазмұнын және «digital native» – Интернет пайдаланушының «жаңа» түрімен өзара іс-қимыл жасау тәсілдерін қайта қарастыруды талап етеді. Демек, уақыт көшінен қалмас үшін лексикография дәстүрлі шеңбермен шектелмей, «ақпараттық ғылым» (informology немесе information science) болуы керек [92].

Қазіргі лексикография, негізінен, бір-бірімен ажырамас байланыстағы үш аспектіде қарастырылады: 1) ақпарат; 2) ақпараттың қолжетімділігі; 3) ақпаратты пайдаланушы. Жалпы, ақпарат лингвистикаға, пайдаланушы профилі әлеуметтануға, ақпараттық ресурстарға қолжетімділік ақпараттық ғылымдарға тікелей тәуелді болып саналады [93].

Ғалым О. Карпованың зерттеу нәтижесіне сүйенсек, лексикографиялық қызметті компьютерлендіру, ең алдымен, арнаулы тілдік қорларды құрудан, оларды қалыптастыру әдістерін әзірлеуден және пайдаланушыға ақпаратты жедел ұсынудан тұрады [94].

Корпустық лексикография – белгілі бір сақтау, алу немесе деректерді талдау кезеңдерінде компьютерді үнемі қолдана отырып, мәтіндік немесе акустикалық корпустарға негізделген тілді зерттеу саласы. Лингвистикалық ғылымды дамыту үшін корпустық лексикографияны білу орасан зор. Өйткені көптеген лингвистикалық зерттеулер бүгінде корпустық деректерге сүйене отырып жүргізіледі; тіл жүйесінің ғылыми сипаттамалары, сондай-ақ беделді академиялық сөздіктер осы тілдердің корпустары негізінде жасалады. Сонымен, Коллинздің танымал сөздіктер сериясы The Bank of English тілдік корпусына негізделген, Оксфорд университетінің баспасөзі сериясының лексикографиялық туындылары Британдық Ұлттық корпусқа, Лонгман сериясының сөздіктеріне негізделген. Longman Mini Concordances-те. Duden басылымының неміс тіліндегі сөздіктерінің негізінде мәтіндердің өзіндік корпусы, dwds сөздігі (das Digitale Wörterbuch der deutschen Sprache) неміс тілінің 15 корпусымен бірлесіп жұмыс істейді.

В. Букинаның айтуынша, тілдік «қоймалардың» деректерді жинау ісінде маңызы өте зор, себебі онда сақталған ағылшын тіліндегі мәліметтер сол тілде сөйлеушілердің сөздерді сөздерді қалай, қандай коннотацияда және қандай шектеулермен қолданатындығын түсінуге арналған нақты дәйектер болып табылады. Осылайша, олар британдықтардың ойлау, сөйлеу тәсіліне барынша жақындауға, сондай-ақ олардың тіл әлемін түсінуге ықпал ете алады [95].

Компьютерді тиімді пайдалануға қатысты пайда болған лексикографияның жаңа бағыты – кибернетикалық лексикография немесе киберлексикография деген атпен белгілі. Бұл термин, негізінен, «интернет – киберкеңістік» аналогиясы негізінде қалыптасып, ХХ ғасырдың соңында кеңінен таралды. Зерттеуші М. Карпова «киберлексикография» («cyberlexicography») терминін «Ғаламтор көмегімен сөздіктерді құрастыру немесе жасау» екенін атап өтеді [96].

«Электрондық сөздік» ұғымына нақты анықтама беру өте қиын. Компьютерлік технологиялар арқылы жасалған сөздіктерге қатысты ғылыми әдебиеттерде әртүрлі терминдер қолданылады: «машина сөздігі», «автоматты сөздік», «автоматтандырылған сөздік», «компьютерлік сөздік», «электрондық сөздік» және т.б. Сонымен қатар сантүрлі электронды лексикографиялық ресурстар бір-бірінен мазмұнымен ғана емес, құрылымымен, мақсатымен, техникалық нұсқаулықтарымен де айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін, сондықтан

оларды тек «электрондық сөздіктердің» санаты бойынша қарастырудың өзі күрделі мәселе екені белгілі.

«Электронды сөздік» терминін кең мағынада айтсақ, ол – бірқатар нақты құрылымдық ерекшеліктері бар арнаулы лексикографиялық объект. Ғалым Л. Нелюбиннің анықтамасына сүйенсек, «электрондық сөздік – бұл тізім, кесте немесе тізім түрінде ұсынылған, компьютердің жадына орналастыруға ыңғайлы және автоматты түрде өңдеу және толықтыру бағдарламаларымен жабдықталған кез келген реттелген, шектеулі лингвистикалық ақпарат массиві» [97]. Х. Несидің пайымынша, «электрондық сөздік» термині электронды түрде сақталған және сөздердің жазылуы, мағынасы немесе қолданылуы туралы ақпарат беретін кез келген анықтамалық материалға сілтеме жасау үшін пайдаланылуы мүмкін», – десе [97], Я. Первановтың зерттеуінше, «электрондық сөздіктер – электронды түрде оқуға арналған және электронды даму әлеуетке ие электрондық тасымалдағышқа сақталған қолданыстағы лингвистикалық «өнім» [98].

2013 жылы жарық көрген И. Сажениннің «Лексикографиядағы корпустық әдістер: Сөздік корпусының моделін құру тәжірибесі» атты еңбегінде [99] «электрондық сөздік» ұғымын анықтау мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерге талдау жасалады. Автор зерттеу жұмысында электронды түрдегі лексикографиялық объектілердің спектрі өте кең болғандықтан, ұғымды сипаттау үшін бірыңғай терминді таңдау қиын екенін, ал олардың қолданыстағы анықтамалары әлі де жеткіліксіз екеніне тоқталады. Дегенмен ғалым «электрондық сөздік» объектілерін сипаттайтын негізгі белгілерді анықтады. Оның айтуынша, электрондық-лексикографиялық ресурстар мазмұны бойынша екіге бөлінеді:

1) «дәстүрлі» негіздегі сөздіктер (бұрыннан бар, қалыптасқан материалдар бойынша);

2) жаңа мазмұнмен жасалатын сөздіктер.

Жалпы, электронды сөздіктерді пайдаланушы адамға бағытталған және машинаға арналған ресурстар болып екіге топтастыруға болады.

Пайдаланушы адамға бағытталған автоматтандырылған сөздіктер мен мәтінді бағдарламалық өңдеуге арналған автоматты сөздіктерді ажырату мәселесі қиындық тудырмайды. «Автоматты сөздік» дегеніміз – ғылыми-техникалық мәтіндерді өңдеуге арналған автоматты аударма сөздігі (APS). Мұндай сөздіктер лингвистикалық ақпараттың реттелген массиві бола отырып, мәтінді талдауға және автоматты түрде аударуға қажетті морфологиялық, синтаксистік және семантикалық сипаттамаларымен лексикалық бірліктерді (сөздер мен сөз тіркестерін) тіркейді және сақтайды [100].

А. Залевская да осы критерий бойынша сөздіктерді жіктегенімен, электрондық сөздіктің қызметіне қатысты былайша тұжырымдайды: «электрондық сөздіктер тек пайдаланушы адамға арналған, компьютерлік сөздіктер табиғи тілдердегі мәтіндермен жұмыс істейтін компьютерлік бағдарламаларға, оның ішінде машиналық аударма, автоматты реферат, ақпараттық іздеу жүйелеріне негізделген» [101,16]. Демек, автоматты сөздік –

машиналық форматтағы сөздік, ол пайдаланушымен де, компьютермен де жұмыс істеуге арналған. Осылайша, сұндай құралдар пайдаланушыға арналған автоматты сөздіктер мен мәтінді арнаулы бағдарламамен өңдеуге арналған автоматты сөздіктер болып ажыратылады. Пайдаланушыға арналған сөздіктер құрылымы, интерфейсі және басқа да бірқатар деңгейлер бойынша машиналық аударма жүйелерінен, автоматты рефераттау, ақпараттық іздеу жүйелерінен және т.б. айтарлықтай ерекшеленеді.

Бірқатар зерттеушілер үшін лексикалық-графикалық ресурстың электрондық немесе қағаз түріндегі үлгісі болуы сөздікті электронды (автоматты, автоматтандырылған) санатқа жатқызу үшін жеткілікті болып саналады, ал басқа зерттеушілер үшін бұл критерий аса маңызды емес, кейбір тілші-ғалымдар электронды лексикографиялық ресурстарды құрудың қолданыстағы тәсілдерін қайта қарастырып, оның электрондық нұсқадағы баспа түріндегі сөздіктің сөзтізбе және құрылымдық мазмұнын есепке алмауға тырысады. Электрондық сөздік – мүлдем жаңа принциптер бойынша құрастырылған жаңа ақпараттық технология өнімі. Ол баспа түріндегі сөздіктерде сан алуан себептермен талап етілмеген көптеген идеяны жүзеге асырып, қолданысқа енгізілуі мүмкін. Электрондық сөздіктің негізгі айырмашылығы тек гипермәтіндік сілтеме мен электрондық белгіленімде емес, қағаз беттер мен сөздік мақалалар орнындағы карталар мен терезелерде емес, тіл семантикасын лексикографиялық сипаттаудың жаңа тәсілінде анық көрінеді. Электрондық лексикографиялық ресурстарды іске асыруда жиі кездесетін мәселе – машинаның пайдаланушы талап еткен ақпараттық сұраныстарын табиғи тілдегідей дер кезінде ұсына алмауында. Бірақ бұл мәселе уақыт өткен сайын мәтіндердің корпусын жасайтын мамандардың көмегімен метабелгіленім сияқты құралдар арқылы біртіндеп шешімін тауып жатқанын айтуымыз керек.

Н. Nesi атты зерттеушінің айтуынша, қазіргі заманғы электрондық сөздіктер лингвистикалық білімнен тыс әртүрлі сипаттағы ақпаратқа қолжеткізуді қамтамасыз ететін ыңғайлы интерактивті жүйені ұсынады. Бұл – мультимедиялық мәліметтер базасы, барлық электронды ақпарат көзінің мүмкіндігі мен көлемін ұлғайтып, оларды тезаурус түріндегі депозитарийлерге біріктіреді, адамның ментальді лексикасындағы сөздер туралы ақпаратты сақтау тәсіліне барынша жақындатады. Бұл – өз кезегінде сөздік кітап нұсқасы ескіріп, заманауи жаңа «лексикографиялық құрал» үлгісіне ауысады деген сөз («lexicographic tool») үлгісіне ауысады деген сөз [102,841]. Алайда бұл тек жекелеген электрондық сөздіктер мәселесін қамтымауы тиіс деп ойлаймыз. Қазіргі уақытта әртүрлі ақпарат көздерін байланыстыратын кешенді электрондық-лексикографиялық ресурстар жүйесінің мазмұны мен маңызына басымдық бергені жөн деп есептейміз. Бұл, әрине, белгілі бір баспа немесе жүйенің өзі жасап шығарған сөздіктеріне (мәселен, Duden, DWDS, OWID және т.б.), не болмаса «YourDictionary.com», «Slovar-Vocab.com» секілді әртүрлі баспаның сөздіктеріне сілтеме жасауы мүмкін. Дегенмен автоматтандыру және гипермәтіндік жүйе заманауи электрондық сөздіктің бір-бірімен тығыз

байланыста жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, пайдаланушы тұлға тиісті ақпаратты ғана іздейтін электрондық басылымдарды дербес таңдауына ықпал етеді.

Осы орайда түрік тілін үйрету мен дамыту мақсатында құрылған «Türk Dil Kurumu» деп аталатын Түрік Республикасының Үкіметі жанындағы қоғамдық ұйымына тоқталғымыз келеді. Ол 1932 жылы 12 шілдеде Мұстафа Ататүріктің бұйрығымен «Түрік Дили Теткик Джемияети» деген атпен құрылды. Қоғамның негізін қалаушылар – депутаттар және сол кездегі белгілі әдебиет қайраткерлері болған: Самих Рифат, Рушен Эшреф, Джелал Сахир және Якуп Кадри. Мекеменің бірінші президенті – Самих Рифат. Түрік тілін зерттеу қоғамының мақсаты түрік тілінің сұлулығы мен байлығын ашып, оны әлем тілдері арасында құндылығына лайық биікке көтеру болып белгіленді. Қалыптасқан қоғам бұл мақсатын түрік тілін зерттеп, алынған нәтижелерді жариялау және қосу арқылы жүзеге асырады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай тәсілдер қолданылады:

- кездесу және ғылыми келіссөздер жүргізу;
- түрік тілін шығу тегіне, эволюциясына, қажеттілігіне қарай анықтап, құрастыру;
- түрік тілін үйренуге пайдалы құжаттар мен материалдар алу, еліміздің әр аймағындағы ескі кітаптар мен халықтың тілінен жинақтар жасау;
- қоғам жұмысының жемісін жан-жақты пысықтау.

Ататүрік көзі тірісінде 1932, 1934, 1936 жылдары өткен үш құрылтайда аталмыш мекеменің екі басшы органы да сайланып, тіл саясаты айқындалып, ғылыми еңбектер айтылып, талқыланды. 1932 жылы 26 қыркүйек пен 5 қазан аралығында Долмабахче сарайында өткен Бірінші Түрік тілі құрылтайының соңында мекеменің «Lügat-Istılah, Gramer-Syntax, Compilation, Linguistics» деген атаулармен оқуын жалғастыратыны қабылданды. Одан кейінгі съездерде бұл салалардың біразы бөлініп, біразы қайта қосылды; бірақ негізгі концепциясы өзгерген жоқ. 1934 жылы өткізілген құрылтайда қоғамның атауы «Түрік тілін зерттеу мекемесі» болып өзгертілді. 1936 жылы өткен конгресте «Түрік тілі» мекемесі болып жасақталды. «Түрік тіл ұйымының» сайтындағы соңғы мәліметке сүйенсек, қазіргі сөздікте шамамен 616 767 термин бар.



Сурет 21. «Türk Dil Kurumu» ұйымының ресми сайты.

Жоғарыда аталған электрондық платформа негізінде ғылыми-зерттеу жұмысы барысында жүргізілген сауалнамаға қатысушылардың ұсыныс-пікірлерін ескере отырып, отандық телевизиялық журналистика саласы бойынша кәсіби мамандарға арналған «Тележурналистика терминдері» атты онлайн форматтағы электрондық сөздіктің пилоттық жобасы жасалды. Қазіргі уақытта интернет кеңістігінде www.qaztvtermin.kz домені бойынша жұмыс істеп тұрғанын айтқымыз келеді.

Бүгінгі таңда елімізде электронды аударма сөздіктер көп болғанымен, олар жай реестрлік сипатта ғана көрініс тауып келеді. Салалық кәсіби бағыттағы сөздіктер сирек. Сонымен қатар белгілі бір кәсіби салаға бағытталған материалдардың электрондық базасы (ғылыми еңбектер, зерттеу жұмыстары, мақалалар, талқылау алаңы т.с.с.) ақпарат кеңістігінде айрықша сұранысқа ие. Жалпы, www.qaztvtermin.kz – телевизия саласы мамандарына, студенттерге, аудармашыларға, ғалымдарға, сала мамандарына, телевизия саласына қызығушылық танытқандарға арналған электрондық ресурс.

Электронды сөздіктің материалдары (термин, ұсыныс, жаңалық, емле) жүйелі түрде толықтырылып отырады.«Qaztvtermin.kz» электрондық ресурсы, негізінен, қазақ тіліндегі телевизия терминдер сөздігін құрайды. Сондай-ақ сайтта 1958 жылы басталған телеарна жұмыстарына қатысты күні бүгінге дейін жарияланған зерттеу еңбектері, фото/бейне мұрағат топтастырылған. Телевизия мамандарына арналған лингвистикалық материалдарды (пунктуация, орфография, сөз мәдениеті, стилистика және т.б.) қамтиды. Ең маңыздысы – телевизия журналистикасы мәселелеріне (кеңес беру, вакансия, шығармашылық ізденіс және т.б.) арналған талқылау алаңы ұйымдастырылған.

Электрондық сөздіктің сайтының бас беті қою көк және ашық көк түсті түрде безендірілген. Авторлық пилоттық жоба «CMS Wordpress» жүйесінде 1host.kz хостингі негізінде жасалған, сонымен қатар «Theme my login», «Polylang», «LocoTranslate» қосымша плагиндері қамтамасыз етеді.


Электрондық ресурстағы тиісті ақпараттарды сақтау, жинау және өңдеу үшін «MySQL»және«phpMyAdmin»дерекқоры қолданылған. Сайт мәліметтері кросс-платформалы түрде әзірленген, кез келген компьютерлік және мобильді браузерлерде ашық, қолжетімді әрі еркін түрде пайдалануға мүмкіндік береді.



Сурет 22.«Qaztvtermin.kz» электрондық ресурсының құрылымдық үлгісі.

Сайт телевизиялық журналистика саласына қатысты терминологиялық сөздіктермен қатар, аталмыш сала мамандарының лингвистикалық білімін арттыруға бағытталған сөздіктер (орфографиялық, ономастикалық және т.б.), ғылыми мақалалар, емле ережелері, анықтағыштар, жаңалықтар және т.б. ақпаратпен толықтырылып отырады. Сайтта тіркеу функциясы іске қосылған, логин парақшасы бар. Электрондық ресурс қазақ-кирилл және қазақ-латын графикасы негізіндегі жазу түрлеріне оңай көшіріледі. Яғни қосымша мәзірде жаңа ұлттық әліпби немесе қазіргі кирилл жазуы бойынша ауыстыру функциясы енгізілген.

Жалпы, электрондық сөздік сайты негізгі бет, терминдер, мұрағат, пайдалы әдебиет, форум, тіркелу бөліктерінен тұрады.



Сурет 23. Электрондық сөздіктің пилоттық жобасының скрині.

ҚОРЫТЫНДЫ

Салалық терминология ғылыми лексиканың негізгі қабаты болғандықтан, ол үнемі ғылым мен техниканың, экономика мен өндірістің дамуына қарай толығып отырады. Қоғамдағы әртүрді өзгерістер терминология саласына тікелей әсер етеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты қазақ телевизия журналистикасының терминдерін зерттеу және осы терминологияның мысалында терминдерді қалыптастырудың негізгі әдістерін сипаттау болды. Терминология – терминдер мен терминожүйелер туралы ғылым. Біз зерттеудің негізгі объектісі болып табылатын кәсіби сала терминдерінің қалыптасу заңдылықтарын, мағыналық табиғатын және оның грамматикалық ұйымдастырылуын зерделедік.

Тәуелсіз ғылыми пән ретінде терминтаным – дербес дамып келе жатқан жеке ғылыми бағыттардың синтезі. «Терминология» ұғымының кең таралған түсіндірмелерін қарастыра келе, терминология – арнайы кәсіби ұғымдарды білдіретін және ғылымның, техниканың әртүрлі салаларында қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығы.

Қазіргі уақытта «термин» ұғымының жалпыға ортақ, біріздендірілген анықтамасы жоқ. Біз өз зерттеуімізде осы мәселені бір қырынан қарастырып, сипаттауға тырыстық. Күні бүгінге дейін қарастырылған ғылыми еңбектерді саралай отырып, біз қарапайым терминдердің көпшілігі семантикалық жолдармен (сөз мағынасының кеңеюі-тарылуы, метонимия, метафора және т.б.) жасалатындығын анықтадық.

Шет тілдерден енген кірме лексемалар мен терминбөлшектер де терминшығармашылығының маңызды бөлігін құрайды. Терминологиялық лексиканы байытудың өнімді тәсілдері ретінде морфологиялық және синтаксистік сөзжасам тәсілдерін атауға болады. Бұл тәсіл қарапайым жалпыхалықтық сөз бен сөз тіркесінен бастап күрделі сөздердің «эквивалентіне» дейін қамтиды.

Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, қазақ тележурналистика саласының терминологиясының лексикалық қоры, негізінен, морфологиялық, синтаксистік тәсілдер көмегімен жасалған сөздер және кірме сөздердің есебінен толығып отырғанын анықтадық. Зерттеу жұмысында қарастырылған 1000 жуық терминдердің 26,2%-ы морфологиялық әдіспен қалыптасқан терминдер болып саналады. Осы мәліметтерге сүйене отырып, терминдердің пайда болуына морфологиялық-синтетикалық тәсілінің үлесі зор деп қорытынды жасауға болады. Ал синтаксистік тәсілмен жасалған терминдердің үлесі – 22,6%-ын құраса, кірме сөздердің пайыздық көрсеткіші 50,7%-ын құрайды.

Ғылыми-зерттеу жұмысында қазақ тіліндегі телевизиялық журналистиканың терминологиялық жүйесі лингвистикалық аспектіде кешенді түрде зерттеліп, оның тілдік табиғаты ашылып, негізгі терминологиялық бірліктері мен қоры анықталды, терминжасам жолдары белгіленіп, түрлері мен үлгілері айқындалды, даму, қалыптасу заңдылықтары дәлелденді.

Терминологиялық жүйенің тілді байытудағы атқаратын зор қызметі көрсетіліп, оның тілдік негізі көрсетілді.

Қазіргі уақытта қолданылып жүрген телевизиялық журналистика терминдерінің көпшілігі кеңес дәуіріндегі қалпын сақтап қолданылып жүр деуге болады.

Халықаралық терминдер, шет тілден ұлт тілінің заңдылықтарына икемделген немесе калька тәсілі арқылы жасалған тілдік бірліктер терминологиялық қорды байытудың бір үлгісі болғанымен, кәсіби сала терминдерін қалыптастыруда ең алдымен төл тілдің лексикалық байлығын барынша сарқа пайдаланудың маңызы зор.

Телевизиялық журналистика саласы терминдерінің пайда болуы мен, қалыптасуы, сондай-ақ даму үдерістерін, оның лексикалық құрамы мен ерекшеліктерін, жасалу жолдарын анықтап, терминдерді біркелкілікке, бір формаға немесе жүйеге келтіруге талпыныс зерттеу жұмысының негізгі мақсаты болғандықтан, ізденіс барысында қазақ тіліндегі тележурналистика терминдерінің шығу көздері айқындалды, тәжірибе жұмыстары көмегімен телевизиялық журналистика терминдерінің саны мен сапасы анықталды, телевизиялық журналистика сала терминдерінің негізгі терминжасам тәсілдері талданып, лексикалық құрамы, грамматикалық құрылымы сараланды, қазақ тіліндегі телевизиялық журналистика терминдеріне негізделген электрондық сөздік әзірленіп, оның құрылымы мен маңызы тілтанымдық тұрғыда талдау жүргізілді. Қазақ телевизиялық журналистика саласының терминдік тіркестерінің қолданылу жиілігі, жасалу жолдары, аудару барысындағы кемшіліктердің себептері, балама нұсқалары зерделеніп, зерттеуіміздің негізгі мақсаттарына қол жеткізілді.

Телевизиялық журналистика саласы қоғаммен бірге үздіксіз дамып отыратын, жаһандану үдерісімен тығыз байланысты. Ақпараттық кеңістікте пайда болған ақпараттық-инновациялық өзгерістерге байланысты салалық терминологиялық қор ұдайы толығып, дамып отырады. Уақыт межесі мен технология талабына қарай саладағы терминологиялық мәселелер бірте-бірте шешімін тауып, кезең-кезеңмен жүйелі түрде жүзеге асатыны сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әміров Ә. Қазақ баспасөзінің 1990-2000 жылдар аралығында терминология қалыптастырудағы рөлі. Филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2002. – 116 б.
- 2 Ахманова О. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1966. – 607 с.
- 3 Прохорова В. Актуальные проблемы современной русской лексикологии. – М.: Издательство МГУ, 1973. – 401 с.
- 4 Ушаков Д. Толковый словарь русского языка. Т. IY-752. – М.: Астрель, 2000. – 689 с.
- 5 Суперанская А., Подольская Н., Васильева Н. Общая терминология // Вопросы теорий. – М.: Наука, 1989. – 243 с.
- 6 Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2017. – 752 б.
- 7 Қазақша-орысша тілмаш (1925) // Басқарушы: Қ.Кемеңгерұлы. – Астана: Келешек-Пресс, 2005. – 288 б.
- 8 Атаулар сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 184 б.
- 9 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 362 б.
- 10 Schuster, V.M. (2019). «The contribution of terminology research to the understanding of science communication». Science Communication, Berlin, Boston: De Gruyter Mouton. – P.167-186.
- 11 Rokhlina, E., Abramova, E. (2019). Problems and prospects of systematization of general scientific terminology. Bulletin of the Cherepovets State University, 2. – P.173-185.
- 12 Usmonov, Y., Usmonova, Z. (2020). The role and importance of terminology in the study of specialized language. International journal on economics, finance and sustainable development ISSN (Electronic): 2620-6269/ ISSN (printed): 2615-4021. – P.19-23.
- 13 Жонкешов Б., Үдербаев А. География саласындағы қазақ тілінің баламасыз терминдері / ҚазҰУ Хабаршысы. – №4 (180), 2020. – 30-36бб.
- 14 Қалиұлы Б. Қазақша термин жасау мәселесі // Терминологиялық хабаршы. – №1 (49), 2014. – 12-17бб.
- 15 Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 240 б.
- 16 Масғұтов С. Көгілдір экран – өмір айнасы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 131 б.
- 17 Барманкулов М. Телевидение: деньги или власть? – Алматы: Санат, 1997. – 268 с.
- 18 Тұрсын Қ. Қазақ тележурналистикасы: қалыптасу, даму проблемалары. – 2-басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 356 б.
- 19 Масғұтов С. Телевизиялық журналистика негіздеріне кіріспе. – Алматы, 1975. – 110 б.

- 20 Волхонский В. Проблемы терминологии телевизионных систем наблюдения // Алгоритм безопасности. – №1, 2006. – С.34-36.
- 21 Тұрсын Қ., Нұсқабайұлы Ж. Теледидар сөздігі – тележурналист анықтамалығы: Оқу құралы. – Алматы: «Білім», 2001. – 380 б.
- 22 Новикова Е.Г., Петраков А.В., Рабовский С.В. Бизнес – Безопасность – Телекоммуникации. Терминологический словарь. – М.: Радио и связь, 2001. – 304 с.
- 23 Малишевский Е. О некоторых проблемах терминологии в цифровом телевизионном вещании // Информационные телекоммуникационные сети. – №9, 2009. – С. 32-33.
- 24 Mass media және телекоммуникация терминдерінің қазақша-орысша-ағылшынша анықтамалық сөздігі. Казахско-русско-английский справочный словарь терминов. Mass media и телекоммуникаций. Kazakh-russian-english references glossary. Mass media and telecommunications. Редактор-құраст.: Қ. Тұрсын – Алматы, «Қазақэнциклопедиясы» баспасы, 2015. – 632 б.
- 25 Қалиұлы Б. Қазақша термин жасау мәселесі және оны қалыптастырудағы БАҚ-тың рөлі. Қазақ терминологиясы және Бұқаралық ақпарат құралдары // Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана, 2003. – 128-б.
- 26 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1966. – 570 с.
- 27 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: «Сардар», 2014. – 928 б.
- 28 Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1968.
- 29 Гак В.Г. Сравнительная типология французского и русского языков. – М.: Просвещение, 1989. – 288 с.
- 30 Филин Ф.П. Очерки по теории языкознания. – М.: Наука, 1982. – 336 с.
- 31 Медеубекұлы С. Ұлттық журналистиканың төл аталымдары, 2019, Retrieved from <https://anatili.kazgazeta.kz/news/38222>.
- 32 Медеубекұлы С. Қазақ журналистикасының төл аталымдары, 2010, Retrieved from <https://turkystan.kz/article/52210>.
- 33 Қалиұлы Б. Қазақша термин жасау мәселесі // Терминологиялық хабаршы. – №1 (49), 2014. – 12-17бб.
- 34 Масғұтов С. Көгілдір экран – өмір айнасы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 131 б.
- 35 Қабылғазы К. Телерадиожурналистика: теория, тәжірибе, түйін. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 210 б.
- 36 Тұрсын Қ. Қазақ тележурналистикасы: қалыптасу, даму проблемалары. – 2-басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 356 б.
- 37 Ибраева Г. Методы исследования журналистики. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 294 с.

38 Әбжанов Қ. Экран тілінің эволюциясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 114 б.

39 Тұрсын Қ., Нұсқабайұлы Ж. Теледидар сөздігі – тележурналист анықтамалығы. – Алматы: «Білім», 2001. – 380 б.

40 Баймолда М., Ахмет Р. Жаңа медиа терминдерін қазақшалау мәселесі // Отандық және шетелдік кітаптану, кітап шығару, кітап тарату істерінің теориясы мен тәжірибелері: мәселелері, ізденістері мен шешімдері: ғыл.-тәжірибелік конф. материалдары (7-8 желтоқсан 2012 ж.). – Алматы, 2013. – 30 б.

41 Азаматова А. Метаязык лингвистика: монография / [отв. ред. Э.Д. Сулейменова]. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 307 с.

42 Ахметбекова А. Лексикографические и метатекстовые характеристики терминологической дефиниции: монография. – Павлодар: Кереку, 2018. – 129 с.

43 Сиротинина А.Ю. Специфика состава молодой терминосистемы на примере терминологии перфузиологии // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Лингвистика. – 2017. – № 4. – С. 24-34.

44 Баймолда М., Ахмет Р. Жаңа медиа терминдерін қазақшалау мәселесі // Отандық және шетелдік кітаптану, кітап шығару, кітап тарату істерінің теориясы мен тәжірибелері: мәселелері, ізденістері мен шешімдері: ғыл.-тәжірибелік конф. материалдары (7-8 желтоқсан 2012 ж.). – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 27-30-бб.

45 Әбдірәсілов Е. Қазақ тіліндегі техникалық терминдердің жасалымы // Терминологиялық хабаршы. – №1, 2014. – 38-42бб.

46 Құрманбайұлы Ш. Терминологияны қалыптастырудағы қазақ баспасөзінің орны // Ана тілі, 2003. – №45/№46. – 6б.

47 Жонкешов Б. Латын әліпбиіне көшу – уақыт талабы // *Jas Qazaq*, 2018. – №41 (717). – 5 б.

48 Aritayi L. M. The Analysis of English loan words used by information and technology writers in thesis abstracts // *jshJurnalSosialHumaniora*, 2014. – Vol. 7, №1. – P. 252.

49 Durkin P. Borrowed Words: A History of Loanwords in English // *International Journal of Lexicography*. 2014. – Vol. 27, №4. – P. 457-466.

50 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. – 400 с.

51 Исхан Б. Халықаралық терминдерді қазақшалаудың оңтайлы да оңай жолы // Терминологиялық хабаршы. – №1 (47), 2014. – 42-54бб.

52 Липилина О. Англицизмы или русские слова, заимствованные из английского. – 2014. Режим доступа: URL: <https://www.study.ru/article/lexicology/anglicizmy-ili-zaimstvovaniya/> (дата обращения 20.1.2022)

53 Виноградов В.В. Русский язык. – М.-Л., Уч.педгиз, 1947. – 784 с.

54 Даниленко В.П. Русская терминология (опыт лингвистического описания). – М.: Наука, 1977. – 246 с.

- 55Гринев-Гриневиц С.В. Терминоведение – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 304 с.
- 56Варандеев А.В. Основы научной терминологии. Уч.пос. – М.: Мир книги, 1993. – 92 с.
- 57 Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдері.Филол.ғыл.канд. ...дис. – Алматы, 2000. – 128 бет.
- 58Лейчик В.М. О языковом субстрате термина // Вопросы языкознания. 1986, №5. – С. 87-97.
- 59Реформатский А.А. Что такое термин и терминология // Вопросы терминологии. – М., 1961. – С. 46-54
- 60Никитина С.Е. Семантический анализ языка науки. –М., Наука, 1987. – 141 с.
- 61 Мазуренко П.А. «Основные способы терминообразования в терминологии», 2017, электрондық ресурс: <http://elar.uspu.ru/bitstream/uspu>)
- 62 ИвановВ.В.Терминология и заимствования в современном китайском языке.–М.,1973.–136 с.
- 63 Фролова О.П.Словообразование в терминологической лексике современного китайского языка.–М.,1981.–237с.
- 64 Суперанская А.В. Терминология и номенклатура //Проблематика определенийтерминоввсловаряхразныхтипов.– Л.,1976.
- 65 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том /Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011.
- 66 Жұбанов Қ. О специфике слов терминов. Приципы терминологии. (Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер). – Алматы, 1966. – 359 б.
- 67 Сауранбаев Н. Қазақ тіл білімінің проблемалары. Таңдамалы еңбектерінің жинағы. Қазақ тілі лексикасының кейбір мәселелері. – Алматы, 1982. – 351 б.
- 68Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, Фонетика. – Алматы, 1962. – 314 б.
- 69Қалиұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2004. – 151 б.
- 70 Балақаев М. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1968. – 239 б.
- 71 Каһраман М. Түріктер терминді қалай жасайды?//«Ана тілі» газеті, №35, 2008. – 5б.
- 72 Омарұлы Б. Атау сөзге арналды//«Ана тілі» газеті, 2003 жылғы 13 қараша, №45. – 6б.
- 73 Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Орынбор, 1925. – 18-20 бб.
- 74 Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі.Филол.ғыл.докт. ... дис. – Алматы, 1998. – 250 б.
- 75 Исақова С. Қазақ терминтанымның когнитивтік-прагматикалық аспектісі (қоғамдық ғылымдар терминдері негізінде).Филол.ғыл.докт. ... дис. – Астана, 2008. – 354 бет.
- 76 Мисак Р. Комп'ютерні словники: класифікація та укладання // Проблеми української термінології: зб. наук. праць. – 2008. – С. 52-55.

- 77 Баранов А.Н. Введение в прикладную лингвистику: учеб. пособие.— М.: Эдиториал УРСС, 2001. — 360 с.
- 78 Карпіловська Є.А. Вступ до прикладної лінгвістики: комп'ютерна лінгвістика: Підручник / Є.А. Карпіловська. — Донецьк: ТОВ “ Юго-Восток, Лтд”, 2006. — 188 с.
- 79 Сивакова Н.А. Лексикографическое описание английских и русских фитонимов в электронном глоссарии. Автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.02.21. — Тюмень, 2004. — 25 с.
- 80 Дубичинский В.В. Лексикография русского языка: учеб. пособие. — М.: Наука: Флинта, 2008. — 432с.
- 81 Фесенко О.П. Компьютерная лексикография: программные средства и продукту научной отрасли [Электронный ресурс] // Инновационное образование и экономика. — №15, 2014. — С. 28-30. URL: <http://elibrary.ru/item.asp?id=21950987>.
- 82 Толковый словарь терминов понятийного аппарата информатизации образования / Сост. И.В. Роберт, Т.А. Лавина. — М.: ИИО РАО, 2009. — 96 с.
- 83 Селегей В. Электронные словари и компьютерная лексикография // Ассоциация лексикографов Lingvo. — 2003. — URL: http://www.lingvoda.ru/transforum/articles/selegey_a1.asp.
- 84 Берков В.П. Двухязычная лексикография. — СПб.: СПУ, 1996. — 248 с.
- 85 Чепик Е.Ю. Компьютерная лексикография как одно из направлений современной прикладной лингвистики // Ученые записки ТНУ. — Симферополь. 2006. — Т.19 (58). — №2: Филология. — С. 274-280.
- 86 Баранов А.Н. Введение в прикладную лингвистику: учеб. пособие. — М.: Эдиториал УРСС, 2001. — 360 с.
- 87 Карпова О.М. Библиографический указатель «Словари современного английского языка». — Спб., 2002. — 24 с.
- 88 Селегей В.П. Электронные словари и компьютерная лексикография [Электронный ресурс]. <https://www.elibrary.ru/item.asp>, 2023.
- 89 Берков В.П. Двухязычная лексикография. — СПб.: СПУ, 1996. — 248 с.
- 90 Әбдірәсілов Е. Қазақ терминографиясының тарихындағы «Алаш» кезеңі [Электронный ресурс]. <http://www.zox.kz/load>, 2022
- 91 Tarp S. Beyond Lexicography: New Visions and Challenges in the Information Age // H. Bergenholtz, S. Nielsen & S. Tarp (eds.) Lexicography at a Crossroads: Dictionaries and Encyclopedias Today, Lexicographical Tools Tomorrow.— Bern : Peter Lang, 2009. — P. 17-32.
- 92 Bergenholtz H., Theo J. D. Bothma. Needs-adapted Data Presentation in e-Information Tools. [Electronic resource]. URL: <http://books9.org/h/henning-bergenholtz-s45/>
- 93 Голубкова Е.Е. Новый облик современной лексикографии: будет ли существовать словарь через 20 лет? [Электронный ресурс] // Вестник Московского государственного лингвистического университета. — №20, 2014. — С.73-80.

- 94 Карпова О.М. Методические рекомендации к спецкурсу «Проблемы современной лексикографии». – Иваново, 2002. [Электронный ресурс]. URL: <http://w3.ivano-vo.ac.ru/win1251/proect/karpova/elslovari.pdf>
- 95 Букина В.А. Современная английская лексикография // Вестник Ленинградского государственного университета им. А.С. Пушкина. – 2014. – №4. – Том1. [Электронный ресурс]. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/sovremennaya-angliyskaya>
- 96 Карпова О.М. Методические рекомендации к спецкурсу «Проблемы современной лексикографии». – Иваново, 2002. [Электронный ресурс]. URL: <http://w3.ivano-vo.ac.ru/win1251/proect/karpova/elslovari.pdf>
- 97 Нелюбин Л.П. Перевод и прикладная лингвистика. – М.: Высшая школа, 1983. – 208 с.
- 98 Перванов Я.А. Заметки по электронной лексикографии. [Электронный ресурс]. URL: <http://arxiv.org/pdf/1107.1753.pdf>
- 99 Саженин И.И. Корпусные методы в лексикографии: опыт создания модели словарного корпуса. Автореферат дис.... канд. филол. наук. – Новосибирск, 2013. – 24 с.
- 100 Беляева Л.Н. Потенциал автоматизированной лексикографии и прикладная лингвистика // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – 2010. – №134. [Электронный ресурс]. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/potentsial-avtomatizirovannoy>
- 101 Залевская А.А. Информационные технологии в лингвистике: практикум для студентов 1 курса. 3-е изд., испр. – Тверь: Твер. гос. ун-т, 2015. – 28 с.
- 102 Nesi H. Electronic Dictionaries in Second Language Vocabulary Comprehension and Acquisition: the State of the Art // Proceedings of the Ninth EURALEX International Congress, EURALEX 2000: Stuttgart, Germany, August 8th-12th. 2000. – P. 839-847.
- 103 Фотоника: Словарь терминов // Т.Е. Ковалевская, В.Н. Овсяк, В.М. Белоконев, Е.В. Дегтярев. Под ред. В.Н. Овсяка. – Новосибирск: Издательство СО РАН, 2004. – 342 с.
- 104 Жаңабекова А. Функционалды қосымшалар: Монография. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2016. – 112 б.
- 105 Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі қызметтік морфемалар сөздігі. – Алматы, 1992. – 44 б.
- 106 Казахстанские термины телекоммуникации: Современное состояние и перспективы развития / Б.Б. Агатаева // Білім – Образование. – 2007. – №3 – С. 121-124.
- 107 Алқалы жиын атау сөзге арналды: [«Қазақ терминологиясы және БАҚ» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік мәслихатта жасалған баяндамалардың бірқатары берілген] // Ана тілі. – 2003. 20 қараша (№46). – 6-7 бб.

108 Ахаева М.С. Компьютерлік терминдердің әлеуметтік өзгерістерге тәуелділігі // Тіл және менталдылық: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 75 жылдығына арналған XII Халықаралық ғыл.-теориялық конф.материалдар жинағы. Аханов тағылымы – Сб.материалов XII международ.науч.-теорет.конф. посвящ.75-летию КазНУ имени Аль-Фараби. Ахановские чтения (14-15 мая 2009 г.) / Науч.ред. Э.Д.Сулейменова. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 216-220бб.

109 Әбдірәсілов Е. Салалық терминдер мен жалпы ғылыми терминдердің электрондық жиынтығын жасау қажеттілігі // Терминологиялық хабаршы. – 2009. – №2. – 18-24 бб.

110 Ұлттық термин қалыптастыру уақыты жеткен мәселе/ Е.Әбдірәсілов // Егемен Қазақстан. – 2002. – 15 ақпан (№34-35). – 4 б.

111 Әміров Ә. А.Байтұрсынұлы және термин жасау мәселесі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2009. – №3. – 115-117бб.

112 Қалиұлы Б. Қазақша терминді қайтсек жақсы жасаймыз? //Ана тілі. – 2010. –11-18 наурыз (№10). – 4 б.

113 Қоңырбеков Т.О. Компьютерлік терминологияны аудару тәсілдері // Тіл-мәдениет – коммуникация: зерттеудің жаңа жолдары, мәселелері мен аспектілері = Язык – культура – коммуникация: современные подходы, проблемы и аспекты изучения: Респ.ғыл.-практ.конф.материалдары = Материалы респ.науч.-практ.конф. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 97-99-бб.

114 Мендебаев Т. Технологиялық пән терминдері немесе қысқарған сөздер сөздігінің қажеттілігі// Ана тілі. – 2001. – 16 тамыз (№33). – 3б.

115 Ордабаев Е. Техникалық терминдерді қалай қазақшалаймыз? // Ана тілі. –1994. 1 қыркүйек (№35). – 7б.

116 Уркумбай Е.Е. К вопросу об особенностях развития терминологии компьютерной техники на современном этапе // Наука.Образование.Молодежь: материалы респ.международ.науч.-практ.конф.молодых ученых (25-26 апреля 2019 г.). – Алматы, 2019. – С.337-339.

117 Велиева М.А. Термины международных информационных ресурсов в прессе и нормы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2018. №3. – С. 96-101.

118 Зулпыхарова И.К., Бессчетнова Л.В. Особенности терминообразования в сфере технологического оборудования // Наука и Образование. Молодежь: материалы респуб.науч.-практ. конф.молодых ученых (26-27 апреля 2018 г.). – Алматы, 2018. – С. 361-362.

119 Рапишева Ж.Д., Жүнісова М.Қ., Сейдахметова З.Қ. Терминологиялық лексиканың бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылу ерекшеліктері // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2015. – №2. – 9-14-бб.

120 Қалиұлы Б. Қазақша термин жасау мәселесі // Терминологиялық хабаршы. – 2014. – № 1. – 12-17бб.

121 Әбдірәсілов Е. Қазақ тіліндегі техникалық терминдердің жасалымы // Терминологиялық хабаршы. – 2014.– № 1. – 38-42бб.

- 122 Исхан Б. «Халықаралық терминдерді» қазақшалаудың оңтайлы да оңай жолы // Терминологиялық хабаршы. – 2014. – №1 (47). – 43-54-бб.
- 123 Құрманбайұлы Ш. Терминологияны қалыптастырудағы қазақ баспасөзінің орны // Ана тілі.– №45/№46, 2003. – 6б.
- 124 Құдайбергенов Р. Техникалық терминдер сөздігі: 50 000 жуық термин. Төрт бөлім. – Астана: «Таймас» баспа үйі, 2009. – 616 б.
- 125 Насыритдинова Ә.Н. Техникалық терминологиядағы омоним-терминдер және олардың қолданыс ерекшеліктері // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2015. – №2. –15-20бб.
- 126 Рапишева Ж. Терминологиялық лексиканың бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылу ерекшеліктері // Қарағанды университетінің хабаршысы.– Филология сериясы, 2015.
- 127 Рапишева Ж. Халықаралық терминдердің қазіргі қазақ тілінде берілу тәсілдері мен жолдары// Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2014. – №1. – 52-56бб.
- 128 Попов В.Н. Словарь в компьютере. – М.: 1992. – 23 с.
- 129 Синклер Айен. Словарь компьютерных терминов: русско-английский, англо-русский толковый словарь. – М.: Вече, АСТ., 1996. – 448 с.
- 130 Словарь по информатике. – Минск, 1991.
- 131 Словарь радиолобителя. – Ленинград: Энергия, 1972. – 616 с.
- 132 Словарь терминов по физике. – Баку: Элм, 1986. – 110 с.
- 133 Бензарь В.К. Словарь справочник по электротехнике, промышленной электронике и автоматике. – Минск: Высшая школа, 1980. – 192 с.
- 134 Әбдіжәділқызы Ж. Тележурналистика /Мәтін/: Оқу құралы.– Алматы:Қазақ университеті, 2018. – 154 б.
- 135 Есенбекова Ұ.М. Тележурналистика: телехабар жасау технологиясы /Мәтін/: Оқулық. – Алматы: Дәуір, 2011. – 219 б.
- 136 Әбжанов Қ. Экран тілінің эволюциясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 114 б.
- 137 Қазіргі қазақ журналистикасының өзекті мәселелері мен даму тенденциялары: ұлттық мүдде, ақпараттық қауіпсіздік, кәсіби ұшқырлық. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 82 б.
- 138 Бектаев Қ. Үлкен қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік. – Алматы: «Алтын қазына», 1999. – 704 б.
- 139 Тулупов В.В., Колосов А.А., Цуканова М.М., Сапунов В.И., Бобряшов А.А. Техника и технология СМИ: печать, радио, телевидение, интернет. Учебник /Под ред.: В.В.Тулупова – Спб.: Издательство Михайлова В.А., 2008. – 320 с.
- 140 Ибраева Г.Ж. Методы исследования журналистики: Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 294 с.
- 141 Козыбаев С.К. Гордое имя – журналист. Авторская серия «Отечественная журналистика». Книга седьмая. – Алматы: «Алматыкітап» баспасы, 2012. – 576 с.

- 142 Ибраева Г. Зарубежная журналистика: Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 350 с.
- 143 Barlybayeva S. Kh. Technology of preparation of TV programs: educational manual. – Almaty: Qazaq university, 2018. – 121p.
- 144 Barlybayeva S., Mukanova G. Digital journalism: monograph. – Almaty: Qazaq university, 2018. – 163 p.
- 145 Barlybayeva S. TV and radio journalism: educational manual. – Almaty: Qazaq university, 2019. – 164p.
- 146 Sultanbayeva G.S. Intellectual capital as the basis of knowledge society development: monograph. – Almaty: Almaty: Qazaq university, 2018. – 176p.
